



РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ

**ТАҢДАУЛЫ
СЦЕНАРИЙЛЕР
ИЗБРАННЫЕ
СЦЕНАРИИ**

АТЫРАУ-2021

АТЫРАУ-2021

Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@

ЖОБАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚІТАПХАНАСЫНАН



Академик Зейнолла Қабдолов
Атындағы қор

Фонд имени академика
Зейноллы Кабдолова



РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВ

ТАҢДАУЛЫ СЦЕНАРИЙЛЕР ИЗБРАННЫЕ СЦЕНАРИИ

ИЗ ЭЛЕКТРОННОЙ БИБЛИОТЕКИ ПРОЕКТА

Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@

АТЫРАУ-2021

Бұл кітап екі тілдегі сценариаларының жинағын қамтиды. Ол сондай-ақ тілтану, лингвистика, этика, қосымша оқу құралы болып табылады. Екі тілде құрастырылған бұл кітап оқырмандардың қазақ және орыс тілдерін салыстырмалы түрде үйренуіне көмектеседі.

Сонымен бірге кітаптың жастар тәрбиесінде маңызы жоғары: патриоттық-отансүйгіштік рухты оятуға, олардың бойында қайсар мінезді қалыптастыруға, әділеттілікке және демократиялық көзқарастардың дамуына қызмет етеді.

Кітап үлгісі электрондық оқулықтарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды. Аталған кітап тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде таратылады.

Оқулықты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2021» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық коллегия: М.М. Әуезов, Б. Қарашин. Бас редактор, корректор және аудармашы – Б.Қарашин. Суретші: Мария Кель. Беттеу, дизайн - Аждар Жұлдыз

Данная книга представляет собой сборник сценариев на 2-х языках. Она также является дополнительным учебным пособием по языкознанию, лингвистике, этике. Двухязычная книга составлена таким образом, чтобы читатели могли сравнительным способом изучать одновременно и казахский, и русский языки.

Она также несёт огромный воспитательный заряд для молодёжи, её формирования и развития в духе героизма и патриотизма, демократизма и интернационализма.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы. Книга распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях.

Скачивание бесплатное.

Книга издана на спонсорские средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2021». Она предназначена для широкого круга читателей, изучающих казахский язык.

Редакционная коллегия: М.М. Ауэзов, Б. Карашин. Главный редактор, корректор и переводчик – Б. Карашин. Художник и дизайнер: Мария Кель. Верстка: Аждар Улдуз

Актриса

Екі бөлім, төрт көріністі комедия

Қатысатын кейіпкерлер:

Театр директоры
Бас режиссер
Гоголь
Қызтуған – актриса
Арон Арысович – Подколесин
Галя, Таня, Даша мен Маша – актрисалар
I жігіт – Яичница
II жігіт – Жевакин
Театр директорының әйелі
Театр сыншысы
Олеся – киім цехының меңгерушісі

Мұнымен қоса шал, жігіт, бала және көпшілік сахна қатысады.

Бірінші бөлім, бірінші көрініс

Сахна ашылғанда бір шеттен басында қалпағы, үстінде плащы, қолында таяғы бар Гоголь шығады. Ойлана басып кеп ортаға тұрады.

Гоголь – (залға қарап) Аса мәртебелі ханымдар мен мырзалар! Сіздердің де үйленгілеріңіз келе ме? (қалпағын қолына алып, бас шайқайды. Маңдай терін сүртеді) Оңай шаруа емес! (шығып кетеді. Сахна айналғанда төрт гримерный көрініс береді. Орталары тізеден келер жабындымен бөлінген. Төрт айна, стол, орындық тұр. Төрт актриса айнаға қарап, опа-далаптанып отыр. Бұлар: Галя, Таня, Даша мен Маша. Қимылдары кербез, сүйкімді. Сахна сыртынан: «Галя, жаным, қайдасың?» - деген жігіт даусы естіледі).

Актриса

Комедия из двух частей и четырёх актов

Действующие лица:

Директор театра
Главный режиссер
Гоголь
Кызтуған – актриса
Арон Арысович – Подколесин
Галя, Таня, Даша, Маша – актрисы
I-ый парень – Яичница
II-ой парень – Жевакин
III-ий парень
Жена директора театра
Театральный критик
Олеся – заведующая костюмерным цехом

Кроме того, на сцене участвуют пожилой профессор, мальчик, массовка

Часть первая. Акт первый

Открывается занавес, в цилиндре и плаще, с тростью в руках появляется Гоголь. Ступая задумчиво, останавливается в центре сцены.

Гоголь – (осматривая зал) Глубокоуважаемые дамы и господа! Вы тоже желаете вступить в брак? (сняв цилиндр, покачивает головой. Вытирает пот со лба) Нелёгкое это дело! (уходит. Сцена поворачивается, показываются четыре гримёрных отсека, они огорожены друг от друга занавесями до высоты колен. Четыре зеркала, столики, стулья. Четыре актрисы, смотрясь в зеркала, гримируются, накладывают румяна. Движения изящны, привлекательны. Из-за сцены раздаётся юношеский голос: Галя, душа моя, где ты?)

I жігіт – (қуанышты, аптығып кіреді) Галя, жаным, қайдасың? (шеткі орындықтағы Галя елеңдеп ұшып тұрады).

Галя – Ой, мені іздеп жүр ме? (жігітті көріп қарсы жүгіреді) Қашан келдің?

I жігіт – (құшағына көмкеріп) Жаңа ғана. Самолеттен түскен бетім. (сүйіп) Сағындым.

Галя – Мен де...

I жігіт – Күн жарқырап тұр. Кеттік қыдырайық. Мұндай ауа райында жалғыз отыру азап емес пе, жаным?

Галя – Кеттік. (екеуі шығып кетеді. Артынша сахнаның қарсы бетінен еңтігіп және бір жігіт келеді)

II жігіт – Таня, таңсығым менің!

Таня – (отырған қалпы айнаға қарап назданып) Конеч-но!

II жігіт – (қызды көтеріп алып алдына отырғызып) Кетейікші, екеуміз қол ұстасып. Көз көрмес, қол жетпес жерге.

Таня – Қайда? Қай құрлыққа?

II жігіт – Мәселен, Қара теңізге. Жо-жоқ, Жерорта теңізі. (қызды ұмар-жұмар құшақтап) Буырқанған теңіз толқындарымен арпалысып... Жанталасып, жағаласып, рахатқа батып... (бұлар осылай бір-бірін қызықтай берсін, осы кезде гүл құшақтаған үшінші жігіт сахнаға енеді)

III жігіт – Даша! Сүйіктім менің!

Даша – (ұшып тұрып) Даусыңнан сенің! Тура жез қоңыраудай. Сыңғыр-сыңғыр етеді.

I-ый парень – (вбегает радостный, запыхавшийся) Галя, душечка, где ты? (с крайнего стула, озираясь по сторонам, вскакивает Галя).

Галя – Ой, меня ищут? (увидев парня, бежит навстречу) Когда прибыл?

I-ый парень – (обнимая) Только что сошёл с самолёта. (Целуя): Соскучился.

Галя – Я тоже

I-ый парень – На улице солнечная погода. Идём, погуляем. Разве сидеть одной в такую погоду не муки, душа моя?

Галя – Пошли. (уходят вдвоём. Тут же с другой стороны сцены вбегает запыхавшись ещё один парень).

II-ой парень – Таня, радость моя!

Таня – (сидя, кокетливо смотрясь в зеркало) Конеч-но!

II-ой парень – (приподняв и посадив девушку на колени) Давай уедем вдвоём, взявшись за руки. Туда, куда не достанет взгляд, не дойдут руки.

Таня – Куда? На какой материк?

II-ой парень – Например, на Чёрное море. Нет-нет, на Средиземное море. (крепко обнимая девушку) Столкнувшись с бушующими морскими волнами... (пока они воркуют, лаская друг друга, на сцене с букетом цветов появляется 3-тий парень)

III-тий парень – Даша! Любимая моя!

Даша – (вскакивая) О, мой любимый голосочек, звенит, словно медный колокольчик!

III жігіт – (қолтықтап) Қойшы, шын ба?

Даша – Шын сөзім. (қиялданып) Естігенде бар ғой, бүкіл тұла бойым жыбырлап кетеді.

III жігіт – (көзін ойнатып) Жыбыр-лап!

Даша – Ой-бай, (аузын басып) мен не дедім. Жыбырлап емес, шымыр-лап! Түсінесің ғой, шымыр-лап.

III жігіт – Дәурен мектепте ме?

Даша – (еркелеп) Иә. Өзінді папа дегісі кеп жүр. (жалғыз отырып қалған Маша болса елеңдеп жан-жағына қарағыштайды. Осы кезде сахнаның бір шетінен басында ақ қалпағы бар бір шалдау кісі Машаға бір қарап жоғалып, тағы бір қарап жоғалып сығалап бітеді.

Маша- (мұңайып) Кәрі профессор... Соңымнан қалар емес. Менің теңім осы болғаны ма? Тіпті ернің шүртейтіп (көрсетеді) сү-йем, дейді.

Сахна айналғанда театр директорының кабинеті көрінеді. Қарсы алдындағы орындықта бас режиссер отыр. Осы кезде телефон шырылдайды. Театр директоры тұтқаны көтереді)

Театр директоры –

Алле, иә, театр директоры. (маңғаз) Сол өзі. (елпілдеп ұшып тұрады) Мәдениет министрлігінен... Сәлематсыз... Апыр-ай, сіз телефон соғады деп кім ойлаған. Аманбыз. Иә, алдымда отыр. Бас режиссер ғой. Гогольдің?.. «Үйленуі»... Сосын... Басты рольді ойнағанды... «Құрмет» орденіне... Апыр-ай! Жасаймыз... Қоямыз... Ойнаймыз. Хош! (сылқ етіп отыра кетеді)

Бас режиссер –(үрейленіп) Жайшылық па? Не хабар?

III-й парень (взяв под руку) Да, ну, правда?

Даша – Правду говорю. Когда слышу, всё тело охватывают мурашки.

III-ий парень - (с лукавством в глазах) Мурашки ох-ва-ты-ва-ют!

Даша – Ой, что я сказала-то (прикрыв ладонью ротик) Не мурашки а дрожь пробегает по телу. Понимаешь же?

III-ий парень - Даурен в школе?

Даша – (ластясь) Да. Хочет называть тебя папой. (оставшаяся одна Маша оглядывается по сторонам. В это время из-за края сцены то выглядывает, то прячется пожилой мужчина в белой шляпе, украдкой любующийся Машей.

Маша - (с грустью) Старый профессор... Бегаешь за мной. Теперь что, это моя пара? Надув губы бутончиком (изображает), шепчет «Лю-блю».

(Когда сцена поворачивается, показывается кабинет директора театра. Напротив на стуле сидит главный режиссёр. В это время зазвонил телефон. Директор театра поднимает трубку)

Директор театра – Алле, да, директор театра (важно) Он самый. (тут же услужливо вскакивает) Из министерства культуры... Здравствуйте! Кто бы мог подумать, что вы сами позвоните. Живы-здоровы. Да, сидит передо мной. Да, главный режиссёр. Гоголя? Его «Женитьбу»... Потом... Исполнительницу главной роли... На орден «Почёта»... Вот это да! Сделаем... Поставим... Сыграем. До свидания! (падает в кресло в изнеможении)

Главный режиссер – (испуганно) Всё в порядке? Что за известие?

Театр директоры – У-ух! Қайдан жайшылық болсын! Мәдениет министрлігі... Гогольдің пьесасын «Үйленуді» қоясыңдар деді. Тез арада. Басты рольді орындаған актрисаны...

Бас режиссер –«Құрмет» орденіне...

Театр директоры – Ол кім еді?

Бас режиссер –Агафья Тихоновна!

Театр директоры – Соны... ұсынамыз.

Бас режиссер –
(еліре айқайлап) Гениаль-но!

Театр директоры – Жазған-ау, неңе мәз боласың?

Бас режиссер –Бұдан артық қуаныш бар ма?

Театр директоры – (торығып бас шайқап) Бұрын-соңды қоймаған ауыр спектакль. Оған лайық киім-кешек қайда? Жасау-жабдық ше?

Бас режиссер –Табасыз. Бұл анау-мынау емес, министрліктің тапсырмасы. (желпілдеп) Орден бергелі жатыр.

Театр директоры –
(қолын сілтеп) Әй, сен де... Ол рольге лайық артисіміз бар ма?

Бас режиссер – Агафья Тихоновна, Подколесин, Яичницалар қаптап жүр емес пе? Күндіз-түні роль сұрап маза бермейді.

Театр директоры –
Басты рольдегі әлгі әйел жалғыз...

Бас режиссер –
(жұлып алғандай) Әйел емес, қыз!

Театр директоры –
Ал, болсын. Жалғыз қыз...

Директор театра — У-ух! Какой там порядок! Министерство культуры... Приказывают поставить пьесу Гоголя «Женитьба». В срочном порядке. Исполнительницу главной роли...

Главный режиссер –На орден «Почёта»

Директор театра – А кто это?

Главный режиссер –Агафья Тихоновна!

Директор театра – Её... Её выдвинем.

Главный режиссер – (возбуждённо
вскрикивает) Гениаль-но!

Директор театра –
Глупый, чему радуешься-то?

Главный режиссер – Разве может быть известия радостнее, чем эта?

Директор театра – (страдальчески покачивая головой) Никогда не ставили такую глыбу. Где взять подходящие костюмы? А реквизиты?

Главный режиссер – Найдёте. Это не простое дело, а задание самого министерства. (возбуждённо) Орденом наградить собираются.

Директор театра – (махнув рукой) Да, и ты туда же... А на эту роль есть подходящая артистка?

Главный режиссер – Агафья Тихоновна, Подколесин, Яичница... да валом их. И денно, и ночью не дают покоя, вымаливая роли.

Директор театра – На главную роль, значит, только одну, эту женщину...

Главный режиссер – (словно вырывая слово) Не женщина, - девушка!

Директор театра –
Ну, пусть. Одна девушка...

Бас режиссер – Точнее, кәрі қыз. Күйеу іздеген. Әкесі-көпес.

Театр директоры – (ашуланып) Мейлі, кәрі қыз. Демек бір адам. Оны орындайтын актриса да біреу.

Бас режиссер – Әрине, біреу.

Театр директоры – (сұқ саусағын шошайтып) Орден де біреу.

Бас режиссер – Енді уыстап шашпайтын шығар.

Театр директоры – Міне, мәселе қайда? Онсыз да «роль жетпей атақсыз қалдық» деп күнде құлағымызды кеміріп жүретін әйелдер енді қырылып өлетін болды ғой. Соны неге ойламайсың. У-ух!

Бас режиссер –(бәйек боп су ұсынып) Су ішіңізші, су.

Театр директоры - (суды жұтып) Әлгі өзің айтқан бай таңдайтын қатынның, ту-ух, қыздың жасы нешеде өзі?

Бас режиссер – (саусағын бүгіп санап, төбеге қарап ойланып) Отызға жетер-жетпес.

Театр директоры – Ол роль жас актрисалардың біріне бұйырап. Орденді өңіріне жарқыратып сол тағар.

Бас режиссер – Тақсын.

Театр директоры – (кекетіп) Тақсын. Айтуға оңай. Ал сахнада қартайған келіншектер мен кемпірлер ше? Оны кешіре ала ма? Міне, мәселе қайда?

Бас режиссер – Абырой- ортақ, демек орден де ортақ.

Театр директоры – Бұлар ортақ ғып байды бөлісер, орденді бөлісе алмас.

Главный режиссер –Точнее, старая дева. Ищет мужа. Отец – купец.

Директор театра – (сердито) Пусть старая дева. Получается, один персонаж. И роль лишь для одной актрисы.

Главный режиссер –Конечно, лишь для одной.

Директор театра – (выставив указательный палец) Орден тоже один.

Главный режиссер – Наверное. Не станут же осыпаться горстями...

Директор театра – Вот! Вот, где собака зарыта! Актрисы, которые ежедневно прожужжали уши, мол, не хватает ролей, чтобы получить звания, теперь подавятся от зависти. Почему об этом не думаешь? У-ух!

Главный режиссер –(услужливо протягивая стакан с водой) Попейте водички, воды.

Директор театра –(глотаю воду) А сколько лет той бабе... тьфу! - Девушке, которая подыскивает себе мужа?

Главный режиссер – (гнет пальцы на руках, смотря в потолок) Около тридцати.

Директор театра – А роль достанется одной лишь из молодых актрис?! И только она навесит, блистая орденом на груди?!

Главный режиссер – Пусть навесит.

Директор театра – (передразнивая) Пусть навесит. Легко сказать. А как быть с женщинами и старухами, состарившимися на сцене? Они простят это? Вот, где проблема-то...

Главный режиссер – Почесть общая, следовательно, и орден общий.

Директор театра – Эти могут разделить и сделать общими мужей, но не орден.

Бас режиссер –
(иығын қиқандатып) Өздері білсін.

Театр директоры – Онсыз да ұжым екі-үшке жарылып, жік-жік боп жүр. Қып- қызыл дауға қалдық десеңші!

Бас режиссер –
Өздері білсін.

Театр директоры – Осы рольді тәжірибесі де мол, көркі де келісті Қызтуғанға берсек қайтеді?

Бас режиссер – (үркіп) Қыз-ту-ған? Оның жасы елу-у-ден асқан. Сыры кеткен, сымбаты тозған.

Театр директоры – Ішкі дүниесі жақсы.

Бас режиссер –Ішкі? Көрерменге сырты керек. (кеудесі мен құйрығын алақанымен соғып) Сырты!

Театр директоры – (шарасызданып) Гримді қалың салса... Кім біліп жатыр...

Бас режиссер – Кешірерсіз, ол кісі кешікті. Галя, Таня, Даша мен Маша. Басты рольді осы төртеуінің біреуі ойнайды. Қайсысы мықты, сол алсын. Бағынан көрсін.

Театр директоры –
Кассада көк тиын жоқ. Бюджет бекігенде қаралмаған қойылым. Қайдан білейін...

Бас режиссер –Ендеше Қызтуғанды Фекла Ивановнаның роліне салайын.

Театр директоры – Ол кім еді?

Бас режиссер – Фекла Ивановна ма? Агафьяға күйеу іздейтін жеңгетай. Мықты роль! (бас бармағын шошайтып) Во!

Театр директоры – (ықылассыз) Мейлің. Өзің көр

Главный режиссер –
(Ёъежив плечи) Им виднее.

Директор театра – И без этого коллектив, расколовшись на две-три группировки, враждует меж собой. Лучше скажи, не получим ли кровавый раздор?

Главный режиссер – Пусть сами знают.

Директор театра – А если эту роль отдать и опытной, и миловидной Кызтуған?

Главный режиссер –(испуганно) Кыз-ту-ған? Перевалила за пятьдесят. Лик потускнел, постарела стать.

Директор театра – Но изнутри красива.

Главный режиссер – Изнутри? Но зрителям нужна наружность. (похлопывая руками грудь и ягодицы) На-руж-ность!

Директор театра – (растерянно) А если грим толстым слоем... кто догадается...

Главный режиссер – Простите, но она опоздала. Галя, Таня, Даша и Маша. Главную роль будет играть одна из них. Пусть получит та, кто достойнее. И ей сопутствует удача.

Директор театра – На счету нет ни копейки. Когда утверждался бюджет, то эта постановка не была предусмотрена. Что делать-то?

Главный режиссер – Тогда утвердим Кызтуған на роль Феклы Ивановны.

Директор театра – А это ещё кто?

Главный режиссер – Фекла Ивановна... Та, которая подыскивает Агафье мужа. Сильная роль! (вздёрнув большой палец вверх) Во!

Директор театра – (без энтузиазма) Пусть так и будет. Смотри сам!

(Сахна қараңғыланып, жарық кері жанғанда төрт актриса - Галя, Таня, Даша мен Маша қуанып әрлі-бері жүгіріп өтеді)

Галя –Алақай, классиканы қоятын болдық!

Таня –Басты роль! Басты роль!

Даша – Орден! Орден тағамыз!

Маша – (өңірін сипап) Мына жерге! Жарқырап тұрады, алақай! (сосын жүгірісін тежеп, екі-екіден шүйіркелесе қалады)

Галя –(Таняға) Таня, Гоголь кім еді? Өзі үйленем деп пе?

Таня –Дура! Ол – драматург. Бірақ оның мұндай пьесасы барын естімеппін.

Галя –Мәдениет министрімен жақсы болған ғой, шамасы.

Таня –Кімді айтасың?

Галя –Гогольді.

Таня –Ой, дура!

Даша – (Машаға) Маша, сенде Гогольдің кітабы бар ма?

Маша – Жоқ.

Даша – Ендеше кеттім кітапханаға. Барам да тауып алам. Шіркін, Агафья!

Маша – Агафьяның жасын білесің бе? Менімен түйедей құрдас екен! Ой, қандай қуандым десеңші! Ол да...

Даша – Иә, ол да...

Маша – Ол да күйеуге тигісі кеп (қылымсып) бай таңдап жүр.

(Сцена затемняется, когда снова подают свет, четыре актрисы - Галя, Таня, Даша и Маша бегают радостно то туда, то сюда)

Галя –Ура, будем ставить классику!

Таня –Главное роль! Главное роль!

Даша – Орден! Орден получим!

Маша – (поглаживая грудь) Вот сюда! Будет блеснуть здесь, ура! (тут же беготня их прекращается, а они сбиваются в пары)

Галя – (Тане) Таня, а кто такой Гоголь? Сам хотел жениться?

Таня – Дура! Он – драматург. Но я не слышала, что у него есть такая пьеса.

Галя –Наверное, он в хороших отношениях с министром культуры.

Таня –Ты про кого говоришь?

Галя –Про Гоголя.

Таня –Ой, дура!

Даша – (Маше) Маша, у тебя есть книга Гоголя?

Маша – Нет.

Даша – Тогда пойду в библиотеку. Найду там. Эх, Агафья!

Маша – Ты хорошо знаешь Агафью? А знаешь, сколько ей лет? Оказывается, моя ровесница! Ой, как я обрадовалась! Она тоже...

Даша – Да, она тоже...

Маша – Она тоже, хочет замуж (жеманничая) и подыскивает себе мужа.

Галя –(армандап) Өткен түнде бар ғой, мен түс көрдім. Ақбозат мінген жас мырзаның алдында толған Айдай толықсып, прямо, толықсып кетіп бара жатыр екем.

Таня –Мен де көрдім, түсті. Ол да ақбоз атты...

Даша – Мен де жас мырзаның құшағында...

Маша – Мен де толған Айдай толықсып...

Галя –Менікі түс емес, өңім сияқты (төртеуі сықылық қағып шыға жөнеледі. Сахна айналғанда үш бөлек гримерныйда үш бөлек топ шағын жиналыс өткізіп жатады. Бір топ сөз алып, дау біткенше қалған екі топтың дау-дамайы мимика арқылы беріледі)

Қызтуған – (бірінші топ) Мына мені (өрікпіп) Қызтуған басыммен әлгі өсекші кемпір, көше кезіп Агафьяға бай іздейтін Фекла Ивановнаның роліне бекітіпті. Мұнан асқан басыну бар ма? (сыңсып жылайды)

Топтағылар–Сұмдық.

- Басыну.
- Көзге ілмеу.
- Аяққа таптау.

Қызтуған – Заманында Томирис пен Баян сұлуды, Әйгерім мен Ақтоқтыны ойнаған мендей жарық жұлдызға бұл не қорлық?

Топтағылар–Қорлық.

- Үлкенді сыйлау жоқ.
- Еңбекті бағалау жоқ.
- Бір шүйкебас орден алады деп...
- Иә, сүрініп-қабынамыз ба?

Қызтуған – (күшейіп) Жо-жоқ! (алақанымен столды ұрып) Ол болмас. Осының бәрін бүлдіріп отырған ана өзіне қатын құтаймай жүрген бас режиссер.

Галя – (мечтая) Знаешь, прошлой ночью я видела сон. Я вся цветущая, как полная луна, сидела на белом коне на коленях принца. Цветущая, прямо, как полная луна.

Таня –Я тоже видела сон. Он тоже был на белом коне.

Даша–Я тоже... в объятьях молодого принца...

Маша -Я тоже, как полная луна....

Галя – У меня не сон, а кажется явь. (четверо, весело смеясь, удаляются. Когда сцена переворачивается в трёх отдельных гримёрных три группы проводят свои собрания. Одна из групп держит речи, а другие изображают споры посредством мимики)

Қызтуған (первая группа) – Меня! (возмущённо) заслуженную Кызтуған утвердили на роль этой старой сплетницы Феклы Ивановны, носящейся по улицам в поисках мужа для Агафьи. Хуже унижения и не придумать (плачет, причитая)

Голоса из толпы – Ужас!

- Унижение
- Не оценили.
- Топчут под ногами.

Қызтуған – Что за издевательство над такой яркой звездой, сыгравшей в своё время Томирис и Баян сулу, Айгерим и Актоты?

Голоса изтолпы – Издевательство!

- Не уважают старших.
- Не ценят труд.
- Не хотят, чтобы получила кусочек металла, пусть хоть и орденом называется ...
- Да, задохнуться можно от гнева.

Қызтуған – (напряжённо тужась) Не-нет! (сильно хлопает ладонью по столу) Этому не бывать! Всё это проделки главного режиссёра, который не может подобрать себе жену.

Топтағылар – Сол!

–Дәл өзі.

–Тұмсығын көкке шаншып болды.

–Тіпті бар ғой, аузымды қаралай қыздырған соң айтайын. Агафья Тихоновнаның роліне бекіген әлгі төрт қаншық та соның көңілдесі.

–Солай. Алма-кезек пәтерінен шықпайды.

(первая группа)

Қызтуған –Демек, бас режиссер мен әлгі төртеуінің үстінен арыз жазамыз.

Топтағылар–Жазамыз.

–Қатырып қол қоямыз.

–Жолдаймыз тура Президент Әкімшілігіне!

–Екінші данасын Ұлттық қауіпсіздік комитетіне!

–Ал, жаздық, бәлем! (бәрі жабылып жазып жатады)

Олеся –(екінші топ) Бас режиссер – нағыз шығармашылық тұлға! Мен өзім киім цехының меңгерушісі болсам да білемін. Білген соң да айтамын.

Топтағылар–Білесіз.

–Айтасыз.

–Нағыз шығармашылық тұлға сіз.

–Солай.

Олеся –Ол аса жауапкершілікті сезінген де, осы тұрған төртеуіңе басты рольді бөлмей-жармай қатар ұсынып отыр. Біреуіңнің жұлдызың жанғалы тұр. Оны қалғаның қызғанбаңдар. Тілекші болыңдар

Галя –Осыны айтқан аузыңнан...

Таня – (елжіреп) Айналайын!

Даша – Апа-тай.

Маша – Тіпті (кемсеңдеп) жылағым келіп кетті.

Олеся –Білем. Білген соң да айтамын.

Голоса из толпы – Он!

–Точно он.

–Вознёс свой нос до небес.

–Скажу больше, коль задели за живое. Он водит шуры-муры с теми четырьмя сучками, которые предложены на роль Агафьи Тихоновны.

–Именно так. По очереди посещает их квартиры.

(первая группа)

Қызтуған –Значит, напишем жалобу на главного режиссёра и этих четверых дамочек.

Голоса из толпы –Напишем.

–Подпишемся, как полагается.

–Отправим прямиком в Аппарат Президента!

–Второй экземпляр – в Комитет Национальной безопасности!

–Всё, пишем! (все сообща берутся за письмо)

Олеся (вторая группа) - Главный режиссёр – настоящая творческая личность! Я хоть и заведующая костюмерным цехом, но знаю. Знаю и говорю везде.

Голоса из толпы –Знаете.

–Безусловно.

–Вы - самая творческая личность.

–Именно

Олеся – Он, чувствуя особую ответственность, вас, всех четверых, не разделяя и не выделяя, выдвинул на главную роль. Но только звезда одной из вас загорится на небосклоне. Остальные не вздумайте завидовать. Будьте благожелательны.

Галя –Золотые слова...

Таня – (умилённо) Золотые уста!

Даша – Сестрица наша старшая!

Маша – Даже (состроив плаксивое выражение) заплакать захотелось.

Олеся –Знаю. Поэтому и предупреждаю.

Топтағылар—Қызтуғанды қайттік?—Фекла мен бас режиссерді қарғап-сілеп жүр.—Агафьяға таласып жатыр

Олеся – Оған жел беріп жүрген - директор.

Топтағылар—Соның өзі.

—Кабинетінен шықпайды.

—Орден менікі деп.

—Әлден шолақ жең ақ көйлегінің өңірін (саусағымен шеңбер жасап) мынадай етіп тесіп әзірлеп қойыпты.

—Ойбай, не дейд?

—Рас.

—Ұят жоқ, ұят. Грамм!

Олеся —Дереу хат дайындау керек. Аты-жөнімізді көрсетпейміз. (дауысын созып) Ұжымнан деп жазамыз.

Топтағылар—Кеттік.

—Баста

—Ал, жаздық, бәлем! (бәрі жабылып жазып жатады)

Арон Арысович (үшінші топ) —
Бұл спектакль сөзсіз құлайды.

Топтағылар—Сөзсіз құлайды.

—Омақасады.

—Жығылады.

—Мертігеді.

Арон Арысович —

Мұндай әлемдік классиканы алып шығу үшін қандай күш керек! Қандай тер төгу керек.

Топтағылар — Дұрыс айтасыз.

—Қандай күш керек!

—Қандай тер төгу керек!

—Міне, әділ шешім!

Арон Арысович —

Ал, оның орнына театр директоры мен бас режиссер (екі жұдырығын соғыстырып) сүзиседі кеп. Бірінің басшы сықпыты жоқ. Екіншісі барып тұрған даңғой, барып тұрған дарынсыз.

Голоса из толпы —А что делать с Кызтуган? —Проклинает и поносит Феклу и главного режиссёра. —Бьётся за роль Агафьи.

Олеся — Её подзуживает директор театра.

Голоса изтолпы — Именно он.

— Не выходит из его кабинета.

— Любой ценой хочет получить орден.

— Заранее продырявила белое платье с короткими рукавами (буравя пальцем грудь) вот такую дыру подготовила.

— Вот это да, неужели?

— Правда.

— Бесстыжая. Ни грамма совести.

Олеся — Надо срочно написать письмо. Фамилии не укажем, (растягивая голос) напишем : «От кол-лек-ти-ва»

Голоса из толпы — Поехали.

— Начинай

— Всё, начнём писать. (все сообща берутся за письмо)

Арон Арысович (третья группа) —
Этот спектакль ждёт безусловный провал.

Голоса из толпы — Без слов, ждёт провал.

— Полнейшее фиаско!

— Абсолютный крах!

— Баста ему!

Арон Арысович — Чтобы вытащить подобную мировую классику, сколько надо сил! Сколько пота надо пролить!

Голоса из толпы — Верно говорите.

— Какие силы нужны!

— Сколько пота надо пролить!

— Вот верное мнение!

Арон Арысович — Вместо этого директор театра и главный режиссёр (сталкивая два кулака меж собой) бодают друг друга. У первого нет никаких задатков руководителя. А второй — хвастунишка, самый настоящий бездарь.

Топтағылар–Сүзиседі!

–Басшы емес!

–Даңғой!

–Дарынсыз!

Арон Арысович –Онымен қоймай айналасына айғыр үйір топ жинайды. Олары бір-бірін атарға оғы жоқ. Ілінісіп әрең жүр.

Топтағылар– Көке-ау, енді не істейміз?

–Зарықтырмай айтсаңызшы?

Арон Арысович –Айтсам, ақырын күтеміз. Өңірлеріне орденнің орнына ошаған қадаған кезде екеуін де қуғызамыз. Мәдениет министріне өзім барып кіремін. Бар былықтың бетін ашамын. Оның тоқалы – біздің ауылдың қызы. Демек, туған күйеу баламыз.

Топтағылар–Қуғызамыз!

–Орден емес, ошаған!

–Жасасын, Арон Арысович!

–Алақай, күйеу бала!

–Тоқалы...

–Жап аузыңды! Қарындасым де!

Екінші көрініс

Сахнада спектакльге дайындық жүріп жатыр. Бас режиссер мен Фекла Ивановна және Подколесиннің әрекеті.

Бас режиссер – (қимыл-әрекет үстінде) Так, солай, Степан бөлмеден шығып кетті. (Төсекте шынтақтап жатқан Подколесинге қарап) Фекла Ивановнаның келгенін есіттің. Ішкі монолог қайда? Жаттап па ең? Подколесин, саған айтам!

Арон Арысович – Жаттағам. Айтайын ба? (режиссер басын изейді) «Иә, бұл шаруа өзі... анау айтқан оңай шаруа емес».

Голоса из толпы – Бодаются!

– Никакой он не руководитель!

– Хвастун!

– Бездарь!

Арон Арысович – Несмотря на это, собирают вокруг себя прихвостней, интригуют, натравливая их друг на друга. А потом уже сами не могут с ними справиться. Слабаки.

Из толпы – О, уважаемый, что делать-то?

– Не томите нас, что делать?

Арон Арысович – Скажу, будем терпеливо ждать. Как только вместо ордена нацепится на грудь колючка, прогоним обоих. Я сам дойду до министра культуры. Все их интриги раскрою. Его юная любовница – из нашего аула. То есть он наш зятёк.

Голоса изтолпы – Прогоним!

– Не орден, а колючка!

–Да здравствует Арон Арысович!

–Ура нашему зятю!

–Юная любовница...

–Рот закрой. Говори, наша сестрёнка...

Акт второй

На сцене идёт подготовка к спектаклю. Главный режиссёр, Фекла Ивановна, а также действия Подколесина

Главный режиссер – (энергично даёт указания) Так, Степан вышел из комнаты. (смотрит на Подколесина, лежащего в постели, подперев рукой подбородок) Слышно, как заходит Фекла Ивановна. Где внутренний монолог? Выучил? Подколесин, тебе говорю!

Арон Арысович – Выучил. Прорекламить? (режиссер утвердительно кивет головой) «Да, это вещь... Вещь, но того... трудная вещь»

Бас режиссер – Дұрыс. Елпілдемей, керенау айту керек. (монологтің соңын өзі қайталайды) «ан-ау айтқан оңай шаруа емес» Міне, осылай. Фекла Ивановна, кір, кір есіктен. (осы кезде Қызтуған келеді)

Арон Арысович – «Ә, сәлематсыз, сәлематсыз, Фекла Ивановна. Не болды? Қалай? Орындық ал да жайғас. Сайра сосын. Қалай, өзі қалай, немене еді? Атын айтам, Меланья ма?»

Қызтуған – «Агафья Тихоновна.»

Арон Арысович – «Иә, иә, Агафья Тихоновна. Өзінің қырық жастағы кәрі қыз екені шын ба?»

Қызтуған – «Оның шындыққа жатпайды. Тек үйленген бетте-ақ, оны мақтаумен әрі тағдырға алғыс айтумен боласыз.»

Арон Арысович – «Өтірік айтқанда шімірікпейсің, а, Фекла Ивановна.»

Бас режиссер – (шапалақ ұрып) Неткен сұп-суық сөз. Екі ортада психологиялық арбасу жоқ. Қайтадан бастаңыздар. Басынан.

Қызтуған – (шаптығып) Әй, шырағым, біз осы сахнамен өскен адамдармыз. Қашанғы қайта-қайта шығамыз?!

Арон Арысович – (жаратпай) Соны айтсаңшы! (осы кезде режиссердің қол телефоны шырылдайды да «Алло, иә, сосын» деп сахнадан шығып кетеді)

Қызтуған – (Арон Арысовичке) Иә, үй-іші аман ба? Кемпірің қайда? Курортқа кетем деп еді.

Арон Арысович – Қызтуған, шын ықыласың құлап атсаң, қара қарға қаздай көрінер, шын жақсы көрсең, қара кемпірің қыздай көрінер. Кемпір дей берме! Ол әлі... (лекітіп күліп)

Главный режиссер — Правильно. Не надо тататорить, надо проговаривать не спеша, флегматично. (сам повторяет конец монолога)) «Да, это вещь... Вещь, но того... трудная вещь». Вот именно так. Фекла Ивановна, заходи, заходи. (в это время входит Кызтуган)

Арон Арысович – «А, здравствуй, здравствуй, Фекла Ивановна. Ну что? Как? Возьми стул, садись. Да и рассказывай. Ну, так как же, как? Как бишь её: Меланья?»

Қызтуған – «Агафья Тихоновна»

Арон Арысович – «Да, да, Агафья Тихоновна. И верно, какая-нибудь сорокалетняя дева?»

Қызтуған — «Уж вот, нет так нет. То есть как женитесь, так каждый день станете похваливать да благодарить.»

Арон Арысович – «Да ты врешь, Фекла Ивановна.»

Главный режиссер – (обрывает, хлопая ладонями) До чего холодные слова. Нет между вами психологического накала. Начинайте снова. С начала.

Қызтуған – (разгневанно) Әй, дорогой, мы – люди, выросшие на этой сцене. До каких пор надо повторять снова и снова?!

Арон Арысович – (недовольно) Именно так! (в это время зазвонил сотовый телефон главного режиссёра, он со словами «Алло, да, говори» уходит со сцены)

Қызтуған — (Арону Арысовичу) Так, как дома, живы-здоровы? Где твоя старуха? Говорила, что поедет на курорт.

Арон Арысович – Қызтуған, если живёшь душа в душу, то чёрная ворона будет казаться белым лебедем, если любишь искренне, то старуха будет казаться красной девой. Не тверди, что она старуха! Она ещё... (задорно смеясь)

Қызтуған – (сықылықтап) Ой-буй, мынаның құтыруын қара. Жас күнімде есінде ме, «Қызтуған, аяғыңнан (оң аяғын былқылдатып) сүйейін» дегенің?

Арон Арысович – (өтірік шошып) Қой, құшақтайын деген шығармын.

Қызтуған – Сүйейін... Тап солай дегенсің.

Арон Арысович – Былтыр сүрініп кетіп баспен құладым ғой. Бәрің ұмыттым.

Қызтуған – (тағы аяғын былқылдатып) Қазір сүйе қойшы. (Арон Арысович көзін ойнатып, жан-жағына, залға қарайды. Сүю ниеті бар. Осы кезде сахнаға бас режиссер шығады. Қол телефонына «Кешке, келістік» дейді)

Бас режиссер – Ал...

Қызтуған – Шырағым, сен кешкі шаруанды шешіп келгенше біз Арон Арысович екеуміз Подколесин – Фекла Ивановна боп үш реттен қайта бастадық. Әсіресе, соңғысы өте сәтті болды.

Арон Арысович – Маған, екінші мәрте шыққанымыз өте табиғи көрінді.

Бас режиссер – (сынай қарап) Жарайды. Ертеңгі репетицияда көреміз. (екеуі кетеді) Ассистент! (айқайлап) Яичница! Яичница қайда? Агафья Тихоновна, шық, тез сахнаға. Уақыт аз.

I жігіт – Яичница – (сахнаға шыққан бетте) режиссер, ал, мен әзірмін. Галя қайда жүр?

Бас режиссер – (кіжініп) Әй, миғұла, сен Яичницасың, ал ол Галя емес, Агафья Тихоновна! Жетті ме, енді миыңа!

Қызтуған – (заливаясь смехом) Ой-ой-ой, ты посмотри, как он бесится. Помнишь, в молодости, подлизывался: «Кызтуған, дай поцеловать (вертя ногой) свою ногу?»

Арон Арысович – (пугаясь нарочно) Что ты, наверное, просил обнять.

Қызтуған – Поцеловать. Именно так и говорил

Арон Арысович – В прошлом году споткнулся, упал. Всё вылетело из головы.

Қызтуған – (снова вертя правой ногой) А поцеловать сейчас, слабо? (Арон Арысович с шаловливостью в глазах оглядывает зал. Проявляет явное желание поцеловать. В это время на сцену входит главный режиссёр. Говорит в сотовый телефон: «Вечером, договорились»

Главный режиссер - Так...

Қызтуған – Дорогой, пока ты решал свои вечерние дела, мы с Арном Арысовичем, играя Подколесина – Феклу Ивановну, три раза повторили сценку. Особенно удачно вышло на третий раз.

Арон Арысович – А мне показалось, что естественным получился второй повтор.

Главный режиссер – (недоверчиво) Хорошо. Посмотрим на завтрашней репетиции. (актёры уходят) Ассистент! (громко) Яичница! Где Яичница? Агафья Тихоновна, выходи, быстро на сцену. Время не ждёт.

I-ый парень – Яичница -(как только выходит на сцену) Режиссер, вот я, готов. А где Галя?

Главный режиссер – (возмущённо) Эй, дурень, ты Яичница, а она не Галя, а Агафья Тихоновна! Теперь дошло до твоих мозгов?!

I жігіт – Яичница – Енді бұл жай репетиция ғой.

Бас режиссер – Иә, солай. Ал, бірақ бір аптадан соң бұлай жалғыздап шықпайсыңдар. Агафьяны көруге келген сен, Жевакин, Анучкин, Подколесин төртеуің біріңнен соң бірің қаздай тізіліп тұрасыңдар. Түсінікті ме?

I жігіт – Яичница – Түсінікті.

Бас режиссер – Агафья Тихоновна, (саусақ ұшымен шақырып) шық, кәне, кел, кел. (Галя шығады) Кәне, сөйлеңдер.

I жігіт – Яичница – «Сүйікті ханым, мұндай ауа райында жападан жалғыз отыру азап қой. Ал, үйленген, бала-шағасы барлардың жөні басқа... Бұлардың өз қызығы өзінде.»

Галя – (түрі бұзылып) А, солай ма?

I жігіт – Яичница – Солай, жаным.

Галя –(бет-аузы құбылып) Күн жарқырап тұр, қыдырайық дедің. Бардым. Жаңбыр жауып тұр, көше кезейік. Кафеге барайық дедің. Келістім.

Бас режиссер – (темекісін тұтатып) Не деп кеттің өзі? (алдындағы сценарийге қарайды. I жігіт–Яичница иығын қиқандатады)

Галя –(одан сайын күшейіп) Бақсам, қатын-балаң бар екен. Табаныңның астында сынап төккен алаяқ!

Бас режиссер – (айқайлап) Әй, тоқта!

Галя –(жыларман боп) Аборт... Абыройымды төгіп! Масқарамды шығарып! Мә, саған алаяқ! (ұмтылып кеп I жігіт–Яичницаны жақтан шапалақпен ұрады. Ол артында тұрған столға соғылып шалқасынан құлайды)

I-ый парень – Яичница - Так ведь это просто репетиция.

Главный режиссер – Да, так. Но на следующей неделе вы не будете выходить так, по одиночке. На смотринах Агафьи... ты, Жевакин, Анучкин и Подколесин будете вчетвером стоять друг за другом, как вереница гусей. Понятно?

I-ый парень – Яичница - Понятно.

Главный режиссер – Агафья Тихоновна, (подманивая кончиком пальца) выходи, иди же, иди. (выходит Галя) Давайте, говорите.

I-ый парень – Яичница - «Неприятнее всего, когда в такую погоду сидишь один. Женатому человеку совсем другое дело – не скучно...»

Галя – (растроенно) Ах, так?

I-ый парень – Яичница - Так, так, душа моя.

Галя –(расстроено, изменившись лицом) Когда говорил: «Солнце светит, давай, погуляем», - ходила с тобой. Когда звал: «Давай погуляем по улицам под дождём. Посидим в кафе». – Соглашалась.

Главный режиссер – (прикуривая сигарету) Ты это о чём? (смотрит на сценарий, лежащий перед ним). I-ый парень-Яичница недоумённо пожимает плечами).

Галя –(ещё более возмущённо) Оказывается, ты женат, имеешь детей. Пройдоха, под подошвами которого скользкая ртуть!

Главный режиссер – (громко) Эй, стой!

Галя –(чуть не плача) Сделала аборт... Обесчестил! На, тебе! (ринувшись, дала пощёчину I-му парню –Яичнице. Он, споткнувшись о стол, стоявший сзади падает навзничь).

Бас режиссер – (орнынан бақырып тұрады) Агафья, сучка, рольден неге шығасың?

Галя – Мен бе, сучка? (құтырып)

Бас режиссер – Тоқта! Әй, тұр, жатқан жеріңнен!.

Галя – Мен бе дейм, сучка?

Бас режиссер – Бар орныңа, баста қайтадан.

Галя – Ойнай алмаймын! Құрығанда Агафьясы құрсын!

Бас режиссер – (ойбайлап) Өңшең топас! Қанымды ұрттап іштіндер.

Галя – Шыдамым жетпейді. (иығындағы шәліні жерге лақтырып) Таняға бер бұл рольді.

Бас режиссер – Осы спектакльден соң сендерді желкемнің шұқыры көрсін. (Галя жылап жөнеледі)

Таня – (сахнаға жүгіріп шығып, жерде жатқан шәліні иығына жамылып, Агафья Тихоновнаның кейпіне енеді) Мен әзірмін.

I жігіт – Яичница – (абайлап басып) Сүйікті ханым...

Бас режиссер – Агафья, енді неғып тұрсың?

Таня – (күлім қағып жүгіріп келіп, I жігіт– Яичницаның қызарып кеткен бетін алақан жүгіртіп сипап) Қатты тиді ме?

Бас режиссер – Бұл тексте жоқ. Бірақ гениально! (бас бармағын залға қарап шошайтады) Яичница, бүгінгі жеген таяғың бойыңа олжа. Бар. Ертең қайтадан бастаймыз. (ол кетеді) Жевакин! Келесі кезек сенікі! Шық. Агафья сұлу күтіп қалды. (сахнаның келесі бетінен Жевакин роліндегі II жігіт шығады)

Главный режиссер – (вскакивает с криком с места) Агафья, сучка, ты почему выскочила из роли?

Галя – Это я сучка?! (взбешенно)

Главный режиссер — Эй, вставай! Вставай, Яичница!

Галя – Это я-то сучка?!

Главный режиссер — Иди на место, начни снова.

Галя – Не могу играть! Пусть Агафья проподом пропадёт!

Главный режиссер – (с причитаниями) Сплошь бездари! Всю кровь мою выпили.

Галя – Терпения не хватает. (Выкидывая шаль с плеч) Отдай Тане эту роль.

Главный режиссер – После этого спектакля глаза бы мои вас не видели. (Галя выбегает с плачем)

Таня – (вбегая на сцену, подбирает шаль, накинув её на плечи, вживается в роль, Агафья Тихоновны) Я готова. Вот.

I-ый парень – Яичница - (ступая осторожно) «Дорогая сударыня...»

Главный режиссер – Агафья, что ж ты замерла-то?

Таня – (улыбаясь). Подбегает к 1-му парню- Яичнице, гладит его покрасневшую щёку. Сильно тебе попало?

Главный режиссер — Этого в тексте нет. Но гениально! (выставляет поднятый большой палец в сторону зала) Яичница, то, что сегодня получил, будет уроком для тебя. Иди. Завтра начнём снова. (он уходит) Жевакин! Твоя очередь! Выходи. Красавица Агафья заждалась. (с другой стороны сцены выходит II-ой парень, исполняющий роль Жевакина)

II жігіт – Жевакин – «Шіркін, Сицилия! Сүйікті ханым, сіз буырқанған теңіз толқындарымен жақсы таныс күйеуге шығуға қалай қарайсыз?»

Таня –(селк етіп) Ах!.. Мынау соның өзі ғой. Аумаған өзі.

II жігіт – Жевакин – (тамағын қырнап) «Шіркін, Сицилия!..»

Таня –Тағы да вахталық жұмысқа келдің бе? Тағы да алдайын деп тұрсың ба?

Бас режиссер – (айқайлап) Агафья, қайдағы вахта?

II жігіт – Жевакин – (текстіні қайта бастап) «Шіркін, Сицилия!..»

Таня – Қайдағы Сицилияны айтып көкіп тұрсың? Біз Түркияға, Босфор бұғазының жағасында демалған жоқпыз ба?

II жігіт – Жевакин – Таня, есінді жисаңшы... «Шіркін, Сицилия!..»

Таня – (көгерендеп) Үйленеміз деп... Ата-анамның алдында қарабет ғып... (кіжініп ұмтылады)

Бас режиссер – (атып тұрып) Таня, қайдағыны айтып тұрсың? Бұл – Жевакин!

Таня – Өтірік! Аты-жөнін өзгертіп тұр.

Бас режиссер – Өзгертіп?.. Әй, бұл – Жевакин! Саған енді ғана сөз салып тұр. Сенің бұрынғы көп көңілдесіңнің бірі емес.

Таня – (бас режиссерға шаптығып) Қорлама өйтіп мені! Бұл оңбаған мені айдалаға алдап апарып қаңғыртып кеткен.

Бас режиссер – (құтырынып) Қаңғыртып? (II жігіт–Жевакинге) Рас па? Биылғы отпусқадағы оқиға ма?

II-ой парень– Жевакин – «О, Сицилия! Хотели ли бы вы, сударыня, иметь мужем человека знакомого с морскими бурями?»

Таня – (вздвогнув) Ах!.. Да это же он. Вылитый он.

II-ой парень– Жевакин – «О, Сицилия!»

Таня – Опять прибыл на вахтовую работу? Хочешь снова облапошить?

Главный режиссер – (с криком) Агафья, какая вахта?

II-ой парень– Жевакин – (снова начиная по тексту) «О, Сицилия!»

Таня – Это про какую Сицилию ты тут лопочешь? Разве мы не в Турции отдыхали, на берегу Босфора?

II-ой парень– Жевакин – Таня, опомнись... Т«О, Сицилия!»

Таня –(посинев) Обещал жениться... Опозорив перед родителями... (грозно надвигается)

Главный режиссер - (вскочив) Таня, ты это о чём? Это же – Жевакин!

Таня –Ложь. Изменил имя и фамилию.

Главный режиссер – Изменил?.. Эй, повторяю, это – Жевакин! Он лишь сейчас входит с тобой в роль.. Он не один из твоих бывших бойфрендов.

Таня – (набрасываясь на главного режиссёра) Не издевайся надо мной! Этот негодяй, заманив меня невесть куда, бросил на произвол судьбы.

Главный режиссер – (разневанно) На произвол? (II парню–Жевакину) Правда это? Во время последнего отпуска?

II жігіт – Жевакин – Қайдағы оқиға? Биыл мен отпускамда қатын-баламды алып қайын жұртымда болғам.

Бас режиссер – Өңшең ауру! Бұлардың бәріне психолог керек. Бастандар кері. Бір, екі, үш!

II жігіт – Жевакин – «Шіркін, Сицилия!..»
«Сүйікті ханым!..»

Таня – (шаптығып) Ұмытсаң, айтайын! Босфор бұғазына шомылдық. Алтын құмына аунадық. Сосын не істедің?

II жігіт – Жевакин – (таңғалып) Аунадық?

Таня – (шаптығып) Өне, мойындадың. Сосын бір салдақының етегіне еріп, ізім-қайым жоғалдың. Рас па?

Бас режиссер – Уһ! (Таняны жұлқылап) Жи дейм, есіңді! Сен Таня емессің, сахнада Агафья Тихоновнасың. Түсінесің бе? Бастандар, кері.

II жігіт – Жевакин – «Шіркін, Сицилия!..»

Таня – (тепсініп, тұра ұмтылады) Көргім келмейді сені! Жоғал тез! Бетсіз! Оңбаған! (ұрғысы келеді)

Бас режиссер – Тоқтат! (орталарына түсе жүгіріп) Өңшең ауру!

II жігіт – Жевакин – (қашып жүріп) Таня, Таня, шіркін, Сицилия!

Таня – (сахна айналдырып қуып) Мә, саған, Сицилия! Өкем төрде ұстаған басымды салдақыға бола сатқан ит! Шошқа!

II жігіт – Жевакин – (тұра қап өзіне ұмтылады) Шошқа! Не деп тұрсың өзің? Сені алдаған мен емес, басқа! Басқа!

II-ой парень– Жевакин – О чём это вы все? Я в этом году проводил отпуск у родственников жены вместе с семьёй.

Главный режиссер – Сплошь больные! Им всем нужен психиатр. Начинайте снова. Раз, два, три!

II-ой парень– Жевакин – «О, Сицилия!..»
«Дорогая сударыня!..»

Таня – (разгневанно) Если забыл напомню! Купались на Босфоре. Валялись на золотом песке. А потом, что ты сделал?

II парень– Жевакин – (удивлённо) Валялись?

Таня – (взбешенно) Вот, вот, признал. Затем, увязавшись за какой-то падшей женщиной, исчез без следа. Верно?

Главный режиссер – Ух! (тормозит Таню) Приди, говорю, в себя! Ты не Таня, на сцене ты - Агафья Тихоновна. Понимаешь? Начинайте снова.

II-ой парень– Жевакин – «О, Сицилия!»

Таня – (ринулась разгневанно) Не желаю видеть тебя! Вон отсюда! Бесстыжий! Негодяй! (намеревается побить)

Главный режиссер – Стой! (забежав между ними) Сумашедшие!

II-ой парень– Жевакин – (драпая от неё) Таня, Таня, «О, Сицилия!»

Таня – (гоняясь за ним по сцене) На, тебе, Сицилия! Меня, лбимицу отца, променял на падшую женщину, собака! Свинья!

II-ой парень– Жевакин – (остановившись, кидается на неё) Сама свинья! Что ты тут плетёшь! Не я тебя обманул, другой! Другой!

Бас режиссер – (арашалап) Енді басқа деп тұр ғой! Жи есіңді!

Таня – Өтірік айтады! Нақ өзі. Тек аты-жөнін өзгертіп келіп тұр. Алаяқ қаптап кеткен! Кет, вахтаңа! Жоғал! Әйтпесе сотқа берем! Ағам прокурор!

II жігіт – Жевакин – (жағаласып жүріп) «Шіркін, Сицилия!..»

Бас режиссер – (арашалап жүріп) Сицилияңмен қоса құры! Сотқа... Жо-жоқ, ертең тірілей терілеріңді сыпырамын.

Главный режиссер - (разнимая их) Он же говорит – другой! Прийди в себя!

Таня – Врёт! Точно он. Только другим именем прикрылся. Развелись проходимцы! Прочь отсюда на свою вахту! Пропади! А не то, подам в суд! Брат мой – прокурор!

II-ой парень– Жевакин – (сопротивляясь) «О, Сицилия!»

Главный режиссер – (разнимая) Пошли вы все со своей Сицилией! В суд... Не-нет! Завтра живьём сдеру с тебя шкуру!

Екінші бөлім, үшінші көрініс

Сахнада ойма жарық. Ортада стол тұр. Жанындағы орындыққа сүйеніп теңселе басып бас режиссер тұр. Алдында жарты шөлмек арақ, рюмка, нан. Қобыраған қағаз.

Бас режиссер – (мас қалпы қобыраған қағазды көтере бере столға кері ұрады) «Үйлену!» Осы жұрттың бәрі қос-қостан қатын алып жатқан жоқ па? Тіпті үсті-үстіне тоқал ұстайды. Менде әйел жоқ, сосын... Осы Гогольдің өзі үйленіп пе еді? (ойланып бір рюмка арақты қағып салады) Әй, (қолын бір сілтеп) мен білсем, соның өзінде де қатын жоқ! Бірақ «Үйленуді» жазады. (ах-халалап күліп) Бізге үйлендіре гөр дейд. Мықты болса, алдымен өзі үйленбес пе еді? Өзі де барып тұрған қу. Брак дегенің жақсы емес екенін жастай сезіп, (қағазды тағы көтеріп лақтырып) сезген ғой.

Даша – (жайлап жанына жақындайды) Бас режиссер мырза, жаным...

Бас режиссер – Даша, сен бе? Жаның шықсын! (орындыққа отыра кетеді)

Даша – (қарсы қарап, тізесіне қосаяқ салып отырады) Неге?

Часть вторая, акт третий

На сцене сфокусированный свет. В центре стоит стол. Сбоку, прислонившись к стулу и раскачиваясь стоит главный режиссёр. Перед ним полбутылки водки, рюмка, хлеб. Кипа разбросанных бумаг.

Главный режиссер – (пьян, берёт кипу бумаг и снова бросает её на стол) «Женитьба!» Разве люди не женятся по нескольку раз? Многие даже держат одновременно двух и более жён. А у меня нет ни одной, к тому же... А сам Гоголь-то хоть был женат? (призадумавшись, опрокинул рюмку водки) Эй, (махнув рукой) насколько я знаю, и у него не было жены! Но написал же «Женитьбу» (хохочет) Советуют нам жениться. Если уж он такой умный, то что же сам-то сначала не женился? Ну, и хитрец же он. Чувствовал, что брак не очень уж удачное дело, (подняв бумаги, снова бросает их на стол) чувствовал.

Даша – (приближаясь к нему осторожно) Господин главный режиссёр, дорогой...

Главный режиссер – Даша, ты? Тебя только не хватало! (резко падает на стул).

Даша – (взглянув на него, садится к нему на колени) Почему?

Бас режиссер – (тағы бір рюмка арақ құяды) Сол!

Даша – Жаным, мен Галя мен Таня емеспін. Мен жарық жұлдызбын!

Бас режиссер – (арақты қағып салып) Жарық жұлдыз! Жоқ, бәрің де лампочка-сыңдар. Түсінікті ме? Шекелеріңнен екі рет (Дашаның шекесінен нұқиды) Осылай етіп екі рет шертсем бітті, жанып кетесіңдер.

Даша – (өтірік жылап) Мені сүймейсің, білем.

Бас режиссер – Сүю?

Даша – Иә. Сүйсең Агафья Тихоновнаның ролін маған алдымен берер ең ғой.

Бас режиссер – (маужырап) Берем. Ендігі кезек сенікі. (екеуі өбіседі)

Даша – (елеңдеп) Аяқ дыбысы естіледі. (отырған орнынан түсіп) Бұл кім болды? (жылжып жоқ болады. Бас режиссер столға басын қойып қор ете түседі. Сахнаның екінші бетінен жай басып Гоголь шығады)

Гоголь – (өз-өзіне) Бас режиссер? Бұл қай театрда жұмыс жасайтын еді? Мәскеу, Санкт-Петербург (ойланып) әлде Малороссияның?.. (столды айналып өтіп) Ұқсамайды. Бірақ түрі таныс, жатысы да... (арақтың бөтелкесін қолына жирене алып) «Русский стандарт». Шығармайтындары жоқ. (бас режиссер қорылдайды) Қорылы да таныс

Бас режиссер – (ұйықтап жатқан қалпы) Гоголь? Қанымды ішіп біттің ғой менің!

Гоголь – (таңырқап) Ұйықтап жатса да мені танып тұр-ай! О, тоба! Көріпкел екен. Пушкинге айтайын. Қатырып тұрып өлең жазсын. «Ұйқыдағы әулие» деп. (бас режиссерді таяғының ұшымен түртеді) Ей, тұр. Пушкин өлеңінің болашақ кейіпкері.

Главный режиссер –(наливает себе ещё одну рюмку водки) Потому!

Даша – Дорогой, я тебе не Галя и не Таня. Я – яркая звезда!

Главный режиссер – (опрокинув в рот рюмку водки) Яркая звезда! Нет, все вы - лампочки. Понятно? Если два раза щёлкнуть по голове (щёлкает Дашу по голове) Если вот так щёлкнуть два раза, тресните и погаснете.

Даша – (делая вид, что плачет) Не любишь меня, знаю.

Главный режиссер – Любить?

Даша – Да. Если бы любил, то на роль Агафьи Тихоновны утвердил бы с самого начала меня.

Главный режиссер – (разомлев) Дам тебе эту роль. Теперь твоя очередь. (начинают лобзать друг друга)

Даша – (озираясь по сторонам) Шаги чьи-то слышны. (встав с его колен) Кто же это идёт? (скользнув, исчезает) Главный режиссер уронив голову на стол, захрапел. С другой стороны сцены медленно ступая, появляется Гоголь)

Гоголь – (сам себе) Главный режиссер? А в каком он театре работает? В Москве, в Санкт-Петербурге (задумчиво) или Малороссии? (обойдя стол) Непохож. Но вид знакомый, да и поза. (брезгливо взяв в руки бутылку из-под водки) «Русский стандарт». Что только не выдумают. (главный режиссер всхрапывает) И храп знакомый.

Главный режиссер –(во сне) Го-голь? Всю мою кровь выпил!

Гоголь – (удивлённо) Даже во сне узнаёт меня, а? О, диво! Ясновидящий, выходит. Расскажу Пушкину. Пусть сочинит стихи. Под названием «Спящий провидец» (тыкает острием трости спящего главного режиссера) Эй, будущий персонаж стихотворения Пушкина, вставай.

Бас режиссер – (жатқан қалпы қолын сермелеп) Мазамды алма. Кет дедім. Жевакин сволоч! Агафья сучка!

Гоголь – (таяқ ұшымен және түртіп) Подколесин, Аничкин, Яичница...

Бас режиссер – (сол қалпы) Қатын таңдаған кілең бойдақ. Қырт өңшең! Ал, мен екі әйел жібергенмін. (екі саусағын шошайтып айқайлап басын көтеріп алады) Екеу. Керек болса (жылыстап бара жатқан Гогольге шошып қарап көзін уқалайды) тағы алам!

Маша – (жылжып жанына келеді) Неге шошыдың? Даусың тіпті құлағымды тесіп кетті ғой.

Бас режиссер – Елес... Елес айналдырып жүр мені. (ойланып) Гоголь келді ме? Мүмкін емес.

Маша – (Даша сияқты ол да алдына отыра кетіп) Қойшы, жаным, қайдағыны айтпай. Кісінің зәресін ұшырып... Жүйкең тозған, (шашынан еркелете сипап) жүйкең.

Бас режиссер – Сендер тоздырмай қоясындар ма? (араққа қол созады)

Маша – Өз қолыммен құйып берейін, жаным. (ол ішіп салады) Агафья Тихоновнаның ролін алдымен маған берсең, бәрін о`кей қылар ем. О`кей! Жаның шабақталып бұлайша қиналмас ең. Агафья екеуіміз түйедей құрдаспыз.

Бас режиссер – (мас қалпы) Берем. Бәрін берем. (құшақтасады)

Сахна қараңғыланып, жарық кері жанғанда, иә, сахна айналғанда театр директорының кабинеті көрінеді. Кабинетте театр директоры мен Қызтуған.

Қызтуған – (өкпелі) Он бес жылдан бері сорлы басым бір өзің деп келіп ем... (жыламсырап) Өкпе менікі де, орден олардікі болды ғой.

Главный режиссер – (отмахиваясь в спящем состоянии) Оставь меня в покое. Уйди, говорю. Жевакин сволочь! Агафья сучка!

Гоголь – (снова тыкая тростью) Подколесин, Аничкин, Яичница...

Главный режиссер – (в том же положении) Сплошь холостяки, ищущие себе жён. А я, вот, бросил двух жён. (подняв вверх два пальца, приподнимает голову с криком) Двух. Надо будет, - (глядя на тихо удаляющегося Гоголя, испуганно протирает глаза) женюсь снова!

Маша – (подкрадывается к нему) От чего ты испугался? Голос твой чуть не продрыжил мне уши.

Главный режиссер – Видение... Видение... кружит вокруг меня. (задумавшись) Приходил, Гоголь? Не может быть.

Маша – (Также как и Даша, садится на его колени) Не выдумывай, дорогой. Пугаешь прямо меня... Нервы расшатались, (поглаживая ласково его голову) нер-вы.

Главный режиссер – Да уж, разве после вас что-то останется? (тянется рукой к бутылке)

Маша – Дай, я налью своей рукой, дорогой. (он выпивает) Если бы с самого начала дал мне роль Агафьи Тихоновны, то всё бы я бы сделала о`кей. О`кей! Душа твоя так бы не измучилась. Мы же вдвоём с Агафьей абсолютные ровесницы.

Главный режиссер – (пребывает в пьяном состоянии)) Дам. Всё отдам. (обнимаются)

Сцена затемняется, когда она поворачивается, вновь освещается. Кабинет директора театра. Сидят он и Кызтуған.

Кызтуған – (обиженно) Пятнадцать лет назад я, несчастная, пришла сюда из-за тебя... (всхлипывая) Мне, значит, - обида, а орден, получается, - им.

Театр директоры – Қызтуған, (жалынышты) түсінесің ғой, жас күштер бой берер емес. Енді...

Қызтуған – (ашулы, қол сілтеп) Ендігісі керек емес.

Театр директоры – Фекла...

Қызтуған – Әркімге бай іздейтін сол суайт кемпіріңді айтпашы. Әлде мына өмірде де мені сол Фекла Ивановнаның ролінде көресің бе? Айт! Ашығын айт! Тап қазір!

Театр директоры – Жаным...

Қызтуған – (жұлынып) Өйткен жаның шықсын!

Театр директоры – (сыбырлап) Сен саясатты түсінбей жүрсің.

Қызтуған – (сәл жібіп) Саясат? Қандай саясат?

Театр директоры – (күлмендеп) Әкел, құлақты. (сыбырлайды, Қызтуғанның санынан шымшиды)

Қызтуған – (көзі жайнап қуанып) Қойшы?..

Театр директоры – Рас!

Қызтуған – (орнынан атып тұрып театр директорының алдына секіріп мінеді) Солай боларын жүрегі құрғыр сезіп еді. Жаным сол! (осы кезде сахнаның екінші шетінен жай басып еңсесі түскен бас режиссер келе жатады. Оны көріп қалған Қызтуған «Ойбай» деп театр директорының алдынан секіріп түседі) Сендер бар ғой, мысықтабандап жүріп кісіні үркітіп өлтіресіңдер, үркітіп... (жылжып жоғалады)

Театр директоры – (түк болмағандай) Кел, төрлет. Өзіңді тосып отыр едім.

Бас режиссер – Түсімде Николай Васильевичті көрдім.

Директор театра – Кызтуған (умоляюще), понимаешь же, молодые кадры не дают покоя. Потом...

Кызтуған – (рассерженно махнув рукой) Потом уже не нужно.

Директор театра – Фекла...

Кызтуған – Не говори про эту старую лгунью и сводницу. Или ты и в жизни видишь меня в роли этой Феклы Ивановны? Отвечай! Говори прямо! Прямо сейчас!

Директор театра – Душа моя...

Кызтуған – (издёрганно) Пусть такая душа вылетит из тела!

Директор театра – (шепчет) Ты не понимаешь политику.

Кызтуған – (слегка смягчившись) Политику? Какую политику?

Директор театра – (лукаво улыбаясь) Дай сюда ухо. (шепчет и щиплет Кызтуған за бедро)

Кызтуған – (глаза обрадованно заискрились) Правда?..

Директор театра – Правда!

Кызтуған – (вскакивает с места и запрыгивает на колени директора театра) Чувствовало моё несчастное сердечко, что так и будет. Душа моя! (в это время из другой стороны сцены, медленно ступая, появляется усталый главный режиссер. Заместившая его Кызтуған, вскрикнув «Ой», спрыгивает с колен

Директор театра – (словно ничего не произошло) Проходи, проходи. Ждал тебя.

Главный режиссер – Видел во сне Николая Васильевича

Театр директоры – Ойбай, не деді? Не хабар айтты?

Бас режиссер – Аузы берік адам ғой. Тұрып-тұрып бір күрсінді де шыға жөнелді.

Театр директоры – Жарықтық, сенің ішіп кеткеніңе қапа боп жүр ғой. Артистерге де риза емес.

Бас режиссер – Көргім келмейді соларды.

Театр директоры–Артист баққан тауық баққанмен бірдей. Айдасаң, пышырап аулаға кірмейді.

Бас режиссер – Қайтеміз енді? Алда...

Театр директоры –(даусы құмығып) Маған енді тынышымен зейнетақы да бұйырмас. Балағат естіп кететін болдым. Министрлік пен Гоголь түбіме жетпей тынбас.

Бас режиссер – (аяп) Таусылмаңызшы. Ертең дайындықты кері бастаймын.

Театр директоры –(қуанып) Сөйт, айналайын! Өй, зекетің кетейін. Қазір жиналыс өткізіп, шаңдарын қағамын. Түгелдей. Әлгі театр сыншысы қайда жүр? Шақырайық оны да. (қоңыраулатқан дауысты естіп, жүгіре басып артистер жетеді. Театр сыншысы да бар)

Бас режиссер – Тегіс жиналды.

Театр директоры –Бірақ шаруа тегіс емес. Бар мен жоқтың ортасында ілініп тұрмыз.

Арон Арысович – (сұраулы өңмен) Ілініп? (сосын көзін сығырайтып, қуланып айналасындағыларға қарайды)

Театр директоры –Осы тұрған біреуің басты рольге жарамайсыңдар. Шеттеріңнен қияли. Сахна мен шынайы өмірдің ара жігін ажырата алмайсыңдар.

Директор театра – Да, ну! Что он сообщил?

Главный режиссер – Замкнутый же человек. Постоял, постоял, вздохнул тяжело и ушёл.

Директор театра – Покойный огорчается от того, что ты запил. Недоволен и артистами.

Главный режиссер –Видеть их не желаю.

Директор театра – Пестовать артистов, - что кур пасти. Загоняешь их во двор, а они разбегаются кто, куда.

Главный режиссер – Что делать-то? На носу..

Директор театра – (с приглушённым голосом) Теперь мне спокойно даже на пенсию не выйти. Придётся уйти со скандалом. Министерство вместе с Гоголем не успокоятся, пока меня в могилу не сведут.

Главный режиссер – (жалая) Не переживайте. Завтра же начну репетиции снова.

Директор театра – (обрадованно) Да, да, правильно, дорогой! Родной мой. Сейчас же соберу собрание и встряхну с них пыль. Со всех. А где этот театральный критик? Пригласим и его. Пусть придёт. (услышав звуки сбора, прибегают артисты. С ними прибывает и театральный критик)

Главный режиссер – Собрался весь состав.

Директор театра – Но дело не сдвинулось. Висим посередине того, что есть и чего нет.

Арон Арысович – (с вопросительным взглядом) Висим? (потом хитро сощурившись оглядывает обрадованно всех вокруг)

Директор театра – Ни один из собравшихся здесь не подходит на главную роль. Сплошь чокнутые. Не отличаете сцену от реальной жизни.

Олеся – Оны экспромт дейді, ағай.

Бас режиссер – Киім цехы, тыныш тұр.

Олеся – Мен... бұрынғы актрисамын. Ұжым мүшесімін.

Театр директоры – (столын ұрып) Доғар! Экспромт! Онда үйлерінде бажылдатып қатын сабағандарыңды, баймен ұрыссып, басқамен қыдырғандарыңды көрермен алдына алып шығыңдар.

Олеся – Мен де бай да жоқ, басқа да жоқ! (көкшендеп) Байқап сөйлеңіз.

Бас режиссер – Жетті, Олеся!

Театр директоры – Сахна қасиетті! Өңшең өнердің киесі ұрғыр!

Бас режиссер – Ертеңнен бастап дайындық үш мезгіл жүреді. Ескертем! (столды саусағымен ұрып)

Театр директоры – (сыншыны нұсқап) Атақты театр сыншысы. Арнайы келді. Министерство жіберіпті. (артистердің таңданған, күңкілдеген дауыстары естіледі) Сөз сізде, сыншы мырза.

Театр сыншысы – (тамағын кенеп) Мен өзім еңбек сіңірген өнер қайраткерімін. «Үйленуді» студент кезімде оқығанмын. Қазір ұмытып қалыппын. (артистердің күлкісі, қимыл қозғалысы, мазағы)

Театр директоры – Батыл, батыл сөйлеңіз, сыншы мырза.

Театр сыншысы – Әрине, үйлену керек. Бірақ кімге?

Арон Арысович – Адамды қинайтыны осы жағы ғой.

Театр сыншысы – Мәселен, Қытайда 50 млн. бойдақ жігіт бар. Бәрі де жар таба алмай зарығып жүр.

Олеся – Это экспромтом называется.

Глав. режиссер – Костюмерная, стой молча

Олеся – Я бывшая актриса. Член коллектива.

Директор театра – (Ударя кулаком по столу) Молчать! Экспромт! Тогда выносите на суд зрителей, как вы дома избиваете визжащих жён, скандалы с мужьями, похождения с любовниками.

Олеся – У меня нет ни мужа, ни кого-то другого! (дерзко) Следите за своим языком.

Главный режиссер – Хватит, Олеся!

Директор театра – Сцена божественна! Среди всех искусств она святыня!

Главный режиссер – С завтрашнего дня репетиции будут проходить три раза в день. Предупреждаю! (бьёт пальцем о стол)

Директор театра – (указывая на критика) Знаменитый театральный критик. Министерство направило. (слышатся удивлённые и недовольные роптания артистов) Вам слово, господин критик.

Театральный критик - (прокашлявшись) Я сам заслуженный деятель искусств. «Женитьбу» читал ещё в студенчестве. Сейчас подзабыл. (ехидный смех артистов, издёвки)

Директор театра – Говорите смелее, смелее, господин критик.

Театральный критик - Конечно, жениться надо. Но на ком?

Арон Арысович – Именно это обстоятельство мучает людей.

Театральный критик - Например, в Китае 50 миллионов холотяков. Все они мучаются в поисках жён.

Галя– Ах!

Таня – Ох!

Даша – Рас па?

Маша – Обал-ай!

Олеся – Қыздар, қойыңдар. Бәрі бұйырмыстан.

Театр сыншысы –Жалпы маған Гогольдің «Ревизоры» ұнайды. Мен білсем, болашағы зор шығарма.

Бас режиссер– (бас бармағын шошайтып) Гениально!

Театр сыншысы –Солай. Қазірде өзім қалалық әкімшілік жанындағы драма үйірмесін басқарамын. «Ревизорды» дайындау үстіндеміз. Мен Хлестаковтың...

Бәрі – Хлестаковтың (таңданыс, сүйсініс, кекету аралас)

Театр сыншысы – Иә. Ал, (сұқ саусағымен көкті шұқып) қала әкімі болса, городничий Сквозник-Дмухановскийдің ролінде.

Бәрі – Қала әкімі!

–Сквозник

–Дмухановскийдің ролінде! (таңданыс, сүйсініс, кекету аралас)

Театр сыншысы –

Иә! (мақтанышпен) Сол еңбегіме қолма қол үш бөлмелі пәтер сыйлады. Енді «LIXUS» машинасын сұрамақпын. Айтпақшы, оның өзі менің әйелімді... (осы кезде сахнаға қолында бір бет қағазы бар театр директорының әйелі жүгіре басып шығады. Ашулы, адуынды. Бәрі аңтарылып қалады)

Театр директорының әйелі – Тырп етпендер! Мына хатты жазған қай антұрған?!

Галя– Ах!

Таня – Ох!

Даша – Правда?

Маша – Как их жаль!

Олеся – Девушки, прекратите. Всё из-за невезения.

Театральный критик - А мне из Гоголя нравится «Ревизор». Насколько я знаю, большое будущее у этого произведения.

Главный режиссер – (вскинув вверх большой палец) Гениально!

Театральный критик - Именно так. В данное время я руковожу драматическим кружком при городской администрации. Готовим сейчас «Ревизора» Я роль Хлестакова...

Все– Хлестакова (в реплике уливаются удивление, недовольство, издёвки)

Театральный критик - Да. А (тыча указательным пальцем в небо) мэр города – роль городничего Сквозник-Дмухановского.

Все –Мэр города?!

–Сквозник

–Дмухановский

–В роли! (в репликах уливаются удивление, недовольство, издёвки)

Театральный критик -

Да! (хвастливо) За эту работу мне подарили трёхкомнатную квартиру. Теперь хочу попросить автомобиль «LIXUS». Кстати, он сам с моей женой... (в это время на сцену вбегают жена директора театра, в руках у неё лист бумаги. Рассерженная, разневанная. Все вмотрят с удивлением)

Жена директора театра – Всем стоять на месте! Какой клязник написал это письмо?!

Бәрі – Хаты несі?
–Қол қойып па?
–Мазмұны қандай?
–Ал, тырп етпедік.

Театр директорының әйелі – Тырп етпедер! Тыңдаңдар, көне! (хатты оқиды) «Театр директоры артистерді алалайды. Өмір бойы басты рольді тек Қызтуған орындап келеді. Оның Күндеқыз деген лақап аты бар. Бес байға санап тұрып (саусағын шошайтады) тиген. Соңғы он бес жылдан бері театр директорымен көзқасы бар. Бізді қызғанып оның қасына жолатпайды. Директордың кабинетінде роль бөлетін диван тұр. Сол диванның орта тұсы ішіне қарай ойылып кеткен. Сол ойық Қызтуғанның құйрығының өлшеміне дәлме-дәл келеді...» (қолынан қағазы түсіп кетеді)

Бәрі – Рас қой!
–Құтылсақ екен!
–Қандай жақсы жазған!
–Тура кітаптың сөзіндей!
–Ағып тұрған поэзия!
–Жаттап алайық!

Қызтуған –(бажылдап) Өтірік, жала!

Театр директорының әйелі – (іргеде тұрған диванға үңіледі, сосын Қызтуғанды айналып, құйрық тұсына қарайды) Ах, сайқал! (Қызтуған қашады, театр директорының әйелі оны қуып жүріп бетін тырнайды. Қызтуған қашып жүрсе де, Олесьяның бетін тырнайды. Олесья өшін кімнен аларын білмей жанталасады. Бұл арада қашты-қудымен қоса артистердің осы сәтке сай биі беріледі. Жартылай төбелес, жартылай би, думан)

Театр сыншысы – Мынау жаңа шығарма ғой. Авторы кім, авторы? Комедия ма?

Все – Какое письмо?
–А подпись есть?
–А что там написано?
–Ну, стоим на месте.

Жена директора театра – Не двигаться! А ну-ка, слушайте! (читает письмо) «Директор театра относится к артистам неодинаково. Вся жизнь главные роли исполняет лишь Кызтуган. У неё даже прозвище есть: Ежедневнодева. Пять раз (демонстрирует растопыренные пальцы ладони) выходила замуж, но ни с одним из них не прижилась. Все последние пятнадцать лет она водит шуры-муры с директором театра. Она ревнует его и не подпускает к нему никого. В кабинете директора стоит диван для распределения ролей. Середина этого дивана провалилась. Этот провал в точности соответствует габаритам ягодиц Кызтуган... (лист бумаги выпадает из её рук)

Все – Правда же!
–Избавиться бы!
–Как здорово написано!
–Прямо литературным языком!
–Сплошная поэзия!
–Давайте выучим!

Кызтуган –(визгливо) Ложь, оговор!

Жена директора театра –(обходит диван, стоящий в углу, затем оценивающе оглядывает тыльную часть тела Казтуган) Ах, бестия! (Кызтуган пытается сбежать, жена директора театра в погоне царапает её лицо. Кызтуган хотя и пустилась бежать, пытается оцарапать лицо Олеси. Олесья мечется, не зная на ком возместить свою злость. В этой суматохе борьбы исполняется соответствующая ситуации пляска. Наполовину раздрай, наполовину танец, шум-гам)

Театральный критик - Это же новое видение произведения. А кто автор, автор? Это же комедия, да?

Театр директоры –Құры, құры дедім!

Театр сыншысы –Образға бірден еніпті. Ғажап! (қағаз қаламына жармасып) Қатырып тұрып газетке жазамын. Жаһанға жар саламын.

Төртінші көрініс

Сахнада бас режиссер, Даша, Подколесин, Жевакин, Яичница.

Бас режиссер – Бүгінгі дайындығымыз өте жақсы. Сөз, әрекет – бәрі қалпына келді. Даша, жарайсың.

Даша – Рахмет.

Бас режиссер – О баста-ақ, Агафьяның роліне сені бекітуім керек еді.

Даша – (алдына келіп иіліп) Ештен кеш жақсы.

Бас режиссер – Жевакин, Яичница, сендер ертеңге дейін боссыңдар. Қазір біз пьесадағы Подколесин мен Агафья Тихоновнаның шиеленісті сәтіне, яғни концовкаға кірісеміз. (Жевакин, Яичница роліндегі артистер кетеді)

Арон Арысович – (өз-өзінен толғанып, әрлі-берлі адымдап) «Сүйікті ханым..... сүйікті ханым.... рұхсат ет.....»

Даша – (өз-өзінен қуыстанып) Келіп қалса қайттім? Ол тіпті спектакль дегенді мүлдем түсінбейді.... Құдайым-ай!

Бас режиссер – (Шапалақ ұрып) Міне, нағыз артист осылай толғану керек. Ішкі дайындық, өз-өзіңнен булығы, жарылу керек! Жарайсыңдар, ал бастадық. Подколесин, кәне, бақталастардың бәрінің алдын орап Агафья Тихоновнаны өзіңізге жар еткелі тұрсыз. Бастаңыз.

Арон Арысович – (иіліп) «Сүйікті ханым, рұхсат ет.»

Директор театра – Прочь! Пошли прочь!

Театральный критик - Непременно напишу в газету. Протрублю на весь мир.

Акт четвёртый

На сцене главный режиссёр, Даша, Подколесин, Жевакин, Яичница.

Главный режиссер –Сегодняшняя подготовка прошла отменно. Речи, действия – всё на своих местах. Даша молодец.

Даша – Спасибо.

Главный режиссер – О, с самого начала на роль Агафьи надо было утвердить тебя.

Даша – (подойдя к нему, кланяется) Лучше позже, чем никогда.

Главный режиссер – Жевакин, Яичница, вы свободны до завтрашнего утра. А сейчас мы приступим к осложнению ситуации в пьесе между Подколесиным и Агафьей Тихоновной, то есть к развязке. (артисты, исполняющие роли Жевакина, Яичницы, уходят)

Арон Арысович – (рассуждая сам с собой, шагая то вперед, то назад) «Да, позвольте, сударыня, я хочу, чтобы сей же час было венчание».

Даша – (обособляясь) Что мне делать, если он вдруг появится? Он совсем не понимает, что такое спектакль... О, Боже мой!

Главный режиссер – (Хлопая в ладоши) Вот, настоящий артист именно так должен рассуждать. Внутренняя готовность, должен задыхаться, взрываться изнутри! Молодцы, ну, начнём. Подколесин, ну-ка, обойдя всех своих соперников, собираетесь жениться на Агафье Тихоновне. Начинайте.

Арон Арысович – (кланяясь) «Да позвольте, сударыня...»

Даша – Не нәрсеге? (алаң көңілмен)
Түсінбедім.

Бас режиссер – (ойбайлап) Жап аузыңды, Даша! Ол әлі сөзін аяқтаған жоқ. Подколесин, қайтадан баста.

Арон Арысович – Даша, жалпы сен қызықсың, мен сенен не сұраушы ем.

Бас режиссер – (ойбайлап) Подколесин, сценарий бойынша сөзіңді айт!

Арон Арысович — «Сүйікті ханым, рұқсат ет, мен Сізбен тап қазір неке қидырғым...»

Даша – (шаптығып) Менің ешкімге тоқал болғым келмейді.

Бас режиссер – (ойбайлап, жер тоқпақтайды) Өңшең топас! Сендерді Гогольдің аруағы атсын!

Арон Арысович – «...тап қазір неке қидырғым келеді.» (осы кезде сахнаға алты-сегіз жастағы бала жүгіріп шығып, Дашаның етегіне жармасады)

Бала – Мама, (шырқырап) бұл аға маған ұнамайды.

Даша – Қой, дейм.

Бала – Тимеші оған, ЗАГС-ке бармашы дейм.

Бас режиссер – (айқайлап) Баланы әкетіндер! Тез!

Арон Арысович – «...тап қазір неке қидырғым келеді.»

Даша – (шаптығып) Әкемдей адаммен қалайша неке қиямын? Мұны күйеуге тиейін деп жүрген жігітім естісе не бетімді айтамын?

Бас режиссер – Бұл – спектакль! Түсінесің бе, спектакль!

Даша – К чему? (с беспокойным чувством) Не поняла.

Главный режиссер – (возмущённо) Рот закрой, Даша! Он ещё не завершил речь. Подколесин, начинай снова.

Арон Арысович – Даша, интересная ты, что я могу у тебя просить.

Главный режиссер – (возмущённо) Подколесин, речь держи по сценарию!

Арон Арысович —«Да позвольте, сударыня, я хочу, чтобы в сей же час было венчание...»

Даша –(с руганью) Я не хочу быть ни у кого второй женой!

Главный режиссер –(взбешенно, притаптывая землю) Сплошь тупицы! Пусть вас поразит дух старика Гоголя!

Арон Арысович – «...чтобы в сей же час было венчание...» (в это время на сцену вбегает ребёнок лет шести-семи и хватается за подол платья Дашы)

Ребёнок–Мама, (громко плача) этот дяденька не нравится мне.

Даша –Прекрати.

Ребёнок –Не выходи за него. Не иди, говорю, в ЗАГС.

Главный режиссер – (кричит) Уберите ребёнка! Быстро!

Арон Арысович –«...чтобы в сей же час было венчание...»

Даша – (разгневанно) Как я могу выйти замуж за человека, который в отцы мне годится?! Что я скажу, если об этом узнает мой жених?

Главный режиссер – Это – спектакль! Понимаешь, спектакль!

Даша – Жігітім онсыз да баламмен қоса аламын деп уәде берген.

Бас режиссер –Театр сыншысы, қайда кеттің? Айтсаңшы, мыналарға! Құртты ғой мені. (театр сыншысы стол иә жабынды астынан шыға келеді)

Театр сыншысы –Мен кеше ғана Гогольдің осы пьесасын оқып шықтым. Онда баланың ролі жоқ. Біз қалалық драма үйірмесі «Ревизорды» дайындау үстінде... (осы кезде сахнаға Гоголь шығады. Ашулы. Даша, бала, Арон Арысович, бас режиссер кейінге шегіне береді, қараңғыға сіңіп жоғалады)

Гоголь – Эй, сыншым, кел бері, жақында.

Театр сыншысы – (сасып) Николай Васильевич... Сіз шынымен де, Гогольсіз бе?

Гоголь – (тыжырынып) Сол... өзімін... Менің пьесаларыма «Санкт-Петербургские ведомости» газетінде, «Колокол» журналында сын жазатын Сіз бе?

Театр сыншысы –(жанталасып) Жо-жоқ! Мен жаңа заманның сыншысымын. Кешіріңіз, Гоголь мырза, Сізге бір сұрақ беруге бола ма?

Гоголь –Бер.

Театр сыншысы –Сізді әлдеқашан өліп қалды деп еді ғой.

Гоголь –(күліп) Мені тірілей көмгенсіндер, құтылғыларың кеп. Ал, мен оянып кеттім. Қайтіп өлмеске бекінгем. Рухым тірі!

Театр сыншысы – Астафыр-алла, (сасып) енді қайттім?

Гоголь – Сквозник-Дмухановскийің халықты әлі зар жылатып тонап жүр ме, Хлестаков?

Даша –Жених мой и так обещал взять меня с ребёнком.

Главный режиссер –Театральный критик, куда же ты делся? Скажите им! Убивают меня (театральный критик выныривает из-под покрывала стола)

Театральный критик - Я только вчера перечитал эту пьесу Гоголя. Там нет роли ребёнка. Мы в драматическом кружке во время подготовки «Ревизора» ... (в это время на сцене появляется Гоголь. Сердит. Даша, ребёнок, Арон Арысович, главный режиссер отступают назад во темноту, пропадают)

Гоголь – Эй, критик мой, подойди поближе.

Театральный критик - (растерянно) Николай Васильевич... Вы на самом деле, Гоголь?

Гоголь – (нахмурившись) Именно... он самый... Это вы пишете критику на мои спектакли в газете «Санкт-Петербургские ведомости» и журнале «Колокол»?

Театральный критик - (расстерявшись) Не-не-нет! Я критик современной эпохи. Извините, господин Гоголь, можно Вам задать один вопрос?

Гоголь – Задавай.

Театральный критик -Говорили же, что Вы умерли давным-давно.

Гоголь –(рассмеявшись) Меня, избавиться желая, вы закопали живьём. А я ожил. Твёрдо решил не умирать уже вовсе. Дух мой жив!

Театральный критик -О боже мой (испуганно) что же мне делать-то?

Гоголь – Хлестаков, Сквозник-Дмухановский по прежнему грабит народ, ввергая его в бедственное состояние?

Театр сыншысы – Жазушы жолдас, біз тек сіздің пьесаңыздың ролінде ғана жүрміз. Ал, былай өмірде басқа, мүлдем басқамыз. Өнер үшін....

Гоголь – Өнер үшін? Өнерден садаға кет, сөз сатқан саудагер.

Театр сыншысы – Қазірде сатылмайтын нәрсе бар ма?

Гоголь –Қалған шығар, ар, ұят, имансыз қоғамның кішкентай кансорғыш кенесі. Киімдерің өзгергенмен пейілдерің өзгермепті. Құлқындарың... Ай-ай-ай! (басын ұстайды)

Театр сыншысы – (едірейіп) Жазушы жолдас, өйтіп намысыма тимеңіз. Әйтпесе намысымды таптады деп сотқа жүгінемін.

Гоголь – Жоқ нәрсені сот қайдан іздеп тауып береді, ей, пайдашыл пендем?

Театр сыншысы – Пайдашыл? Сонда мені жемқор дегіңіз келе ме?

Гоголь – (қаһарына мініп) Иә! Тап солай! Менің атымды сатып сыйлыққа үш бөлмелі пәтер аласың, а? (сыншы бұға түседі) Енді «Lexus» машинасына мінгің келеді, а? Тағы, тағы қандай арманың бар?

Театр сыншысы – (міңгірлеп) Пьесаңызды қойғым келіп.....

Гоголь – Сахнадағы роль мен өмірдегі тірліктерің бір-бірінен аумай қалған, кәззап! (таяғымен сыншыны ұрып жібереді)

Театр сыншысы – (қашып) Ойбай, енді қайттім?

Гоголь – (қуалап ұрып) Осы заманның сайқалы... Әлі өріп-өріп жүр екенсіңдер...

Театральный критик -Товарищ писатель, мы только играем роли в вашей пьесе. А на самом деле, в жизни мы совсем другие. Ради искусства...

Гоголь – Ради искусства? Прочь от искусства, продающий слова торгаш!

Театральный критик - А разве сейчас осталось что-либо непродажное?

Гоголь – Наверное, осталось, честь и совесть. (пауза) Маленькая стая паразитов безбожного общества. Хоть изменились ваши наряды, но не изменились нравы. Ваши нравы... Ай-ай-ай! (хватается за голову)

Театральный критик- (набывчив взгляд) Товарищ писатель, вы не трогайте моё достоинство. Иначе подам на вас в суд за оскорбление чести.

Гоголь – Эй, барышник, как и где найдёт суд того, чего нет?

Театральный критик – Барышник? Значит, вы хотите сказать, что я хапуга?

Гоголь – (разгневанно) Да! Именно так! Продавая моё имя, получил трёхкомнатную квартиру, так? (театральный критик пригнулся) А теперь хочешь сесть на автомобиль «Lexus», так? Какие, какие ещё мечты у тебя есть?

Театральный критик – (бормоча) Хотел поставить вашу пьесу...

Гоголь – Ваши сценические роли и повадки в жизни, как две капли воды похожи друг на друга, подлец! (бьёт своей тростью театрального критика)

Театральный критик –(пытаясь убежить) Спасите!

Гоголь – (лупит, преследуя) Современные развратники, до сих пор кишите тут!

Театр сыншысы – Араша, халқым, араша!

Гоголь – Сендерді арашалайтын халық қалды ма? (пауза) Ел бар ма, сендерде? Өңшең алаяқ.

Сахна айналады. Бас режиссер, Қызтуған, Арон Арысович дайындық үстінде.

Бас режиссер – (шапалақ ұрып) Дайындықты бүгін бітіреміз. Соңғы прогон! Агафья Тихоновна, Подколесин, кәне, орындарыңа! (қол телефоны шырылдайды) Галя, сен бе? Таня, ну, Даша, (артистерге) терезеден секіріп қашқанға дейінгі жолды жүріп өтіңдер. Қазір келемін. (кетеді)

Арон Арысович – (қуланып) Ия, Қызтуған, құтты болсын Агафьяны өзің иемдендің.

Қызтуған – (қылымсып) Қылығымыз әлі күнге қыздан бетер.

Арон Арысович –(қуақыланып) Бетіңді кәдімгідей тырнап тастапты.

Қызтуған – Іштар, қызғаншақ қатын да....

Арон Арысович –Арыз жазған кім екен?

Қызтуған – Көріпкелге карт аштырғам, Олесяның тобы деді.

Арон Арысович – Осы спектакль бітсін, тура министрдің өзіне барып кірем.

Қызтуған – Сөйт. Осыдан орден алайын, мен де бұлармен басқаша сөйлесермін.

Арон Арысович –Айтпақшы, директордың денсаулығы қалай екен?

Қызтуған – Инфаркт алыпты... Көкжал қатын қоя ма, жанын жеп....

Арон Арысович –Сенің де үлесің жоқ емес шығар.

Театральный критик – Заступитесь, спасите!

Гоголь – Разве остались люди, кто бы заступился за вас? (пауза) Есть у вас страна? Сплошь пройдохи.

Сцена поворачивается. Главный режиссёр, Қызтуған, Арон Арысович репетируют.

Главный режиссер – (хлопая ладонями) Сегодня заканчиваем репетиции. Последний прогон! Агафья Тихоновна, Подколесин, ну-ка, на место! (звонит сотовый телефон) Галя, ты? Таня, ну, Даша, (артистам) прогоните действия до эпизода прыжка в окно и побега. Сейчас приду. (уходит)

Арон Арысович – (лукаво) Да, Кызтуган, поздравляю, присвоила Агафью.

Кызтуган – (жеманно) Прелести наши более шустры, чем у девок.

Арон Арысович – (хитровато) Лицо твоё серьёзно расцарапано.

Кызтуган – Эта ревнивая баба, завистница...

Арон Арысович – А кто же написал донос?

Кызтуган – Ходила к гадалке, карты выпали, что это группировка Олеси.

Арон Арысович – Пусть пройдёт этот спектакль, прямиком пойду к самому министру на приём.

Кызтуган – Сделай это. Как только получу орден, я тоже буду говорить с ними уже по другому.

Арон Арысович – Кстати, как здоровье директора?

Кызтуган – Инфаркт получил... Конечно, жена-стерва довела...

Арон Арысович – Наверное, и не без твоего участия.

Қызтуған – Кезінде өзің қатын ғып алсаң, қайда қалдың? Қаймағымды қалқып ішіп, (күліп) қалғанына қаспағын жалатып...

Арон Арысович –(өтірік шошып) Кет-әй!

Қызтуған – Өтірік деші?

Арон Арысович – Ой, дәурен-ай! (осы кезде жүгіре басып бас режиссер келеді)

Бас режиссер – Дайынбыз ба? Қай жеріне келдіңіздер?

Қызтуған – Тура терезеден секіретін жерде тұрмыз.

Арон Арысович – Оған дейінгі эпизод ғажап шықты. Сұмдық!

Бас режиссер – (өзі жүріп көрсетіп) Кочкаров шығып кетеді. Ал, Агафья Тихоновна неке кидырамыз деп жанталасып той киімін киіп жатады. Әрине өз бөлмесінде. Сіз сол кезде терезенің алдына келіп монологыңызды айтасыз да «Құдайдың өзі жар болғай!» деп екінші қабаттан ышқынып секіресіз.

Арон Арысович –Бәрі түсінікті, тек қалай қарай секіруім керек?

Бас режиссер – (қолымен көрсетіп) Міне, былай қарай, театрдың ішкі бетіне қарай. Ал, бастаймыз. Агафья Тихоновна, Сіз барыңыз. Той киімін кие беріңіз. Ал, бастадық.

Арон Арысович –(биік те емес. Бір ғана фундамент оның өзі аласа... (басын сипап) Басымда картузым жоқ. Қалай көрінер екем?» Бас режиссер, қалай қарай секіретін едім?

Бас режиссер –Былай, (қолымен көрсетіп) театрдың ішкі бетіне қарай.

Кызтуған – Куда же ты смотрел в своё время? Нет, чтобы взять в жёны, - снял, выпив, сливки, а другим (рассмеявшись) оставив лизать накипь...

Арон Арысович –(делая вид, что вспуган) Да, брось ты!

Кызтуған – Попробуй, скажи, что, лгу?

Арон Арысович – О, времена! О нравы! (в это время вбегают главный режиссёр)

Главный режиссер – Готовы? До какого места дошли?

Кызтуған – Точно в том месте, когда надо прыгать из окна.

Арон Арысович – Все эпизоды до этого вышли здорово. Исключительно!

Главный режиссер – (ходит, показывая сам) Кочкаров уходит. А Агафья Тихоновна в нетерпении перед женитьбой примеряет свадебное платье. Разумеется, в своей комнате. А Вы в это время, подойдя к окну произносите свой монолог, и со словами «Господи, благослови!», поднатужившись, сгигаете со второго этажа.

Арон Арысович –Всё понятно, только в какую сторону прыгать-то?

Главный режиссер – (показывая рукой) Вот, в эту сторону, в сторону противоположную от зрительного зала. Так, начнём. Агафья Тихоновна, Вы идите. Прикидывайте на себе свадебное платье. Так, начали.

Арон Арысович –(подойдя к окну) «Ну, ещё не так высоко: только один фундамент, да и тот низенький» (погладив голову) «Даже нет картуза. Как же без шляпы?» Главный режиссёр, так куда сигать-то я должен?

Главный режиссер –Туда, (показывая рукой) в противоположную сторону от зрительного зала.

Арон Арысович –Түсіндім. «Ой, бәрібір биік қой!» (секіруге қамданып) «Құдайдың өзі жар болғай!» (секіреді. Бірақ шатысып, қарсы бетке оркестр апанына (яма) құлайды. Ойбайлаған, бақырған даусы шығады)

Бас режиссер – (тұра жүгіріп) Подколесин! Қайда секірдің? Есің дұрыс па? Ямаға! Оркестр апанына!

Арон Арысович-Подколесиннің ойбайын естіп, спектакльге қатысы бар артистер жан-жақтан жүгіре шығады. Азынаған «Жедел жәрдем» даусы естіледі.

Қызтуған – Ол – нағыз Халық артисі!

Бас режиссер – Жамбасы сыныпты, жамбасы!

Олеся – Өнер құрбандықты талап етеді.

Театр сыншысы –Шынайы дарын! Газетке жазамын. Жаһанға жар саламын! (екі дәрігер жүгіріп келіп, ойбайлап жатқан оны зембілге салып ала жөнеледі)

Бас режиссер –Дегенмен, спектакль өз мәресіне жетті. Құттықтаймын!
(артистер мез-мейрам боп бірін-бірі құттықтасып сүйіседі, құтырынған музыка, би бел алады. Орталарында өңірінде «Құрмет» орденін жарқыра таққан Қызтуған жүр.)

Қызтуған – Осы Маша қайда? Көрінбейді ғой!

Олеся – Ол роль тимеген соң кеше күйеуге қашып кеткен. Кәрі профессорға!

Қызтуған – (армандап) Бәрібір Гоголь маған бір бай бережақ. (шат-шадыман көңіл-күй жалғаса береді)

Шымылдық

Арон Арысович –Понял. «Ох! Однако же, высоко!» Ой, бәрібір биік қой!» (приготовившись к прыжку) «Господи, благослови!» (прыгает. Но, перепутав направление, падает в оркестровую яму. Слышны его вскрики, вопли)

Главный режиссер – (подбегая) Подколесин! Ты куда прыгнул? В своём уме? В яму! В оркестровую яму!

Услышав вопли Арона Арысовича-Подколесина, со всех сторон выбегают все артисты, имеющие отношение к спектаклю, Слышится вой сирены «Скорой помщи».

Кызтуған –Он – настоящий народный артист!

Главный режиссер – Перелом таза получил, таза!

Олеся – Искусство требует жертв!

Театральный критик – Настоящий талант! Напишу в газету. Протрублю на весь мир! (подбегают два санитары, кладут его на носилки и визжащего от криков уносят)

Главный режиссер – Тем не менее спектакль поставили на славу. Поздравляю!
(артисты радостно поздравляют друг друга, целуют, бешенная музыка, ошалелая пляска. В середине, блестя орден «Почёта», красуется Кызтуған)

Кызтуған –А где Маша? Почему-то её не видно!

Олеся – Она, коль ей не досталась роль, сбежала вчера замуж. За пожилого профессора!

Кызтуған – (размечтавшись) Всё равно, Гоголь остался моим должником. Он должен найти мне достойного мужа! (всё продолжается и завершается радостным бенефисом, шумом, гамом, смехом.

Занавес

ДВОЙНИК

Екі бөлімді, төрт көріністі драма
Қатысатын кейіпкерлер:

Бай
Әйелі
Қарындасы
Әкесі
Тергеуші
Конг-Қонбай
Күзетші
Двойник
1-2- шайтан
Хатшы қыз
1-2- жігіт
Конгтың әйелі
Баласы

ДВОЙНИК

Драма из двух частей и четырех действий
Действующие лица::

Бай
Жена Бая
Сестра Бая
Отец Бая
Следователь
Конг-Қонбай
Охранник
Двойник
1-ый и 2-ой шайтаны
Секретарша
1-ый и -2-ой жігіты
Жена Конга
Сын Конга

Бірінші көрініс

Қаржы полициясының кабинеті. Орта жастағы тергеуші столда отыр. Алды толған қағаз папка. Шаршаулы. Папкалардың бірін алып, екіншісін аударып-төңкеріп бас шайқайды. Және бірін қолына алып аңтарылып тұрып қалады. Залға сүзе қарап сұқ саусағын көтеріп, тағы да бас шайқайды. Сосын телефон түймесін басып тұрып, дауыстайды.

Тергеуші – Байды шақыр... Тез кірсін! (Көп папканың ішінен бірін суырып алып, парақтай бастайды).

Бай – (аса алаңдаулы) Азамат тергеуші, келіп тұрмын. (тергеуші басын көтермей қағаздарды аударыстыра береді). Азамат тергеуші...

Тергеуші – Ә, Бай, келген екенсіз. Отырыңыз, құйрық басыңыз. Неге шақыртқанымды сезетін шығарсыз?

Бай – (сасқалақтап) Тендер мәселесі шығар... Үш жыл бұрын алған бес миллиард теңге...

Действие первое

Кабинет финансовой полиции. Следователь среднего возраста сидит за столом. Стол заставлен бумажными папками. Усталый. Взял одну, полистал другую и покачал головой. Взял в руки еще одну папку и обеспокоенный встал. Посмотрел в зал пронизывающим взглядом и, подняв указательный палец, еще раз покачал головой. Затем нажал кнопку телефона, произнес.

Следователь - Позови Бая. Пусть быстро зайдет! (из массы папок вытащил одну и начал листать).

Бай - (встревоженно). Гражданин следователь, я пришел. (следователь не поднимая голову, перелистывает бумаги). Гражданин следователь...

Следователь - А, Бай, пришли. Присаживайтесь. Догадываетесь, зачем я вас позвал?

Бай - (растерянно) Наверное, насчет тендера... Три года назад взятые пять миллиардов тенге...

Тергеуші – (қабағын шытып) Жо-жоқ! Ол – бөлек мәселе. Бұған еш қатысы жоқ.

Бай – Бөлек мәселе? Он алты қабат он бес үйді уақытында тапсырдым... Қабылдап алды.

Тергеуші – (папканы алақанымен ұрып) Ол бөлек мәселе дедім. Оған да келеміз. Асықпаңыз.

Бай – Адам баласына қылдай қиянатым жоқ. Көптің бірімін. Бизнесменмін.

Тергеуші – (бас шайқап) Қиянатым жоқ?.. Әңгіме былай, Бай мырза. Сіздің әріптесіңіз, яғни партнеріңіз Қашқынбаевты әлдекімдер атып кетті. Солай ма?

Бай – Солай. Иманды болсын.

Тергеуші – Тапсырыс берілген. Киллер жалдаған.

Бай – Кім екен? Табылды ма, иттің баласы?!

Тергеуші – (сынай қарап) Табылады.

Бай – Табыңдаршы! (қос қолын селкілдетіп) Өз қолыммен!.. Буындырып, а, иттің баласын!

Тергеуші – Асықпаңыз... Біз бәрін де білеміз. Бірінші сұрақ. Партнеріңіз өлмей жатып 40 пайыз акциясын не себепті өз атыңызға жаздырып алдыңыз?

Бай – Әйелі мен баласына акция құнын төледім.

Тергеуші – Бір жылдікін ғана. Солай ма?

Бай – Келесі жылы фирмамыз банкротка кетіп қалар. Кім біліпті?

Тергеуші – Үм. (ойланып) Ендеше екінші сұрақ. Қашқынбаев банктен алған бір миллиард теңгені өлер алдында кімге алып бара жатыр еді?

Следователь - (с досадой) Нет- нет! Тот отдельный вопрос. К этому не имеет никакого отношения.

Бай - Отдельный вопрос? Пятнадцать шестнадцатизэтажных домов сдал в срок... Приняли.

Следователь - (хлопнув папку ладонью) Сказал, это другой вопрос. До него тоже дойдем. Не спешите.

Бай - Никому не причинил никакого вреда. Я как многие. Бизнесмен.

Следователь - (покачав головой) Никакого вреда?.. Разговор такой, господин Бай. Вашего коллегу, т.е. партнера Кашкынбаева застрелили. Так?

Бай - Да. Пусть земля ему будет пухом.

Следователь - Это был заказ. Наняли киллера.

Бай - Кто это? Нашли сукина сына?!

Следователь - (недоверчивым взглядом) Найдется.

Бай - Найдите! (тряся обеими руками) Своими руками!.. Задушу сукина сына!

Следователь - Не торопитесь... Мы всё знаем. Первый вопрос. Пока ваш партнер был жив, Вы переписали 40 процентов его акций на свое имя. Почему?

Бай - Жене и сыну заплатил стоимость акций.

Следователь - Только годовую. Так ведь?

Бай - А вдруг наша фирма на следующий год обанкротится? Кто знает?

Следователь - Мм... (призадумавшись) Тогда второй вопрос. Кому перед смертью Кашкынбаев нес взятый из банка один миллиард?

Бай – (сасқалақтап) Құрылыс жұмысы...
Материал сатып алуға.

Тергеуші –(ақырып) Өтірік! Міне, тыңдаңыз.
(Диктофонды іске қосады) «Әй, ақшаны
түсірдің бе?» (Байға қарап) Дауыс кімдікі?

Бай – Менікі (Диктофондағы дауыс) «Алдым
бір миллиард теңге қолымда»

Тергеуші – Бұл кім?

Бай – (қалтырап-дірілдеп) Бұл Қашқынбаев.
(диктофондағы дауыс)
- Қасыңда шопырың бар ма?
- Бар.
- Куә керегі жоқ. Үйіне түсіріп кет. Рульге өзің
отыр.
- Жарайды.
- Сосын шефке оңаша жолық та, ақшаны табыс
ет. Сақ бол. Дұшпан көп.
- Құп болады. Уайым жеменіз. Қанттай қылам.

Тергеуші – Бұған не айтасыз?

Бай – (даусы дірілдеп) Апыр-ай, сөйлеп тұрған
шынымен мен бе? Кәдімгі...

Тергеуші – (мырс етіп) Кәдімгі Бай. Өз
даусыңыздан тана алмассыз.

Бай – (көзін қылмыңдатып) Осы дауысты інім,
екеулеп өшірсек қайтеді, а?

Тергеуші – Партнеріңіз Қашқынбаевтың даусы
да, тіпті өзі де өшті ғой. Сосын оқиға қалай
өрбіп еді?

Бай – Атып кетті оны... Дұшпан оғы...

Тергеуші – Ретімен баяндайық. Ол сіздің
пәрменіңізбен шопырын үйіне түсіріп кетті.
Сосын шефке бет алды. Саяжайдың
жолындағы шағын тоғайдың тұсына келгенде...
Иә, тап солай, оққа ұшты. Машинадағы параға
беретін бір миллиард теңге қолды болды.
Солай ма?

Бай - (растерянно) Строительные работы ...
Материал покупать.

Следователь -(окриком) Неправда! Вот,
слушайте. (включает диктофон) «Эй, снял
деньги ?» (посмотрев на Бая). Чей голос?

Бай - Мой (Голос из диктофона) «Взял один
миллиард тенге, у меня с собой»

Следователь - А это кто?

Бай - (Дрожа) Это – Кашкынбаев.
(Голоса из диктофона)
– Твой водитель рядом?
- Да
- Свидетель не нужен. Подбрось его домой.
Сам садись за руль.
- Хорошо.
- Потом лично при встрече отдай шефу деньги.
Будь осторожен. Врагов много.
- Будет сделано. Не переживайте. Все будет в
ажуре.

Следователь - Что скажете?

Бай - (дрожащим голосом) Неужели и вправду
это мои слова? Действительно...

Следователь - (усмехнувшись)
Действительно, Бай. Не узнаете свой голос?

Бай - (подмигивая) Что, если удалим этот
голос? А, братишка?

Следователь - Голос вашего партнера
Кашкынбаева да и сам он отключился. Как
дальше развивалась история?

Бай - Застрелили его... Вражеская пуля ...

Следователь - Давайте все по порядку. Он по
вашему указанию подбросил до дома своего
водителя. Потом поехал к шефу. Когда доехал
до небольшого леса рядом с дачей... Да,
именно так, попал под пулю. Лежащие в
машине деньги в сумме один миллиард тенге,
предназначенные для взятки, исчезли. Так?

Бай – Солай. Киллер ұсталды ма?

Тергеуші – Ұсталады. Айтыңыз, шеф деген кім? Аты-жөні, қызметі?..

Сахнада ойма жарық түсіп тұрады. Байдың әйелі ас столы үстіне түрлі тағам қойып байыз таппай жүр. Көңілді әрі алаңдаулы. Әлсін-әлсін есікке қарағыштайды. Осы кезде Байдың аласұрған айқайы естіледі. Сахнадағы жарық тұтас жанады. Жанындағы есіктен Бай шығады.

Әйелі – (шошып) Не көрінді? Айқай сап.

Бай – (ентігіп) Ұйықтап кеткен екем. Әлгі өлген Қашқынбаев пен тергеуші кеп екі жақтан... Тура мойныма жармасып қылғындырсын.

Әйелі – Құдай-ай, сол.

Бай – Көздері берінің көзіндей. От шашып тұр.

Әйелі – (су құйып беріп) Түсінде қорыққан жақсы. Өңінде қуанасың.

Бай – Соңғы тергеу. Түрі жаман қатын. (ойланып) Неден мүлт кеттім?

Әйелі – Сенің не жазығың бар? Атқан біреу. Өлген – ол. Екі ортада бір миллиард теңгені жоғалттың. Шеф...

Бай – (үрейленіп) Т-с-с! Дымың ішінде болсын.

Әйелі – (құшақтап) Жарайды, сабыр ет. Бүгін – ерекше қуанышты күн. Қыз бен күйеу бала келе жатыр. Тақасы қисайған бұрынғыдай қазақ емес, шетелдік. Импортный күйеу. Көркем қыз. Ақыры құрықты алысқа салды. Әп, бәлем!

Бай – Келсін. Әкем...

Әйелі – (сазарып) Күтушісін жалдап бердік. Отыр да пәтерінде.

Бай - Так. Киллер пойман?

Следователь - Будет пойман. Говорите, кто такой шеф? Фамилия, имя, должность?..

Сцена освещена лучом света. Жена богача, оставив стол разными блюдами, не находит себе места. Радостная и беспокоящая. Время от времени поглядывает на дверь. В этот момент послышался душераздирающий крик богача. Сцена полностью освещена. Из двери сбоку выходит богач.

Жена - (испуганно) Что привиделось? Так кричать...

Бай - (задыхаясь) Задремал. Пришли тот погибший Кашкынбаев и следователь и с двух сторон... Вцепились мне прямо в горло и душат.

Жена - Боже мой, опять.

Бай - Глаза как у волка. Горят огнем.

Жена - (наливая воды) Испугаться во сне - это хорошо. Наяву обрадуешься.

Бай - Последний допрос. Все плохо, женщина. (подумав) В чем мой промах?

Жена - В чем твоя вина? Кто-то стрелял. Он погиб. А ты среди всего потерял один миллиард тенге. Шеф...

Бай - (испуганно) Т–с–с! Держи все в себе.

Жена - (обняв) Ладно, успокойся. Сегодня особо радостный день. Едет сестра с зятем. Не как раньше, казах на кривых каблуках, а заграничный. Импортный зять. Красивая девушка. Все-таки закинула петлю далеко. Вот, молодец!

Бай – Пусть едет. Отец...

Жена - (помрачнев) Наняли же ему домохозяйку. Сидит дома.

Бай – (міңгірлеп) Батасын берсе...

Әйелі – Осы заманда бата деген не? Бет сипау ма? Өзім-ақ... шал сосын, кейін де үлгереді. (осы кезде қоңырау даусы естіліп, ішке гүл құшақтаған қыз бен шетелдік күйеу кіреді)

Қыз – (аса қуанышты) Сәлем.

Әйел – (алып-ұшып) Сәлем жаным, сәлем.

Конг – Ні (Хай)

Әйел – Ні (Хай) Хай-Хай! Конг

Бай – Конг, қуаныштымын. Атым – Бай

Конг – (мәз болып) Бай? Қандай жақсы ат. Мен сізді Байрон десем бола ма?

Әйелі – Болғанда қандай! Бұл да бала кезде тақпақ жазған.

Қыз – (еркелеп) Бұл – күйеуім. «Адресный бюродағылар» тауып берді. Бизнес жасағысы келеді.

Әйел – (столды көрсетіп) Ал, Қонбайжан, төрлет.

Қонбай – (мәз болып) О, Қонбай. Дәл таптыңыз. Мен енді, Конг емес, Қонбаймын. Қон-бай! Сіз – Бай-рон!

Әйел – Күйеу баланың ұлты кім, ұлты?

Бай – Қай елден?

Қыз – Енді сұрағалы жүрмін.

Қонбай – (лекіте күліп) Дүниежүзін араладым. Енді қазақ болуға қарсы емеспін. Ақкөңіл жақсы халық екенсіңдер. Қонақ нені сұраса да бере саласыңдар. Мә, мә деп.

Бай – (бәрі дастарханға жайғасқасын) Ал, қош келдің, Қонбай. Күйеу бала екенсің. (ойланып) Ым...

Бай - (пробубнив) Если благословит...

Жена - Что такое благословение в наше время? Провести руками по лицу? Я сама... старик потом... еще успеет. (в это время послышался звонок, вошли сестра с букетом цветов и заграничный зять).

Сестра - (радостно) Привет!

Жена- (подбегая) Привет, моя! Привет!

Конг- Ні (Хай).

Жена - Ні (Хай) Хай-Хай! Конг

Бай- Конг, я рад. Меня зовут Бай.

Конг- (довольный) Бай? Какое хорошее имя. Можно мне называть Вас Байрон?

Жена – Еще как можно! Он тоже в детстве стихи писал.

Сестра – (капризным голосом) Это – мой муж. Нашли работники «службы знакомств». Хочет заняться бизнесом.

Жена – (показывая на стол) Ну, Конбайчик, садись на почетное место.

Конг – (довольный) О, Конбай. Точно подобрали. Я теперь не Конг, а Конбай. Конбай! Вы – Бай-рон!

Жена – Какая национальность у зятя?

Бай – Из какой страны?

Сестра – Сама хотела спросить.

Конг-Конбай – Объездил весь мир. Теперь не против быть казахом. Вы очень добродушный хороший народ. Что ни попросит гость, все отдаете: На, на, возьми.

Бай – (когда все уселись за стол) Ну, Конбай, добро пожаловать. Ты теперь зять. (задумавшись) Мм... Конг, я рад.

Әйел – (қызға сыбырлап) Қыз-ау, (күйеуді иегімен нұсқап) бұған әлгі үш күйеуге шыққаныңды айттың ба? Ажырасқандарыңды...

Қыз – (шошып) Айтып не жыным бар?! (күйеуге еркелеп) Кішкентай қызымыз бар. Джимми, солай ма?

Қонбай – Солай. Сүп-сүйкімді.

Қыз – Ертең-ақ папалап кетеді.

Қонбай – Әрине, папалап кетеді.

Бай – (шырылдаған қалта телефонын көтеріп) Сәлем. Тергеуші?.. (елпілдеп) Ә, сәлематсыз. Жарайды... Барармын...

Әйел – (күрсініп) Құдай-ай, күн көрсетуді қойды-ау.

Бай – (көңілсіз) Тағы да шақырып жатыр. Тіміскілеген ит құсап...

Қыз – (елеңдеп) Кімдер? Неге мазалайды?

Әйел – Қаржы полициясы да. Маза беруді қойды. Сүттен ақ, судан таза адамды...

Бай – Жә? Ал, Қонбай өзің бұрын не бизнес жасадың?

Қонбай – Мен (ойланып) Шетелдегі өте бай адамдарға двойник тауып беретін ем.

Әйел – Двойник?

Бай – Сонда қалай? (елеңдеп) Олардың бәрі де двойник ұстай ма?

Қонбай – (арқаланып) Ұстайды. Ұстағанда қандай! Бай адамның басына кез-келген уақытта қауіп-қатер төнуі мүмкін. (маңғазданып) Сақтану керек.

Қыз – (күлмең қағып) Бұл сондай... Сирек мамандық иесі.

Жена – (шепчет золовке) Эй, девушка, (показывая подбородком на зятя) ты сказала ему, что три раза была замужем? Что разведена...

Сестра – (испуганно) Какого черта говорить об этом?! (заигрывая с с мужем) У нас есть маленькая дочурка. Да, Джимми?

Қонбай – Да. Очень-очень красивая.

Сестра – Сразу начнет звать тебя папой.

Қонбай – Конечно, будет звать папой.

Бай – (поднимает зазвонивший сотовый телефон) Привет. Следователь?.. (заискивая) А, здравствуйте. Хорошо... Приду...

Жена – (вздыхнув) Боже мой, совсем уже не дают покоя.

Бай – (без настроения) Опять вызывают. Вынюхивают, как собаки...

Сестра – (настороженно) Кто, чего хотят?

Жена – Да, финансовая полиция. Совсем не дают покоя. Человеку, который белее молока, чище воды...

Бай – Ладно уж. Қонбай, а раньше ты каким бизнесом занимался?

Қонбай – Я (задумавшись) Подыскивал двойников для очень богатых людей.

Жена – Двойников?

Бай – И как это? (настороженно) Они все держат двойников?

Қонбай – (с воодушевлением) Держат. Еще как держат! Богатому человеку в любую минуту угрожает опасность. (важничая) Надо предостерегаться.

Сестра – (улыбаясь) Он такой... У него редкая профессия.

Бай – (әйелі екеуі бір-біріне қулана қарап)
Сонда двойниктің атқарар міндеті қандай?

Әйел – Айтсыншы. Қызық екен. Гитлердің
двойнигі жайлы кино көргем. Өзінен ауса ше.

Қыз – Ағам да бай, дәулетті. Дұшпаны өріп
жүр.

Осы кезде есік қоңырауы қағылады. Бай мен
әйелі үрпиісіп қалады.

Әйел – (тызақтап) Бұл кім? Құдай-ай,
безілдетуін.

Бай –Сығалашы есіктен. Тездет.

Әйел – (есіктің көзшесінен сығалап) Күзетшің.
(есікті ашады) Кел, кір. Зәрені алуын.

Бай –Кел, не хабар?

Күзетші – (Күйеуге жалтақтап) Жалпы тыныш.

Әйел – Айта бер. Қонбай өзіміз. Күйеу
баламыз.

Күзетші – Ұлттық Қауіпсіздік комитеті де іске
қосылыпты. Сізді жауаптаймыз депті.

Бай – Кім айтты?

Күзетші – Сонда істейтін бір таныс жігіт.
(қалтасын қопарып) Мынау әлгі...

Бай – (сұрланып) Әкел.

Күзетші – (екі пистолетті шығарып) Екеу.
Оғымен. Ал, кеттім. Үй маңында жүрем.

Бай – Жарайды, сөйт.

Қыз – (күйеуге) Ағама көмектес. (көзін сығып)
Жау жағадан алып бітті. Талап жегелі жүр.

Бай – (радостно смотрят с женой друг на
друга) И какая обязанность у двойника?

Жена – Пусть расскажет. Интересно. Видела
фильм о двойнике Гитлера. Очень похож на
него.

Сестра – Брат тоже богатый, состоятельный. У
него полно врагов.

В это время послышался звонок в дверь. Бай и
жена сильно испуганы.

Жена – (беспокойно) Кто это? Боже мой, как
трезвонит.

Бай – Посмотри в глазок. Скорее.

Жена – (глядя в дверной глазок) Твой
охранник. (открывает дверь) Идем, заходи. Так
напугал.

Бай – Входи, какие новости?

Охранник – (нерешительно смотрит на зятя)
Пока тихо.

Жена - Говори. Конбай свой. Наш зять.

Охранник – Комитет Нацбезопасности
подключился. Говорят, хотят взять у Вас
показания.

Бай – Кто сказал?

Охранник – Знакомый парень, который там
работает. (порывшись в карманах) Это те...

Бай – (побледнев) Давай.

Охранник – (вытащил два пистолета) Два. С
пулями. Ну, я пошел. Буду рядом с домом.

Бай – Ну вот и все.

Сестра – (мужу) Помоги брату. (пустив слезу)
Враги схватили за ворот. Готовы разорвать.

Қонбай – Мен мұнда басқаша бизнес жасаймын деп келіп ем.

Қыз – Жасайсың. Тек көмектесе гөр.

Бай – Енді туысқан болдық. Қаласаң, бизнесте партнер болайық. Тапқан табысты тең бөлеміз. (қолымен ауаны тілгілеп) Пятьдесят на пятьдесят!

Қыз – Ағам – мәрт адам. Көрдің бе, пятьдесят на пятьдесят!

Қонбай – (қуанып, қоразданып) Ендеше ертеңнен бастап сізге двойник табамын.

Әйел – (алып-ұшып) Сосын, Қонбайжан?

Бай – (елпілдеп) Иә, дейм, иә.

Қыз – (еркелеп) Айтасаңшы зарықтырмай.

Қонбай – Мысалы, шетелде бір бай бизнесмен салықтан табысын жасырыпты. Сотталатын болды. Соған двойник таптым. Ақшасын артығымен төледік.

Бай – Ал, дейм, ал. Сосын...

Қонбай – Аумаған өзі. Түрмеге сол түсті.

Әйел – Әлгі бай бизнесмен ше?

Бай – Ол не істеді?

Қонбай – Атын өзгертті. Паспорт жаңалады. Сөйтті де өзге елге тайып тұрды.

Осы кезде үй сыртында атыс даусы естіледі. Ит арпылдайды. Қашты-қуды, айқай-сүрең шығады. Бай мен әйелі екеуі қолдарына екі пистолетті алдымен бір-біріне кезенеді. Сосын екеуі де есікті көздейді. Күйеу сасып столдың астына зып етіп кіріп кетеді. Қыз жабындының төрт жағын көтеріп күйеуіне қарағыштайды.

Конбай – Я приехал сюда заниматься другим бизнесом.

Сестра - Будешь заниматься. Только помоги.

Бай – Теперь мы породнились. Если хочешь, будем партнерами по бизнесу. Заработанное поделим поровну. (рубанув руками воздух) Пятьдесят на пятьдесят!

Сестра - Мой брат - добрый человек. Видишь, пятьдесят на пятьдесят!

Конбай - (обрадовавшись) Тогда завтра же найду Вам двойника.

Жена - (в смятении) А потом, Конбайчик?

Бай - (нетерпеливо) Да, что потом?

Сестра- (ласкаясь) Ну скажи, не томи.

Конбай – Например, за рубежом один богатый бизнесмен скрыл свои доходы от налогов. Его должны были арестовать. Я нашел ему двойника. Заплатили свержу.

Бай - Ну и ну. А потом...

Конбай - Копия его. Он и попал в тюрьму.

Жена- А тот богатый бизнесмен?

Бай - Что он сделал?

Конбай - Изменил имя. Сделал новый паспорт и укатил в другую страну.

В это время снаружи раздаются выстрелы. Залаяла собака. Слышатся крик-шум, звуки погони. Бай и жена с пистолетами в руках сначала от растерянности прицеливаются друг в друга. Затем следят за дверью. Зять поспешно юркнул под стол. Сестра, подняв скатерть с двух сторон, смотрит на мужа.

Күзетші – (бөлмеге жүгіріп кіріп) Партнердің жігіттері! Екеу боп келді. Қарулы.

Бай – Тірі ме?

Күзетші –Тірі. Оғым тимей қалды. Қашып құтылды.

Әйел –(қалтырап-дірілдеп) Не істемек?

Күзетші –Аңдып жүр. Өш алмақ

Бай –Өш алмақ?

Күзетші –Иә. Тірі қоймаймыз депті.

Бай –Жарайды, бара бер. (тістеніп) Мен де оларды!.. Қалғып кетпе!

Әйелі – (шаңқылдап) Мүлгіп кетпе!

Күзетші кетеді. Күйеу стол жабындысын көтеріп төрт аяқтап шығады.

Қонбай – (ыңғайсызданып) Өңгімелеріңізге кесел жасамайын деп... (қызға қарап) Жо-жоқ қорыққан жоқпын, Двойник деген жақсы ғой.

Бай – Ендеше маған жедел двойник тап. Түрі (басын, денесін былқылдатып) өзімнен аумайтын болсын.

Қонбай – Айн момент! Құп болады.

Әйелі – Маған да... (Байға қарап) Саған төнген қатер маған төнбей ме? Тапсын. Қатын көп. Қаңғып жүрген. (Бай сияқты бұл да басын, бар денесін былқылдатып барады) Қарап ал. Егіздің сыңарындай болсын.

Қыз – Табасың. Күні ертең алып келесің.

Қонбай – (Байға) Міне, қолым. (қол алысады) Уәдем-уәде!

Бай – Уәдем-уәде! Пятьдесят на пятьдесят!

Охранник – (вбежав в комнату) Парни партнера! Пришли вдвоем. Вооружены.

Бай – Живы?

Охранник – Живы. Я промахнулся. Спаслись бегством.

Жена - (дрожа) Чего они хотят?

Охранник – Следят. Хотят отомстить.

Бай – Отомстить.?

Охранник – Да. Сказали, не жить вам.

Бай – Ладно, ступай. (сквозь зубы) Я тоже их!.. Не усни!

Жена - (визгливо) Не дремли!

Охранник уходит. Зять поднимает скатерть и выползает на четвереньках.

Конбай – (испытывая неловкость) Я не хотел мешать вашему разговору... (посмотрев на свою жену) Не-нет. Я не испугался. Двойник – это хорошо.

Бай – В таком случае срочно найди мне двойника. Чтобы с виду был похож на меня как две капли воды (тряса головой и всем телом).

Конбай – Айн момент! Будет сделано.

Жена – И мне... (смотря на Бая) Опасность, которая угрожает тебе, угрожает и мне. Пусть найдет. Много же баб шляется. (Как и Бай, она трясет головой и всем телом) Подбери. Чтоб была как близняшка.

Сестра – Найдешь. Прямо завтра приведешь.

Конбай – (Баю) Вот моя рука. (пожимают друг другу руки) Обещал – сделал!

Бай – Обещаю! Пятьдесят на пятьдесят!

II-ші көрініс

Байдың үйі. Әйелі, қыз (қарындасы) үшеуі отыр. Аса алаңдаулы.

Бай –(орнынан тұрып) Қонбай неге кешікті?

Қыз – Таптым деген. Сізден аумайтын көрінеді.

Бай –Жанды қысып барады. Өлген Қашқынбаевтың қатыны, егер заң орындарын сатып алса, аузын майласа...Киллер жалдап түбіне жетем депті.

Әйелі – (жұлынып) Оңбаған қатын! Құтырайын деген екен! Сенің арқанда байыды. Мейманасы тасыды.

Бай – Жә, жә.

Әйел – Несіне жә деп тұрсың! Байын өлтіріп, бір миллиард теңгені бөліп алған шығар. Қолдан ұйымдастырып. Қиын ба бұ заманда?!

Қыз – (Қол телефонына) Қонбайчик, қайдасың! Келе жатсың... Қасыңда ма? Жарайсың.

Бай – Оның өлгенін де, ақшаның тоналғанын да маған жабар түрі бар?

Әйел –Қатынын айтасың ба?

Бай – (кіржиіп) Жо-жоқ тергеушілер де.

Осы кезде есік қоңырауы қағылып, бөлмеге Қонбай мен болашақ двойник жігіт кіреді. Қыз жүгіріп барып күйеуді сүйеді. Бай мен двойник бір-біріне таңданысып қарап қалысады. Амандасады.

Әйел – (таңырқап) Ауса ше? Тек мұрты жоқ екен.

Действие второе

Дом Бая. Сидят втроем, Бай с женой и сестрой. Очень встревожены.

Бай – (стоя) Почему Конбай опаздывает?

Сестра – Сказал, что нашел. Как две капли воды похож на Вас.

Бай – Душа в пятки. Жена убитого Кашкынбаева, если подкупит органы, подмажет...Говорят, что она хочет заказать киллера и отомстить.

Жена –(разгневанно) Проклятая женщина! Совсем с ума сошла! Разбогатела за твой счет. С жиру бесится.

Бай – Ну-ну.

Жена – Что ты нукаешь! Убила мужа и наверное, разделила миллиард тенге. Своими руками все устроила. Что в этом трудного в наше время?!

Сестра – (В сотовый телефон) Конбайчик, ты где! Идешь... Рядом? Молодец.

Бай – И смерть его, и украденные деньги готовы повесить на меня

Жена – Ты про жену его?

Бай – (скривившись) Нет-нет, про следователей.

В это время послышался звонок в дверь и в комнату вошли Конбай и будущий двойник. Сестра подбежала к мужу, поцеловала его. Бай и двойник с удивлением смотрят друг на друга. Здороваются.

Жена –(удивленно) Как похож? Только усов нет.

Қыз – (жеңгесіне) Айттым ғой (күйеуді құшақтап) бұл уәдесіне берік деп. Талайлар түнде берген уәдесінен күндіз тайса да... Бұл алам деді, алды.

Бай – (двойникке) Келіңіз, отырыңыз. Дәм алыңыз.

Двойник –Рахмет, отырдық.

Қонбай – Өрең таптым. Ақшасына келістік. Бұрын ауданда атақты артист болған.

Двойник –Халық театрында.

Қыз – (қолын шапалақтап) О, рольді жақсы ойнайды екен.

Бай –Үйленгенсіз бе?

Двойник – (күмілжіп) Екі-үш подругам болған. Қазір жоқ.

Бай – Бұ заманда подруга деген жақсы ғой.

Әйел –(тыжырынып) Қайдағы жоқтың басын ауыртып...

Бай – Мәселе былай. Ұлы адамдардың... байлардың... (түшкіріп) жәрекімалла... бәрі де двойник ұстаған. Тіпті участковый полицияның да двойнигі бар. Түнімен әлгінің киімін киіп алып ысқырып шығады. Сен мына менің...

Двойник –Айтсаңыз болды. Бәрін қанттай қылам.

Қонбай – (двойникке қарап) Қатаң тергеулер. Қауіп-қатерлер... Бәріне де көнесің. Релінді асқан азаматтықпен ойнап шығасың.

Бай – Мен өзім осы тұрғанда тұлпар сияқты адаммын. Шыққан шөп пен аққан судан басқаға зияным жоқ. Соны көре алмайтын дұшпан көп. Шаш етектен.

Сестра –(жене брата) Говорила же (обнимая мужа), он тверд на обещания. Многие ночью обещают, а утром отказываются... А он сказал, что сделает, - сделал.

Бай –(двойнику) Проходите, садитесь. Угощайтесь.

Двойник –Спасибо, сели.

Қонбай –С трудом нашел. Договорились о сумме. Раньше был известным артистом в районе.

Двойник –В народном театре

Сестра – (аплодируя) О, значит, хорошо играет роли.

Бай –Женаты?

Двойник –(нерешительно) Были две-три подруги. Сейчас нет.

Бай –Подруга – это хорошо в наше время.

Жена –(недовольно) Валить все на кого попало ...

Бай –Такое дело. Великие люди... богатые... (чихает). Будем здоровы... все держали двойников. Даже у участкового полицейского есть двойник. По ночам одевает его форму и свистит. Ты вот у меня...

Двойник –Как скажете. Все будет в ажуре.

Қонбай –(глядя на двойника) Жесткие проверки. Опасности... Придется соглашаться со всеми. Должен сыграть роль с особым рвением и мастерством.

Бай –Я сам такой человек, как смиренный конь. От меня нет вреда никому и ничему, кроме растущей травы и текущей воды. У меня много врагов, которые завидуют мне. Очень много.

Двойник – Білем ғой.

Қыз – Демек, маған екінші ағам боласыз.

Двойник – Болам. Сөз жоқ.

Қонбай – Маған өгей қайнаға.

Двойник – Қатырам. (көзін қысып) Келістік қой.

Әйел –(ойланып) Маған... Кім боласың?

Бай – (аларып) Әй... Не дейсің әй, сен қатын?!

Әйел – (жұлынып) Сенің жаның ардақты. Ал, қалғанымыз қырылып өлеміз бе? Тап ендеше маған да двойник.

Бай – Сосын, табамыз, сосын.

Қонбай – Хатшы қызы бар ағамның. Соны... түрі аумаған сіз сияқты. Тек жастау.

Әйел – (көгеріп-сазарып) Со қаншықты ма, со қаншықты...

Бай – Жә, дедім. (двойникке өзінің бешпетін әкеп кигізеді) О, ұқсап тұрсың. Кәне, мынаны (қолынан алтын перстенін саусағына салады) тақ. О, жарадың.

Қонбай – Енді әрлі-берлі жүр. (двойник жүріп көрсетеді) Дұрыстап, міне, осылай.

Қыз – Жо-жоқ, ағам еңкейіп емес, (көрсетіп) былай шалқақтап жүреді.

Бай – Кәне, екеуміз қатар жүрейік. (екеуі сахнаның о шетінен бұ шетіне жүріп өтеді) Көтер басыңды, көтер дейм. Аяғыңды... әй, асау аттай шапалап басатының не, әй! Әй, өзің!.. Енді мысықтабандадың да қалдың. Міне, былай жүр... Осылай.

Әйел – Мұрты да жоқ

Қыз – Өсірер, су сеуіп.

Двойник –Я знаю.

Сестра –Значит, будете мне вторым братом.

Двойник –Буду. Без слов.

Конбай – А для меня названным тестем.

Двойник –Все сделаю. (подмигнув) Договорились.

Жена –(задумавшись) А мне... Кем будешь?

Бай –(угрожающим взглядом) Эй... Что ты говоришь, женщина?!

Жена – (разгневанно) Твоя жизнь в цене. А остальные что, должны умереть? Тогда мне тоже найди двойника.

Бай –Найдем потом, потом.

Конбай – У брата есть секретарша. Она... выглядит точно как Вы. Только помоложе.

Жена –(помрачнев) Эту сучку, эту сучку...

Бай –Сказал, хватит. (принес свой пиджак и одел на двойника) О, похож. Ну-ка, надень это (надевает на его палец свой золотой перстень). О, молодец.

Конбай –А теперь походи туда-сюда. (двойник показывает, как ходит) Хорошо, вот, так.

Сестра –Нет-нет, брат ходит не сутулясь, (показывая) а так, -откинув голову назад.

Бай –Ну-ка, давай пройдемся вместе. (вдвоем идут от одного конца сцены до другого) Подними голову, подними, говорю. Ногу... әй, что ты ходишь огромными шагами, как дикая лошадь, а! Эй, ты!.. А теперь тащишься как котенок. Вот, ходи так... Вот.

Жена –И усов нет.

Сестра –Вырастет, поливай водой.

Қонбай –(қалтасынан алып, двойникке жасанды мұрт жапсырады). Міне, құйып қойғандай.

Қыз – Аумай қалды. Тура егіздің сыңарындай.

Бай – Шықшыты, көзінің айналасы, тағы бір жерлері сәл-пәл келмей тұр.

Қонбай –Гримм саламыз. Нағыз болмаса пластикалық операция жасатамыз. Артық жерін кестіреміз.

Двойник –(шошып, ауын, үсті-басын сипалайды) Ойбай, кесеміз дей ме?

Қонбай – Жетпейтін жерін жаматамыз.

Двойник –(басы қалтаңдап) Бұрынғылар сенде бәрі жетеді деп еді ғой.

Осы кезде сарт етіп есік ашылып ішке Байдың әкесі кіреді. Қалтаңдаған шал, қолында таяғы бар. Ашулы.

Әке –(двойникке) Әй, өз қызығың өзіңде, әкеңді ұмыттың. Не істеп жүрсің дейм?!

Бай – (өзі жасырынып қалып) Әй, (двойникке) сөйлес. Ойна реліңді. Бұл әкең.

Двойник –Жәй, әке, шаруа ғой.

Әке –Шаруа? Бітпейтін не шаруа? Колхоздың, совхоздың бейнеті ме, арқалап жүргенің. Өңшең арамтамақ.

Двойник –Заман басқа, әке. Жекеменшікпіз.

Әке –Біз жинап берген қазынаны жан-жақтан талап жатсыңдар. Өңшең кеззап.

Қыз – Әке...

Әке –(таяғын көрсетіп) Саған да келем. Асықпа.

Конбай –(вытаскивает из кармана искусственные усы и приклеивает их двойнику). Вот, как настоящие.

Сестра – Очень похож. Ну, точно близнец.

Бай –Виски, вокруг глаз, еще какие-то места не очень совпадают.

Конбай –Сделаем грим. Если надо, сделаем пластическую операцию. Отрежем лишние места.

Двойник –(испугавшись, поглаживает себя по ширинке, по всему телу) Ойбай, говорят, что отрежут.

Конбай –Чего не хватает, долатаем.

Двойник –(суетится) Прежние говорили, что у меня всего хватает.

В это время с треском открывается дверь и входит отец Бая. Суетливый старик, с палкой в руках. Разгневан.

Отец – (двойнику) Эй, занят сам собой, забыл про отца. Что делаешь, говорю, а?!

Бай –(спрятавшись) Эй, (двойнику) поговори с ним. Играй роль. Это отец.

Двойник –Ладно, отец, дела.

Отец – Дела? Что за дела, которые не кончаются? Что, взвалил на себя все проблемы колхоза, совхоза. Сплошные дармоеды.

Двойник - Другое время, отец. Мы собственники.

Отец – Со всех сторон расхищаете казну, которую мы собрали. Одни воры.

Сестра –Папа...

Отец – (показывая палкой) Дойду и до тебя. Подожди.

Двойник –Бала-шаға қамы ғой, әке.

Әке –Бала-шаға?.. Елім дейтін біреуі болса ше? Біз қан кешкенде, тер төккенде өзіңдей қайырсыз бай өсіп шықсын дедік пе?

Двойник –Жан-жағыма шапағатым мол.

Әке –Шапағат? Садаға кетіңдер ол сөзден! Шешеңнің зиратын салғанмен басына әлі күнге құлпытасын қоймай жүрген сен емес пе ең?

Двойник –Жаздырам, дайындап қойдым.

Әке –Не деп жаздың?

Двойник –(жалтақтап бұғып отырған Байға қарайды. Ол сыбырлайды) Былай деп жаздырдым «Мархұмға жан жарынан, сүйікті ұлынан, сүйкімді қызынан». Тап осылай дедім.

Әке –Жан жары? Мен сонда жарымын ба? Ит-ау, ері, күйеуі, азаматы емес пе ем?! (таяқпен двойникті бастан қонжитады) Мә, саған жан жары. Мә, саған сүйікті ұлы, Мә, саған сүйкімді қызы!

Двойник –(ойбайлап қашып) Ендеше жаздырмаймын.Қосағы, байы деп жазам. Өшпестей ғып! Араша, жұртым, араша!

Қыз – Әке, қойшы, әке.

Әке –(күйеуді нұсқап) Мынауың кім үріккен тайлақ құсап ербиіп тұрған?

Қыз –(күмілжіп) Ерім, күйеуім, ең соңғы азаматым

Әке –Ә, солай де. Ендеше...

Сахна қараңғыланады.Ойма жарықтар пайда болады. Бірінде двойник көрініс береді.

Двойник – Отец, это все заботы о детях.

Отец – Дети?.. Хоть бы кто подумал о стране? Когда мы проливали кровь и пот, разве мы думали, что у нас вырастут такие бездушные богачи, как ты?

Двойник – Я оказываю милосердие всем.

Отец –Милосердие?! Не упоминай этого слова! Ты похоронил свою мать, а до сих пор не поставил ей надгробный памятник?

Двойник – Я сделал его, осталось надписать.

Отец – Что надписал?

Двойник – (нерешительно оглядывается на пригнувшегося Бая. Он шепчет) Скажи, надписал так: «Покойной от ее любящей половины, любимого сына, милой дочери». Именно так и надписал. (двойник повторяет фразу)

Отец –Любящей половины? Выходит, я - половина? Ах, ты собака, я же муж ее, супруг?! (ударил палкой по голове двойника) Вот тебе любящая половина. Вот тебе любимый сын. Вот тебе милая дочь!

Двойник – (убегает, вопя) Тогда не буду надписывать. Напишу, что от мужа. Чтоб никогда не стерлось! Защитите меня, люди!

Сестра – Папа, перестань, папа.

Отец – (показывая на ее мужа) Кто это торчит как напуганный верблюжонок?

Сестра – (нерешительно) Муж мой, последний

Отец – А, так. Тогда...

Сцена затемняется. Появляются лучи света. В одном из них виден двойник.

Двойник –(мұртын қайта-қайта тексеріп) Дұрыс па өзі? Қазір тергеушінің алдына барғанда... Сайрап кетсем жарады. (оң қолын көтеріп перстеніне қарайды) Жалт-жұлт етеді. Тапқан табысымның он пайызы сенікі деді-ау, ерің. Жаны шырылдап кеткен екен, бәлем! Әйелінің көзі жәудіреп... қарайды кеп. Демек, мен оның двойник байымын ғой. Гәп қайда! Тіпті онымен келер жаз былай қолтықтасып, тағалы аттай тық-тық басып (жүріп көрсетеді) курортқа да барып қайтуым мүмкін-ау. Виски ұрттап, бифстроган жеп, мықынын былқылдатып (көрсетеді) билеп-билеп... Ой, дәурен-ай!

Осы кезде двойниктің екі жанындағы екі ойма жарықта екі шайтан пайда болады.

I Шайтан – (сақ-сақ күліп) Виски ішіп, билейсің, билейсің дейм.

II Шайтан –(ой шегім түйілді) Кімнің алдында? Айта ғой, двойнигім.

Двойник – (шошып) Кімсіңдер? Жын ба, періме? Әлде өлген партнердің жаналғыштары ма?

I Шайтан –Ойлан, тап.

II Шайтан –Енді сен бізге ағайынсың. Бір туғанбыз.

I Шайтан –Өзіңді іздеп келдік. Сағындық.

Двойник –Жо-жоқ. Сендердей туысым жоқ. Жалған. (қашады, екі жақтан қайтармалап жібермейді) Босат мені. Тергеуші күтіп отыр.

I Шайтан –(сақ-сақ күліп) Тергеуші? Оған қазір бірге барамыз.

II Шайтан –Әй, двойник, біз шайтан деген жұртпыз.

Двойник – (шошып, бақырып) Шай-тан!

I Шайтан – Иә, шайтан. Сен бізге жаныңды саттың.

Двойник –(все время проверяет усы) Правильно хоть? Сейчас когда буду перед следователем... Хорошо, если слежка, заговорю. (поднимает правую руку и смотрит на перстень) Как сверкает. Хозяин твой сказал, что десять процентов его дохода мои. Смотри ты, как душа-то завертелась! А жена его как посматривает на меня... Значит, я ее муженек-двойник. Вот где смысл! Да, следующим летом с ней можно под ручку поехать на курорт, так (ходит, показывает), цокая каблучками, как подкованная лошадь. Пить виски, есть бифстроганов, танцевать, покачивая бедрами (показывает)... Ах, времечко наступает, а!

В это время в лучах света с двух сторон двойника появляются два черта.

I черт –(громко хохочет) Будешь пить виски, говорю, и танцевать, танцевать.

II черт –Ой, уморил! Перед кем? Говори же, мой двойник.

Двойник – (испугавшись) Кто вы? Джины или пери? Или послы умершего партнера?

I черт –Подумай, угадай

II черт –Теперь ты наш брат. Мы родственники.

I черт –Мы искали тебя. Соскучились.

Двойник –Нет-нет. У меня нет таких родственников, как вы. Неправда. (убегает, его не отпускают с двух сторон, возвращают) Отпустите меня. Следователь ждет.

I черт –(хохочет) Следователь? Сейчас пойдём к нему все вместе.

II черт –Әй, двойник, мы такой народ, который зовется черти.

Двойник –(испугавшись, орет) Чер-ти!

I черт –Да, черти. Ты продал нам душу.

II Шайтан – Жаның мына дорбаның (көрсетіп) ішінде.

I Шайтан – Ендігі есімің Бай. Солай ма, двойник?

II Шайтан – Жаныңды қаншаға сатқаның есінде ме?

Двойник – (қалтырап) Тапқан табыстың он пайызы.

I Шайтан – Ә, солай де. Біз ақшаға дуалап Байдың да жанын сатып алғанбыз. Ол – қазір тірі мүскін.

Двойник – Мен Бай емеспін. Қайтарыңдар жанымды!

II Шайтан – Қайту жоқ. Жаның тәніңді тастап қашып шыққан.

Двойник – (аһ ұрып) Мені азғырған Қонбай оңбаған.

I Шайтан – Оның да жанын әлдеқашан саудалап алғанбыз.

II Шайтан – Орнына ақша, арсыздық пен алаяқтықты бердік. Аз олжа ма?

Двойник – Байдың қарындасы ше?

I Шайтан – (селкілдеп билеп) О, ол қыз жанын жәлептікке айырбастаған.

Двойник – Әйелі ше?

II Шайтан – Оны алтынмен арбап алғанбыз. Көзі ештеңе көрмейді, су қараңғы.

Двойник – Әкесі? Әлгі шал ше?

I Шайтан – Оны сатып алу мүмкін емес. Адалынан туған. Арам сүт ішпеген. Маңынан жүргізбейді.

Двойник – Сендер азғырмаған адам қалды ма жер бетінде?

II черт –Твоя душа в этой (показывает) торбе.

I черт –Теперь тебя зовут Бай. Так, двойник?

II черт – Помнишь, за сколько продал душу?

Двойник –(дрожа) Десять процентов от дохода.

I черт –А, вот как. Мы околдовали Бая за деньги и купили его душу. Он сейчас как живая статуя.

Двойник –Я не Бай. Верните мою душу!

II черт – Возврата нет. Душа покинула твое тело и убежала.

Двойник –(охая) Меня совратил негодяй Конбай.

I черт –И его душу мы давно купили.

II черт –Вместо нее мы дали деньги, бесстыдство и мошенничество. Мала прибыль-то?

Двойник –А сестра Бая?

I черт –(трясется в танце) О, эта девушка променяла свою душу на проституцию.

Двойник –А жена?

II черт –Мы околдовали ее золотом. Глаза ее совсем ничего не видят.

Двойник –А отец? Тот старик?

I черт – Его невозможно купить. Родился честным. Не поганым молоком вскормлен. Даже близко не подпускает.

Двойник –Остались вообще люди на земле, которых вы не совратили?

II Шайтан –Қалған.

I Шайтан –Күн сайын азайып барады.

Двойник –(ышқынып) Қайтар жанымды! Бер өзіме! Әкел дейм!

Осы кезде екі шайтан жоқ боп кетеді. Сахнада жарық тұтас жанады. Тәрде кабинетінде тергеуші отырады. Алды толы қағаз папка. Өңі шаршаулы. Басын көтеріп двойникке қарайды.

Тергеуші – Ә, Бай, келдің бе? Кіммен арпалысып жатырсың?

Двойник – Елес. Қаптаған елес. Жіберер емес.

Тергеуші –(орнынан көтеріліп) Қашқынбаевтың елесі шығар?

Двойник –Жо-жоқ. Ол иманды болғыр мазалаған емес.

Тергеуші –(мырс етіп) Біз болмасақ... (жақын кеп двойниктің бір қолына сарт еткізіп кісен салады. Кісеннің екінші бөлігін орындыққа бекітеді) Бай мырза, енді осылай сөйлесеміз.

Двойник – (қалтырап-дірілдеп) Мен шынымды айтсам... Мен өзім Баймын... емеспін. Жо-жоқ, не деп кеттім?

Тергеуші -(ақырып) Тоқтат қылжақты!

Двойник – (мүләйімсіп) Келісерміз. Адамбыз ғой. Сөйлесейік, тіпті сырласайық.

Тергеуші –Сырласайық?.. Ендеше шеф деген кім? Аты-жөні, қызметі?

Двойник –(алақ-жұлақ қарап) Шеф? Бізде шеф көп. Облыста, Астанада қайсыбірін түгендерсің.

II черт – Есть еще.

I черт –С каждым днем остается все меньше.

Двойник – (в отчаянии) Верните мою душу! Отдайте ее мне! Отдайте, говорю!

В это время оба чërта исчезли. Сцена освещена полностью. В центре в своем кабинете сидит следователь. Перед ним кипа бумажных папок. Усталый вид. Поднимая голову, смотрит на двойника.

Следователь – А, Бай, пришел? С кем борешься?

Двойник – С призраками. Кругом призраки. Совсем не отпускают.

Следователь – (привстав с места) Наверное, призрак Кашкынбаева?

Двойник – Не-нет. Он, пусть земля ему будет пухом, вообще не беспокоит.

Следователь – (усмехнувшись) Если б не мы... (подшел поближе и защелкнул наручники на запястье двойника. Вторую часть наручников закрепил на стуле) Господин Бай, теперь будем разговаривать таким образом.

Двойник – (дрожа) Если я скажу правду... Я сам не... Бай. Не-нет, что я говорю?

Следователь – (заорав) Перестань паясничать!

Двойник – (лукаво) Договоримся. Мы же люди. Давайте поговорим по душам.

Следователь – По душам?.. Тогда кто такой шеф? Фамилия, имя, должность?

Двойник – (пугливо озираясь) Шеф? У нас много шефов. В области, в Астане, всех не пересчитаешь.

Тергеуші – Жоқ, Қашқынбаевтың қолынан бір миллиард теңгені алуға тиіс шеф. Соны сұрап тұрмын.

Двойник – Шеф ол ақшаның он пайызын шәпкі ғып біреуге берем деп пе?

Тергеуші – (ақырып) Кімді ақымақ қылып тұрсың, а? (двойникті шапалақпен бір ұрады. Ол жалп етіп орындықтан ұшып түседі. Жасанды мұрты жерге түсіп қалады) Мынау не пәлең?

Двойник – Мұрт. Сізден қорыққаннан ұшып-ұшып кетті. Кері тағып алуға рұқсат етіңіз. Мен өзім Баймын... емеспін.

Тергеуші – (күдіктеніп двойниктің жан-жағына шығып алыстан, жақыннан көз салып қарап) Сол... сол емес. Жоқ тап өзі... Ұққсайды.

Двойник – Сөйлесейік, тіпті сырласайық, құрметті тергеуші. (сыбырайды) Бір миллион доллар берем. Өзіңізге. Сыйлығым.

Тергеуші – Ә, солай де, Бай мырза. Ендеше (кісенді екі қолына да салады) былай. Шеф кім? Киллерді қайдан жалдадың? Бір миллиард теңгені қайда тықтың? Айт тез!

Двойник – Есімде жоқ. Жазығым жоқ. Прокуратураға шағым жазамын. Сабады, зорлады дейм. Мұртымды ұрып ұшырып жіберді дейм.

Тергеуші – Шағым? (кекетіп күліп) Құлаштап жаз. Қалдырма түгін. Кешікпей шеф пен киллерді табамыз. Сонда басқаша сайрарсың. Солай ма, Бай мырза?

Двойник – Көрерміз.

Тергеуші – (қолын кісеннен босатып) Бара бер. Үш күннен соң қайта кел. Менің алдымда шефіңмен, жалдаған киллеріңмен кездесесің. Хош.

Следователь – Нет, шеф, который должен был забрать из рук Кашкынбаева один миллиард тенге. Я спрашиваю об этом.

Двойник – А что, шеф хотел отдать кому-то десять процентов «шапки», «отката»?

Следователь – (заорав) Кого ты принимаешь за дурака, а? (дал пощечину двойнику. Тот слетел со стула. Искусственные усы отклеились и упали на пол) Что это такое?

Двойник – Усы. Отлетели от страха перед Вами. Разрешите опять приклеить. Я сам Бай... не он.

Следователь – (с сомнением оглядывает двойника со всех сторон, то подходя к нему, то отходя) Тот...не тот... Нет, тот самый....Похож.

Двойник – Давайте поговорим, посекретничаем, уважаемый следователь (шепчет). Дам миллион долларов. Лично вам. Подарок.

Следователь –А, так значит, господин Бай. Тогда (одевает наручники на обе руки) вот так. Кто шеф? Откуда нанял киллера? Куда спрятал миллиард долларов? Отвечай быстро!

Двойник – Не помню. Я не виновен. Напишу жалобу в прокуратуру. Скажу, били, применяли насилие. Скажу, что избили и оторвали усы.

Следователь – Жалобу? (насмехаясь). Пиши, сколько хочешь. Ничего не пропусти. Скоро найдем и киллера, и шефа. Тогда запоешь по-другому. Не так ли, господин Бай?

Двойник – Посмотрим.

Следователь – (освобождая руки от наручников) Иди. Приходи через три дня. Встретишься у меня с шефом и киллером. Прощай.

Двойник – Рахмет (басын иіп) Көріскенше. (кетеді)

Тергеуші – (телефон шалып сөйлеседі) Жолдас генерал, бүгінше қамауға алғаным жоқ. Ол енді жанталасып шеф пен киллерге хабарласуы керек... Иә, жіптің ұшы қолда ғой... Енді бізге тапжылтпай байлап алатын жуан арқан керек. (күліп) Жуан арқан! Қай-қайсының да басқан ізіне шөп салып анду қойдым. Тырп ете алмайды. Жарайды. Сау тұрыңыз.

III көрініс

Бай өз кабинетінде отыр. Жанында хатшы қыз. Ол сәмбіталдай майысып, алдына бір шынаяқ шәй қойып кетеді. Айнаға қарап шашын түзеп еркелейді.

Хатшы қыз – Ту-у, таңертеңмен жасатып ем. Прическамы бұзып тастапсың.

Бай – Басқа жерің аман болса болды ғой. (хатшы қыз селтең қағып үсті-басын сипалайды)

Хатшы қыз – Қатыныңның қасынан шықпай қойдың ғой. Кісіні сонша сағындырып.

Бай – Қаймағым сенікі де қаспағы оныкі ғой.

Хатшы қыз – Тіліңді көрсетіп, тісіңді жасырып алдайсың, ылғи. Шетелге де алып кетпедің.

Бай – Кетеміз. Кешікпеспіз, біржола. (звондап) Шеф, қаракөлеңкелер қаптап кетті... тірі жүрсем, жоғалғанның орнын толтырам дедім ғой. Мұрсат берсеңіз дедім ғой. Тағы бір тендер. И всё!.. Олай деменіз, көкетай... Әлгі өлген Қашқынбаевтың қатынына қыруар ақшам кетті. Шырмап бітті. Көмейі кең тойымсыз ит екен. А деп аузын ашса болды ақша дейді.

Двойник – Спасибо (кланяясь). До встречи. (уходит)

Следователь – (звонит по телефону и разговаривает) Товарищ генерал, сегодня пока не арестовал его. Теперь он станет лихорадочно связываться с шефом и киллером... Да...он на поводке.... Нам теперь нужен толстый аркан, чтоб связать его крепко. (Смеясь) Толстый аркан! За каждым поставил слежку, ходят по пятам. Он ничего не сделает. Хорошо. Будьте здоровы.

Действие III

Бай сидит в своем кабинете. Рядом секретарша. Она, извиваясь своей гибкой фигурой, принесла и поставила перед ним чашку чая. Глядя в зеркало, поправляет прическу, кокетничает.

Секретарша – Фу-у, только утром сделала. Ты испортил мне прическу.

Бай – Главное, чтоб все остальное было в порядке (секретарша вертится, поправляет одежду)

Секретарша – Совсем не можешь оторваться от своей жены. Вынуждаешь меня скучать.

Бай – Все сливки для тебя, а для нее – то, что на дне.

Секретарша – Показываешь язык, а зубы прячешь, постоянно обманываешь. И за границу не взял.

Бай – Поедем. Успеешь, однозначно. (звонит) Шеф,... черные тени обступили... если буду жив, обещаю возместить потерю. Прошу, дайте мне возможность. Еще один тендер. И всё!.. Не говорите так, дорогой... На жену этого погибшего Кашкынбаева ушла уйма денег. Совсем опутала. Ненасытная, собака. Стоит рот раскрыть, сразу о деньгах говорит.

Хатшы қыз – (асылып) Жаным, жабырқамашы. Жақсы күндер алда. Бізді бақытты болашақ күтіп тұр. Бойыма бітіп қалды. Ұл бала шығар. Мұрагерің.

Бай –(немқұрайлы) Жақсы екен. Сосын. (телефонын әурелеп, қайта-қайта теріп) Алло, қырылдай ма, алло... Әлгі қанішер қайда жүр? Орыс орманына сіңіп кетті ме, (ойланып) әлде қара қытайдың құшағына еніп кетті ме? Өңшең ит-шошқа!

Хатшы қыз – (тұлданып) Мұрагерің десем, жақсы екен. (созып Сосын дейсің. Ойбай, қызуым басылмайтын, қызығымды қашырмайтын жалғыз өзің дегенің қайда? (сыңсып жылайды) Әлде ана қатын тапқан екі қыз шаңырағымды ұстап қалады деп отырсың ба? Кетем, көз көрмеске, қол жетпеске.

Бай –Жә, жаным, жә дедім. Келші бері. (құшақтап) Мен де қайбір жетісіп жүр дейсің. Абай шал да қайғырыпты ғой «Мыңмен жалғыз жағаластым кінә қойма» деп. Мен болсам миллиондармен арпалысып жүрмін. Так что, Абайдікі чепуха! Мені айт, мені. (Байдың алдына кеп тізесіне отырып, мойнынан тас ғып құшақтайды. Екеуі қаннен қаперсіз құшақтасып отыра береді. Осы кезде есіктен баяу басып Байдың әйелі енеді. Шошып әрі таңырқап қарап тұрып қалады. Отырған екеудің айналасында аңдап басып, үңіліп жүреді)

Әйел – Әй, бұл не сұмдық?

Бай –(баж етіп) Ойбай, бұл кім? (атып тұрады. Тізесінде отырған хатшы қыз еденге домалап құлайды) Сен бе едің?

Әйел – Иә, менмін мырзам. Өзіңнің (кекетіп) некелі жұбайың. Танымасаң танытайын, қос қыздың анасы...

Хатшы қыз – (тұрып) Жерге лақтырып...

Әйел – (өңіріне жармасып) Жүзқара, лақтырған былай болады.

Секретарша – (обнимая) Дорогой, не переживай. Впереди хорошие дни. Нас ждет счастливое будущее... Я понесла. Наверное, мальчик. Наследник.

Бай –(пассивно) Хорошо. Потом. (без конца набирает номер по телефону) Алло, охрип, что ли, алло... Где этот кровопийца? Или в русской тайге (призадумавшись), или попал в объятия китайцев? Одни нелюди!

Секретарша – (в гневе) Говорю наследник, отвечаешь (растягивая) хо-ро-шо, по-том. Ойбай, а где же твои слова, что я у тебя та единственная, которая постоянно возбуждает и увлекает? (причитает) Или ты думаешь, что две девочки, которых родила та баба, удержат твоё наследство? Уйду с глаз долой.

Бай –Всё, сказал, всё, душа моя. Иди ко мне. (обнимая) Думаешь, у меня все нормально. Вон и старик Абай переживал «С тысячей один боролся, не вини». Я же борюсь с миллионами. Так что, у Абая чепуха! Вот, ты скажи обо мне, обо мне. Секретарша (Подходит к Баю, садится на колени и крепко обнимает за шею. Сидят вдвоем, обнявшись. В это время в кабинет, не спеша, заходит жена Бая. Она застывает в ужасе. Осторожно ходит вокруг сидящих, всматриваясь в них)

Жена – Ой, какой кошмар?!?!?

Бай –(закричал) Ойбай, кто это? (быстро вскочил. Секретарша, сидящая на коленях, скатилась на пол) Это ты?

Жена – Да, я, мой господин. Твоя законная жена (ехидничает). Если не узнаешь, могу представиться... мать двойняшек...

Секретарша – (поднимаясь) Бросил на пол...

Жена – (ухватилась за борта одежды) Мерзавка, бросают вот так!

Бай –(жанталасып) Араша! Басымның сақинасы ұстап... Ол маған тек дәрі беріп жатты.

Хатшы қыз – Иә, тек дәрі. (қашуға бет алып) Цитрамон, аналгин, аспирин... Бәрін бердім, витамин.

Әйел – (енді Байға шап беріп) Бетсіз, алаяқ, сені мен заң орнына өз қолыммен ұстап берем. Көр де тұр!

Бай Жібер дейм. Мен Бай емеспін. Двойникпін көзіңді ашып қара!

Әйел – (хатшы қызды стол айналдырып қуалап жүріп) Двойник? Не дедің? Двойник?

Хатшы қыз – Иә, ол Бай емес. Оның двойнигі. Витаминді соған бердім.

Бай –Нағыз двойниктің өзімін. Нанбасаң ұстап қара, тістеп қара!

Әйел – (хатшы қызды қоя сап, Байды саусағымен шақырып) Кәне, жақында, кәне.

Бай –(бір басып, екі басып) Иіскеп қара... Бұл қыз менің ежелден көңілдесім. Бай білмейді.

Хатшы қыз – (Өзімен өзі) Қайдағы көңілдес? Бойыма бала бітті десем.

Әйел – (есі ауып кеткендей екеуіне алма-кезек қарап мәңгіріп тұрып қалады) Бай... Жо-жоқ двойник... Көңілдес... Екі қабат... (сосын кеп Байдың мұртын тартқылайды) Мынау жасанды мұрт емес. (құтырып) Сен двойник емесің! Ах, еңшең сайқал!

Бай –(қашып) Извени, мадам, извени! (Бай мен хатшы қыз стол айналып қашып, әйел қолына түскенін лақтырып айқай-шу жалғаса түседі. Осы кезде есіктен двойник енеді. Таңданып тұрып қалады. Бай жасырына қалады. Құтырынған әйел Бай екен деп жанына жетіп келіп мұртынан тартып қалғанда жапсырып қойған жасанды мұрт жұлынып кетеді)

Бай –(лихорадочно) Прекратите! Голова разболелась... Она всего лишь дала мне лекарство.

Секретарша – Да, только дала лекарство (убегая) Цитрамон, аналгин, аспирин... Всё дала, витамины.

Жена – (схватила Бая) Бессовестный, мошенник, я сама передам тебя в правоохранительные органы. Вот увидишь!

Бай –Отпусти, говорю! Я не Бай! Я двойник. Открой глаза!

Жена – (бегает за секретаршей вокруг стола, затем застывает) Двойник? Что ты сказал?

Секретарша – Да, он не Бай. Его двойник. Я ему дала витамины.

Бай –Я самый настоящий двойник. Если не веришь, потрогай, укуси!

Жена – (оставив секретаршу, пальцем подзывает Бая) Ну-ка, подойди, ну.

Бай –(сделал шаг, потом другой) Понюхай... Эта девушка с давних пор моя любовница. Бай не знает.

Секретарша – (сама собой) Какая любовница? Говорю, что понесла ребенка.

Жена – (забывшись, смотрит, как ненормальная, на обоих по очереди) Бай... Нет-нет двойник... Любовница... беременная... (потом дергает усы Бая) Это не искусственные усы. (взбесившись) Ты не двойник! Ах, лицемер!

Бай –(убегая) Извини, мадам, извини! (Бай и секретарша бегают вокруг стола, жена бросает в них все, что попадет под руку, крик-шум продолжается. В это время заходит двойник. Застыл удивленный. Бай спрятался. Когда взбешенная жена, думая, что это Бай, подбежала к нему и дернула за усы, то приклеенные усы оторвались)

Әйел – Ой-бай, мынау шынымен двойник екен ғой.

Осы арада Бай мен хатшы қыз, двойник пен әйелдің жын қаққан музыка әуенімен би жалғасады. Би – қашты-қуды, арпалыс, жанталас, қызғаныштан туған көріністі береді. Би жүріп жатқанда екі шайтан сахнаның екі тұсынан шығып, сықылық қағып екі тұсқа өтіп кетеді.

Күзетші – (есіктен енеді, би бітеді) Сақ болыңыздар. Екі қара көлеңке офис айналып жүр. Түрі қорқынышты.

Бай – (двойникке саусағын безеп) Есіттің бе, сақ бол! (күзетші жігіт әйелдің құлағына әлдене деп сыбырлап жатады)

Әйел – (хатшы қызға саусағын безеп) Ендігі ісім сенімен болсын!

Күзетші кетіп, ішке Қонбай мен қыз кіреді. Қуанышты.

Қыз – Ой, осында екенсіздер ғой. Қонбайчик екеуміз...

Қонбай –Екеуміз ұзақ іздедік. Үйден, даладан, тергеушіден.

Бай –Иә, не жаңалық?

Қыз – Жаңалық көп, аға.

Қонбай –Сіздің арқаңызда бизнесім гүлдеп кетті. Шетелдік компаниямен келісімшарт түзедім.

Әйел – Біздің ернімізге бірдеңе тие ме? Бал жалап қаламыз ба?

Хатшы қыз –(алақанын жайып) Маған ше?

Қыз – (армандап) Қонбай екеуміз Астанада жаңа коттедж бен «Lexus» аламыз. Дубай мен Нью-Йорктан пәтер таңдаймыз.

Хатшы қыз – (Байдың құлағына сыбырлап) Біз ше?..

Жена – Ой-бай, это, действительно, двойник.

Между тем продолжается танец Бая и секретарши, двойника и жены под демоническую музыку. Танец передает картину погони, схватки, агонии, ревности. Во время танца появляются два черта с двух сторон сцены, хихикают и исчезают обратно в двух направлениях.

Охранник– (Появляется в двери, танец заканчивается) Будьте осторожны! Две черные тени ходят вокруг офиса. Опасные на вид.

Бай – (указывает пальцем на двойника) Слышал, будь осторожен! (охранник что-то шепчет жене Бая)

Жена– (указывает пальцем на секретаршу) Теперь я буду иметь дело с тобой!

Охранник уходит, заходят Конбай и его жена. Радостные.

Сестра– Ой, оказывается, вы тут. Мы вдвоем с Конбайчиком...

Конбай – Искали вдвоем долго. Дома, на улице, у следователя.

Бай – Ну, какие новости?

Сестра – Новостей много, брат.

Конбай – Благодаря Вам мой бизнес начал процветать. Внес поправку в договор с иностранной компанией.

Жена –А нам что-нибудь достанется? Будем мёд лизать?

Секретарша –(протянув ладонь) А мне?

Сестра – (мечтая) Мы с Конбаем купим в Астане новый коттедж и «Lexus». Выберем квартиры в Дубае и Нью-Йорке.

Секретарша – (Шепчет на ухо Баю) А мы?..

Әйел – (соны қайталап) Біз ше?...

Бай – Тұра тұрыңдар. (Қонбай мен қызға) Құтты болсын. Ал, менің шаруам ше?

Қонбай –(қалтасын ақтарып) Айтпақшы, оны қанттай қылдым. Міне, шетелдік паспортыңыз. Енді сіз Байрон мырзасыз. Дүниенің төрт тарабына жол ашық. Билет алыңыз да ұшып жүре беріңіз. Жолыңызға қиқым жатпайды.

Бай – (паспортты көкірегіне басып) Қолыма тиді-ау, ақыры.

Қыз –(ағасының қолын қысып) Құтты болсын, Байрон мырза! (күліп) Енді сізбен қай тілде сөйлесеміз?

Әйел -Оның тілін мен білем. Менен сұраңдар.

Хатшы қыз – (Байды құшақтап) Біреудің ойы Байронда, біреудің ойы айранда. Сенің ойың ше?

Бай – Бәріңе де жетемін. Ой, менікі деген...

Двойник –Мен сонда кімін? Паспорт бойынша?

Бай – Байсың. Отыр менің орныма. (креслоға әкеп отырғызады) Міне, осылай міз бақпа.

Двойник – (креслода айналып) Рах-хат! Кешке қай үйге барам? Кімнің қасына жатам?

Бай – (шошып) Әй, мына ит не дейді-әй? Өле алмай жүріп!

Двойник – Енді мен нағыз Бай мырзаның өзі емеспін бе?

Әйел – Дәмесінің зорын қара.

Қыз – Өзілдейді дағы.

Қонбай – Қазақтың жоқ жерден қытығы келгіш.

Жена –(повторяя за ней) А мы?..

Бай –Подождите. (Конбаю и сестре) Поздравляю. А как мои дела?

Конбай – (порывшись в карманах) Кстати, там все в шоколаде. Вот Ваш заграничный паспорт. Теперь Вы господин Байрон. Вам открыта дорога на все четыре стороны. Купите билет и летите. Никто Вам не помешает

Бай –(прижимает паспорт к груди) Наконец-то он в моих руках.

Сестра –(пожимает брату руку) Поздравляю, господин Байрон! (смеясь)Теперь на каком языке с Вами разговаривать?

Жена – Я знаю его язык. Спросите у меня.

Секретарша – (обнимая Бая) Мысли одних о Байроне, мысли других об айране. А твои мысли?

Бай- Меня хватит на всех вас. Ой, да у меня...

Двойник- А я кто тогда? По паспорту?

Бай –Бай. Садись на мое место. (сажает в кресло) Вот так, не подавай виду.

Двойник –(вертясь в кресле) Бла-жен-ство! В какой дом идти вечером? С кем спать?

Бай –(ужаснувшись) Әй, что говорит эта собака, а? Хочешь, чтоб тебя грохнули?!

Двойник - Разве я не настоящий господин Бай?

Жена –Раскатал губу.

Сестра – Он шутит.

Конбай –У казахов щекотка всегда начинается не вовремя.

Бай, әйел, хатшы қыз, Қонбай мен қыз сахнадан жылыстап жоғалады. Двойниктің өзі қалады.

Двойник – (креслода шайқалып) Рах-хат! Байрон кетті Бай қалды. Дүние қалай-қалай құлпырады-ә? Күні кеше кім едім, бүгін кіммін. (мәз болып) Дүрдей боп отырысымды қарашы. Пах, пах! Байдың өзі бас бағып, жылыстап жоғалған жоқ па? Ә, өзінде қатырдым-ау. Кешке қай үйге барам, кімнің қасына жатам, деп. (сықылық атып) Жылан шаққандай, жылқы тепкендей етіп. Үрейі ұшып кетті. (ойланып) Тергеушісі түскірге сөйлесейік тіпті сырласайық дегенде буыны босап сала берген сияқты. Тамағы тесік, іші қуыс пенде емес пе. Оны осылай жайғастырсам. Сонда бұл көкең сүт бетіндегі қаймақ боп қал-қып... жыртас іздеген кемпірдей жыртиып есіктен сығалағандарға (өз-өзінен қоразданып) «уақытым жоқ, сосын», «тағы бірде», «жиналысым бар, мазам болмай отыр» (еліріп) «қаңғып жүрген кімсің, айда қайқай!» деп тойтарып тастасам. Жолын жығып, көзінің отын алып. Әйтпесе, жүгенсіз кеткен қой, бұл халықты қой! Сосын түймені басып хатшы қызды шақырып, шәй алдырып... Ол мықыны құрып, бұралып басып жаныма келе бергенде ту биенің сауырындай құйрығынан сипап кеп жіберсем...

Двойник осылай тұрып, отырып қиялданып жүргенде Қашқынбаевтың кегін қуған екі жігіт ішке білдіртпей еніп, мұның әрекетін қызықтап тұрған.

I жігіт – Иә, Бай мырза, жалғастыра бер.

Двойник – (шошып бақырып) Кімсіңдер? Рұхсатсыз, сұраусыз!

II жігіт – (миығынан күліп) Ал, құйрығынан сипап кеп жібердің. Сосын...

Двойник – Не шаруа? (апыл-ғұпыл жиналып) Асығыспын, жиналысым бар.

I жігіт – Асығып болғансың, Бай мырза!

II жігіт – Қолға түстің, қанішер.

Бай, Жена, секретарша, Конбай с сестрой Бая медленно исчезают со сцены. Остается один Двойник.

Двойник –(раскачивается в кресле) На-слажде-ние! Байрон исчез, остался Бай. Как расцвел мир, а? Кем я был вчера, а сейчас я кто? (довольный) Посмотри, какой я большой человек. Ах, ах! Бай думает только о своей голове и разве не исчез он теперь совсем? Да, я его самого застал врасплох своими вопросами: в какой дом идти вечером, с кем лечь спать? (хочет) Как укус змеи, как удар копытом лошади. Он пришел в ужас. (задумавшись) Когда я сказал следователю, что, давай поговорим, даже посекретничаем, он вроде расслабился. Он тоже смертный, с дыркой в горле и с нишей в желудке. Это я устрою. Да, тогда этот дядя, как сливки на молоке... как бабка, ищущая кусок ткани, всем, кто заглядывает в дверь, (петушится сам-собой), будет давать отпор «нет времени, потом», «в другой раз», «на совещании, покоя нет» (буйствует) «ты кто такой, что тут бродишь, а ну, пошел!». А то этот народ совсем разнузданный! Потом нажму кнопку, вызову секретаршу, попрошу чай... Она как только подойдет ко мне, поглажу её по заднице...

Пока двойник сидел и мечтал, незаметно вошли два парня, которые хотели отомстить за Кашкынбаева, и с интересом наблюдали за его действиями.

I парень –Ну, господин Бай, продолжайте.

Двойник – (закричал в ужасе) Кто вы? Без разрешения!

II парень –(усмехаясь) Ну, погладил по заднице. Дальше...

Двойник –В чем дело? (торопливо собираясь) Спешу, совещание.

I парень –Твоя спешка закончилась, господин!

II парень - Попался в руки, кровопийца.

Двойник – (өз-өзімен арпалысып) Қазір полицияға хабар берем. Қаматам! Айдатам! (қашады, екі жігіт қуалайды)

I жігіт – (двойникті ұрып жығып) Айт, шыныңды киллер жалдаған сен ғой!

Двойник – Жо-жоқ. Шынымды айтсам... Мен өзім Баймын... емеспін.

II жігіт – (төніп) Сосын өз ақшаңды өзің ұрладың!

I жігіт – (пистолетін шығарып) Шефті алдадың, партнеріңді өлтірдің.

Двойник – (ойбайлап) Араша, халқым, араша!

II жігіт – (күліп) Халық? Халқым дейді, әй, мынау?

I жігіт – Алаяқтығың үшін өлім жазасына кесілгенсің.

II жігіт – Үйір иманыңды.

Двойник – Мен Бай емеспін. Оның двойнигімін.

I жігіт – Соқ өтірікті!

II жігіт – Ой, алаяқ! Тапқан айласын қара!

Двоиник – (жан даусы шығып) Өлтіре көрмеңдер! Мен оның двойнигімін. Тек рөлін ойнап жүрмін. (сахнадағы жарық сөне бастайды)

I жігіт – Рөлің аяқталды.

II жігіт – Шымылдық жабылды.

Двойник - (сам себе) Сейчас позвоню в полицию. Посажу в тюрьму! Отправлю в ссылку! (убегает, два парня преследуют его)

I парень – (ударил двойника, повалил) Говори правду, ты ведь заказал киллера!

Двойник – Нет-нет. Сказать правду? Я сам не... Бай.

II парень – (угрожает) Потом сам украл свои деньги!

I парень – (вытащил пистолет) Обманул шефа, убил партнера.

Двойник – (вопит) Заступись, народ, заступись!

II парень – (смеясь) Народ? Что он говорит, народ?

I парень – Приговорен к смерти за мошенничество

II парень – За вероломство и подлость

Двойник – Я не Бай. Я его двойник.

I парень – Ври побольше!

II жігіт – Ой, аферист! Смотри, какое оправдание нашел!

Двоиник – (слышится душераздирающий крик) Не убивайте! Я его двойник. Только играю его роль. (на сцене начинает гаснуть свет)

I жігіт – Твоя роль закончилась.

II – жігіт - Конец комедии, занавес закрыт.

IV көрініс

Байдың үйі. Өзі, әйелі, Қонбай мен қыз – төртеуі де аса қайғырған кейіпте. Шарасызданып бір-біріне көз астымен қарасады. Күрсініс көп.

Бай – (қолындағы газетті аударып-төңкеріп) Сұмдық қой мынау. Мұны есітіп бүкіл қала дүрлігіп жатыр ғой. Фотомды да қоса басыпты, иттер!

Әйел – Тағы бір оқышы.

Бай – «Кеше кешкілік қаламызға белгілі бизнесмен Байды қаскөйлер өз кабинетінде атып кеткен. Қазірде ол аса ауыр халде аурухана төсегінде жатыр».

Қонбай – Қала шулап жүр. Қайнағаң, қайнағаң деп. Тіпті ана байғұс көзіне жас алды.

Бай – Кім еді ол?

Қонбай – Атын ұмыттым.

Қыз – Қазақтың атын жаттай алмай-ақ қойдың.

Бай – Жұттан қашқандай, өрттен қашқандай... Қашып берсем.

Әйел – Қайда қашасың?

Қонбай – Шетелдік паспортыңыз әзір тұр.

Әйел – Мен де кетем. Қалмаймын. Қыз қияда, ұл ұяда. Алаң болар ештеңем жоқ.

Қыз – Аға, газетке түзету берсек.

Бай – Ал, ал...

Қыз – Мысалы, ауыр жараланған Бай емес, оның двойнигі десек.

Действие IV

Дом Бая. Он сам, жена, Конбай и сестра – сидят вчетвером в очень подавленном состоянии. Смотрят друг на друга исподлобья. С учащённым дыханием.

Бай – (без конца переворачивает газету в руках) Какой ужас! Весь город, наверное, шумит, узнав об этом. И фотографию мою напечатали, собаки!

Жена – Прочти еще раз.

Бай – «Вчера вечером известного в городе бизнесмена Бая конкуренты застрелили в собственном кабинете. В данное время он находится в больнице в тяжелом состоянии».

Конбай – В городе шумят: «Твой шурин, твой шурин». Даже тот бедняга прослезился.

Бай – Кто это?

Конбай – Забыл, как зовут.

Сестра – Ты так и не смог запомнить казахские имена.

Бай – Бежать, как от голода и огня... А если сбежать.

Жена – Куда?

Конбай – Заграничный паспорт готов.

Жена – Я тоже поеду. Не останусь. Дочери замужем. Ничто меня не держит.

Сестра – Брат, может, дать опровержение в газету.

Бай – Ну, ну...

Сестра – Например, тяжело ранен не Бай, а его двойник.

Бай – (құтырынып) Ақылың құрысын, өйткен ақылың. Тұп-тура аждаһаның аузына түссін дейсің бе?

Әйел – Қой, бұл қыздың есі кем екенін бұрыннан білем.

Қыз – (шапылдап) Өз жөніңді біл. Ағама тиіп адам боп...

Әйел – Ал, тидім. Сен сияқты байдан бай қоймай жүргем жоқ. Өл де бар.

Қонбай – Араша, айтысатын кез емес.

Әйел – Сен бар ғой, аузымды қыздырма менің. Осы күнге дейінгі төсек жорғанды тізіп берсем... Сылдырлатып моншақ ғып. Мына Қонбай жанынан безіп кетер.

Бай – (ақырып) Тоқтат, өңшең найсап!

Қонбай – Байрон мырза, әлгі пікірге мен аздап түзету енгізейін.

Бай –Қалай? Не деп?

Қонбай – Мысалы, қаскөйлер атып кеткен Бай емес, оның өзінен аумайтын, құйып қойғандай сыңары десек.

Бай –(қуанып, дүрлігіп) Міне, ақыл, міне.

Қыз – (Қонбайды жүгіріп кеп сүйіп) Таптың! Нақсүйерім менің! Нахалым менің!

Әйел –Шакалым менің десеңші!

Бай –(Қонбайға) Сосын? Өзім бұғып отыра берем бе?

Қонбай – Тергеу бар, тіміскілегендер бар, әзірге шетелге жылжып кеткеніңіз жөн.

Бай –Дұрыс айтасың, Қонбайжан. Табыстың елу пайызын өзіңе түсірдің бе?

Бай –(взбешен) Пропади ты пропадом со своим советом. Хочешь, чтобы я попал прямиком в пасть дракона?

Жена –Да ну, я раньше знала, что она ненормальная.

Сестра – (кричит) Знай свое место. Сама стала человеком, выйдя замуж за моего брата...

Жена –Ну, вышла. Но, как ты, не выхожу же за всех подряди кого попало. Подохни!

Қонбай – Довольно, не время ссориться.

Жена –Знаешь что, не закрывай мне рот. Если начну перечислять, с кем у тебя были постельные скачки... Переберу как бусинки. Этот Қонбай сразу сбежит от своей душечки.

Бай –(крикнув) Прекрати, бессовестная!

Қонбай – Господин Байрон, я внесу некоторые исправления в эту информацию.

Бай –Как? Что скажешь?

Қонбай – Например, скажем, что недоброжелатели застрелили не Бая, а человека, который очень похож на него, его копию.

Бай –(взбудораженный) Вот, это правильно, вот.

Сестра – (подбежала к Қонбаю и поцеловала его) Придумал! Мой самый любимый! Мой нахал!

Жена – Лучше скажи, мой шакал!

Бай –(Қонбаю) Потом? Я что, так и буду сидеть притаившись?

Қонбай – Идет следствие, рыщут сыщики, лучше Вам пока уехать за границу.

Бай –Правильно говоришь, Қонбайчик. Перевел себе пятьдесят процентов дохода?

Қыз – Кеше есеп шотына түсіріп алған.

Бай –(Қонбайға) Звондашы ауруханаға. Егіздің сыңарының халін білші.

Қыз – Мен кеттім. Газетке түзету берем.

Бай –Тұра тұр. Сөйлесіп алсын.

Қонбай – (қоңырау шалып) Алло, иә, бас дәрігер... Жо-жоқ қателесесіз, ол Бай емес, бизнесмен емес. Оның сыңары. Егіздің сыңары. Алдама... Шыны сол. Құйып қойғандай. Бірінің бірі аузынан түскендей. Ауса-ше. Тіпті кейде әйелдері де ажырата алмай, төсекте ауысып-ауысып жата береді. (тарқылдап күліп) сандырақтап жатыр? Не деп? Шайтанға жанымды саттым деп. (Байға қарайды) Мынау не деп кетті?

Бай –Айналамызда шайтан, жын-пері көп. Сатса сатқан шығар.

Қонбай – (телефонға) Алло, сатса сатқан шығар. Ақша бәріне де керек? Қызық, қаншаға бағалады екен? Доллармен, евро, теңге... тергеушілер қаптап жүр. Жақсы қойдым.

Бай –Кетейін, қарамды батырайын. Тыныш қоймас.

Күзетші – (асығыс кіріп) Бала жетектеген бір әйел үйге кірем деп зікір салып тұр. Шетелдік. Тыңдар емес.

Қонбай – (түсі қашып, тұтығып) Кім екен? Келіп қалған ба?

Бай –(ойланып) Шетелдік болса кірсін. Жібер.

Әйел – Англиядағы подругам емес пе? Келем, қонақ болам, қазақтың дастарханын көрем деп жүрген.

Қыз – (жаратпай) Подруга?! Қаңғып жүрген біреу де.

Сестра – Вчера перевел на свой счет.

Бай –(Конбаю) Позвони в больницу. Узнай о состоянии двойника.

Сестра – Я пошла. Дам опровержение в газету.

Бай –Постой. Пусть переговорит.

Конбай – (звонит по телефону) Алло, да, главный врач... Нет-нет, Вы ошибаетесь, это не Бай, не бизнесмен. Его близнец.. Не обманывай...? Это правда. Как копия. Они не отличаются друг от друга. Даже жены путают, не могут их отличить в постели. (громко хохочет)... бредит? Что говорит? Что продал душу черту. (смотрит на Бая) О чем он говорит?

Бай –Вокруг нас много чертей, джинов, пери. Может, и продал.

Конбай – (в телефон) Алло, Может и продал. Деньги всем нужны. Интересно, во сколько оценил? В долларах, евро, тенге... следователи ходят толпой. Ладно, перестал.

Бай –Пойду, скроюсь. Не оставят в покое.

Охранник – (поспешно вошел) Женщина с ребенком требует впустить в дом. Иностранка. Даже не хочет слушать.

Конбай – (изменившись в лице, заикаясь) Кто же это? Уже приехала?

Бай –(задумавшись) Если иностранка, пусть заходит. Пусти.

Жена – Не моя ли подруга из Англии? Говорила, что хочет приехать погостить, хочеть увидеть казахское застолье.

Сестра– (недовольно) Подруга?! Да какая-нибудь бродяжка.

Ішке Қонбайдың елде қалған әйелі мен баласы кіреді.

Бала – (қуанып Қонбайға ұмтылады) Папа, сағындым.

Қонбайдың әйелі – Джимми жаным, (құшақтап) біз келдік. Уәде бойынша. Әрең таптық өзінді.

Қонбай – (қызға жалтақтап) Мен де сендерді сағындым.

Қыз – (ащы дауыс сап) Конг, бұлар кім?

Бай –Түсінбей тұрмын, Қонбай? Бұл не мазағың?!

Конгтың әйелі – (нұрланып) Елінде қалған қатын-баласы дағы.

Қыз – (шапшып) Мен заңды қатыны, мен. Ия! (Қонбайға) Айт, кәне, шыныңды!

Бала – Папа менікі.

Қонбайдың әйелі – Бай менікі.

Қыз – (Қонбайдың жағынан шапалақпен ұрып) Айт дедім, кімді сүйесің?

Бала – Тәте, ұрма папамды.

Қонбайдың әйелі – Мені сүйеді, мені.

Қыз – (ұмтылып) Жоқ, ол менікі, жекеменшігім (Қонбайдың әйелімен төбелесе кетеді). Сатып алғам. Ағамның ақшасына.

Әйел – (мазақтап) Елу пайызға!

Қонбайдың әйелі – (төбелесіп жүріп) Біз о баста келіскенбіз. Жоспарымыз солай. Қазақстанның азаматтығын ап, бизнес жаса, байы, тіпті уақытша үйлен дегем. Енді қайтар байымды. Пайдаландың.

Входят жена и ребенок Конбая, оставшиеся на родине.

Ребенок – (радуясь, подбегает к Конбаю) Я соскучился, папа.

Жена Конга– Джимми, душа моя (обнимая) мы приехали. Как обещали. Еле нашли тебя.

Конбай – (лебезит) Я тоже по вам соскучился.

Сестра – (пронзительным голосом) Конг, кто эти люди?

Бай – Не понимаю, Конбай?! Это что за издевательство?!

Жена Конга – (сияет) Да это я, его жена с ребенком, оставшиеся дома.

Сестра – (нападая) Я законная жена, я. Да! (Конбаю) Давай, говори правду!

Ребенок – Это мой папа.

Жена Конга– А мой муж.

Сестра – (дала пощечину Конбаю) Говори, кого любишь?

Ребенок – Тетя, не бей папу.

Жена Конга Меня любит, меня.

Сестра– (устремляется к ним) Нет, он мой, собственный (дерется с женой Конбая). Купила. На деньги брата.

Жена Бая – (дразня) На пятьдесят процентов!

Жена Конга – (дерется) Мы в самом начале договорились. Таков наш план. Получи гражданство Казахстана, сделай бизнес, разбогатеи, даже женись временно. А теперь верни моего мужа. Использовала, а теперь хватит.

Бай –(басын ұстап) Ақымақ басым. Ол бізді пайдаланған.

Әйел – (шаптығып) Бай құтаймаған сорлы. Мен осылай боларын о баста-ақ білгем. а!

Қонбайдың әйелі – Міне, ұлы, нанбасаң. Папалап тұр.

Қыз – Менің үшінші күйеуімнен қалған қызым да папалап тұр.

Қонбай – (қызға) Қазақта жақсы дәстүр бар. Бәлкім, маған нақсүйер тіпті тоқал боларсың.

Қонбайдың әйелі – (қызға) Құнды ұсыныс. Онда менің шеккен моральдық әрі материалдық зияным үшін компенсация төлеп тұрасың. Мо-ол етіп.

Қыз – (бармағын шығарып Қонбайдың әйеліне иіскетеді) Мә, саған моральдық шығын! Мә, саған материалдық шығын. Тойдың ба?

Бай –(түңіліп) Жұт жеті ағайынды деген рас.

Әйел – (қызға тап-тап беріп) Жұттың басы – осы қаншық. Жаттың тақымын, жақынның ақылын тоздырып бітті.

Бай –(зілденіп) Менің арқамда байыдың, Қонбай? Су ішкен құдығыңа түкіргелі тұрсың.

Қонбай – Сізге көп рахмет, Байрон мырза. Менің де еңбегім сізге аз сіңген жоқ. Двойник, тергеуші, қарындасыңыз...

Әйел – Қарындасыңның қасына жаттым деп тұр ғой. Еңбегі аз емес.

Бай –(айбат шегіп) Бар! Осы тойғаныңмен бар.

Қыз – (ойбайлап жылап) Оңбаған, алаяқ, аферист!

Бай –(держась за голову) Голова моя садовая. Он нас использовал.

Жена – (в ярости) Невезучая ты на мужей. Я чувствовала, что так и будет, а!

Жена Конга – Вот сын, если не веришь. Папкает стоит.

Сестра – Моя дочь от третьего мужа тоже папкает.

Конбай – (сестре) У казахов есть хороший обычай. Может, станешь мне самой любимой второй женой .

Жена Конга – (сестре) Ценное предложение. Тогда будешь мне выплачивать компенсацию за причиненный моральный и материальный ущерб. Большую-пребольшую.

Сестра – (показывает фигу жене Конга, подносит ее к носу) На тебе, моральный ущерб! На тебе, моральный ущерб! Наелась?

Бай –(отрешенно) Правду говорят, беда не приходит одна

Жена Бая– (набрасывается на золовку) Начало беды – эта сучка. Сколько на нее советов перевели – родных и чужих людей.

Бай –(с тяжестью в голосе) Благодаря мне ты разбогател, Конбай. Плюешь в колодец, из которого пил?

Конбай – Большое Вам спасибо, господин Байрон. Я тоже немало сделал для вас. Двойник, следовательно, Ваша сестра...

Жена Бая– Говорит, что спал с твоей сестрой. Немало потрудился.

Бай –(сурово) Уходи! Наелся досыта.

Сестра – (вопит и плачет) Негодяй, мошенник, аферист!

Бала – Жүр, папа, кеттік. Өзіміздің коттеджге барайық. (үшеуі жетектесіп шығып кетеді)

Күзетші – (асығып кіріп) Байеке, тағы біреулер торып жүр.

Бай – Не дейд? Кімдер?

Күзетші – Екі топ. Мен сізді ауруханада жатыр дедім.

Бай – Ит-ау, ол егіздің сыңары демейсің бе?

Күзетші – (кінәлі кейіпте) Қайдан білейін.

Әйел –(Байға) Ол өліп қалса, кім көмеді?

Қыз – Шайтанға жанын сатқан адам өлмейді.

Күзетші – Айтпақшы түн ішінде шайтан сияқты екі мүскін терезеңізден сығалаумен болды.

Бай – (шошып) Тағы не дейд?

Күзетші – Түрлері қорқынышты. Жақындасам болды жерге кіргендей жоқ боп кетеді.

Әйел – Құдай-ай, бүйткен ақшасы құрсын, байлығы құрсын!

Қыз – Рахатын белшеден кешіп, енді айтып тұрғанын қарашы.

Осы кезде ішке хатшы қыз кіріп келеді. Екіқабат, іші томпайып көрініп тұр.

Әйел – (шаптығып) Албастының апасы құсап сен не ғып жүрсің? Кім шақырды?

Хатшы қыз – Саған келгенім жоқ.

Қыз – Енді кімге?

Хатшы қыз – Байға келдім. Байыма!

Ребенок – Идем, папа, пошли. Пойдем в наш коттедж. (втроем уходят, держась друг за друга)

Охранник – (вошел поспешно) Байеке, там еще полно всяких.

Бай –Что ты говоришь? Кто такие?

Охранник – Две группы. Я сказал, что Вы лежите в больнице.

Бай –Вот, пёс, надо было сказать, что это мой близнец

Охранник – (с виноватым видом) Откуда я знал.

Жена –(Баю) А если он умрет, кто его похоронит?

Сестра–Продавший душу черту, не умирает.

Охранник – Кстати, посреди ночи две фигуры, похожие на чертей, подсматривали в Ваше окно.

Бай –(испуганно) Что там еще?

Охранник – С виду ужасные. Только подошёл, исчезли, как сквозь землю провалились.

Жена –О, господи, пропади ты пропадом и эти деньги, и богатство!

Сестра – Получил удовольствий вдоволь, а теперь смотри, что говорит.

В это время входит секретарша. Беременная, живот округлился.

Жена – (в ярости) Что ты здесь ходишь, как сестра ведьмы? Кто тебя звал?

Секретарша– Не к тебе пришла.

Сестра – А к кому?

Секретарша – Пришла к своему мужу Баю!

Әйел – (айқайлап) Байы ма? Не айтып тұрмына бетсіз?!

Бай –Сабыр дедім.

Қыз – (әйелге) Ә, қалай екен. Дүние дөңгелек.

Хатшы қыз – (Байдың қолтығынан ұстап) Біз шетелге билет алып қойғанбыз. Ұшуымыз керек.

Әйел – (жұлынып кеп Байдың екінші қолтығынан ұстайды) Мен де кетем. Қалмаймын.

Хатшы қыз –Баламды шетелде босанам. Сол елдің азаматтығын алады. (майысып) Солай ма, Байым?

Бай – (екеуінен босанғысы кеп) Солай, солай. (біресе әйелге, біресе қызға мойын бұрады) Солай, солай!

Есіктен Әке кіріп келеді. Қатулы. Сахнадағылар үрпиісіп қалады.

Әке – Бармысың, балам?

Бай –Бармын әке. Тірімін.

Әке – Қадірі қашқан тірліктен кейде абыройлы өлім артық.

Қыз – Әке, әке-ау.

Әке – (қолын сермеп) Сөйлеме сен қыз. Сенің сыбағаң бөлек.

Хатшы қыз – дегбірсізденіп) Бай, болсаңшы. Тез кетейік.

Әке – Бай? Мұның аты Бай емес, Байрон емес, Баймұрат. (Байға тесіле қарап) Азан шақырып қойған атың – Баймұрат, Баймұрат, Баймұрат!

Бай –(күмілжіп) Бала кездегі ат қой. Есімде.

Жена –(крича) Ее муж? Что говорит эта бесстыжая ?!

Бай –Успокойся.

Сестра – (жене) А, каково. Земля круглая.

Секретарша – (Взяв под руку Бая) Мы уже купили билет за границу. Должны лететь.

Жена –(вырвавшись, ухватила Бая за вторую руку) Я тоже поеду. Не останусь.

Секретарша – Рожу ребенка за границей. Он получит гражданство той страны. (кокетничая) Так, мой Бай?

Бай – (хочет освободиться от обеих) Так, так. (поворачивается то к жене, то к сестре) Так, так!

Входит Отец. Ожесточен. На сцене все стоят в испуганном состоянии.

Отец – Как ты, сын?

Бай –Живой, отец.

Отец – Иногда достойная смерть лучше, чем жизнь, потерявшая ценность.

Сестра – Папа, папа-а.

Отец – (махнув рукой) Помолчи, дочь. А тебе предназначена другая доля.

Секретарша – (нетерпеливо) Бай, поторопись. Давай скорее.

Отец – Бай? Его зовут не Бай, не Байрон, а Баймурат. (пронзает взглядом Бая) Тебе дали имя по благовесту – Баймурат, Баймурат, Баймурат!

Бай –(бормочет) Помню. Имя из детства.

Әке – Бала кезде, ауыл шетінде қозы-лақ қайырып жүргенде қандай тап-таза едің. Дақ түспеген ақ дәптердің бетіндей едің. Жаңа жауған қардай кіршіксіз едің. Кім боп кеттің, Баймұрат?

Бай –Білмеймін, әке.

Әке – Ал, мен білемін. Сендер ақшаның тілін білгенмен адамның тілін ұмытқансыңдар.

Бай –Өңшең шайтан иектегендер

Осы кезде сахна түкпірінде екі шайтан пайда болып музыка әуенімен биге басады. Оған Қонбай мен шетелдік әйелі қосылады. Бай мен әйел, хатшы қыз да сол әуеннің ырғағына беріледі. Соңында үсті-басы ақ дәкемен оралған Двойник кеп биге кіріседі. Әке әлсін-әлсін бас шайқайды. Осы кезде сахнаға төрт-бес жас бүлдіршін шығып «Ата», «нағашы аталап» Әкені қаумалайды. Әуен бәсеңсігенімен би жалғасып жатады.

Әке – (немерелерін құшақтап) Сендер адалмен ауызданыңдар, жарқыным! Келешектің күміс көкжиегі өздеріңді шақырып тұр. (Әкемен бүлдіршіндер билеп жатқан топқа қарап қалады. Олар біртіндеп сахнаны тастап шығады)

Шымылдық

Отец – В детстве, когда ты жил в ауле, пас ягнят и козлят на его окраине, каким ты был чистым. Ты был как белый лист тетради без пятен. Был чистым, как первый снег. В кого ты превратился, Баймурат?

Бай –Не знаю, отец.

Отец – А я знаю. Вы знаете язык денег, а вот язык людей забыли.

Бай –Сплошь сбитые с путей чертями.

В это время в глубине сцены возникли два черта и стали танцевать под музыку. К ним присоединились Конбай и его заграничная жена. Бай, жена и секретарша тоже двигаются в такт мелодии. В конце появляется Двойник, завернутый в белую марлю, и тоже танцует. Отец время от времени покачивает головой. В это время на сцене повлчаются 4-5 детей и приговаривая «Дедушка», окружают его. Музыка понемногу затихает, но танцы продолжаются.

Отец - (обнимая внуков) Будьте честными, светики мои ! Будущее зовет вас. (Отец и дети засмотрелись на танцующих. Они по одному покидают сцену).

Занавес

ЖҰМБАҚТАУДАҒЫ ҚАЗЫНА

Көпсериялы телефильмнің сценарийі

1. Ауғанстан. Тау етегіндегі кишлак. Шатыры жоқ қарапайым жер үй. Есік алдында Өзім (25 жаста), әкесі (мүгедек, бір аяғын Кеңес әскерімен соғыста оқ үзіп кеткен) шешесі, екі қарындасы және үйленейін деп жүрген пуштун қызы т.б. тұр. Өзім ұзақ жолға жиналған. Өртүрлі көңіл-күй көрініс береді. Қимастық, үміт, күдік - әрқайсының жүзінде алмасып тұр. Өзім қалтасынан алтын монетаны алып иіріп, жоғары атып жібереді. Ол жерге сыңғыр етіп құлайды. Алтын монетаның бетіндегі Ресей императорының суреті жарқ етіп көрінеді. (Әр серияның осы көріністен басталғаны дұрыс деп ойлаймын)

2. Баку. Теңіз айлағы. Ірілі-ұсақты кемелер айлаққа келіп, кері аттанып жатыр. Қазақстан, Ресей, Иран, т.б. елдердің жалауын байлаған жолаушылар кемесі әсем де сәнді. Айлақта ерсілі-қарсылы қайшыласқан жолаушы қарасы мол. Кейбірі кемеден түсіп қалаға бет алған. Сонадай жерде крандар басын көтеріп, бүгіп жүк тиеп жатыр. Цыган тобыры көзге шалынады. Теңіз тыншыған. Жуас толқындар жаймен жылжиды. Шағалалар қиқулсады. Осы көріністердің бәрін көзбен бағып келе жатқан Өзім вокзалға кіріп билет кассасының алдына тоқтайды.

Өзім: (кассирге ақша ұсынып) Қазақстан. Ақтауға бір билет.

Кассир қыз: (паспорттағы арабша жазуды оқи алмай) Фамилияңыз?

Өзім: Алла – берген. Атым - Өзім. Ауғанстаннан.

КЛАД ИЗ ЖУМБАҚТАУ

Сценарий многосерийного фильма

1. Афганистан. Кишлак у подножья гор. Обыкновенная землянка без водозащитной крыши. У входа в дом стоят: Азим (25 лет), его отец (инвалид, потерявший одну ногу в бою с армией Советов), мать его, две сестры и пуштунская девушка, невестка Азима, и другие. Азим собрался в дальнюю дорогу. На лице сменяются различные чувства. Горечь расставания, надежда, сомнение. Азим вынимает из кармана золотую монету, подбрасывает её, метая большим пальцем. Она со звоном падает на землю. Вместе с блеском на аверсе её обнаруживается портрет императора России. (Считаю, что каждая серия кинокартины должна начинаться с этого явления).

2. Баку. Берег моря. Большие и малые суда то причаливают к порту, то отчаливают от него. Особо красивы туристические, пассажирские теплоходы с флагами Казахстана, России, Ирана. В порту массы прибывающих и убывающих туристов. Некоторые из них, сойдя на берег, направляются в город. Издали виден и товарный порт, где огромные краны то загружают, то отгружают контейнеры и связки грузов. Вдруг появляется цыганский табор. На море штиль. Волны сменяют друг друга вяло и нехотя. Слышен визг чаек. Наблюдавший за всеми этими явлениями Азим, входит в здание вокзала и останавливается у билетной кассы.

Азим (протягивая кассирше деньги): - Казахстан. Один билет до Актау.

Девушка-кассирша (не сумев прочитать арабскую надпись на паспорте): – Ваша фамилия?

Азим: Алла-Берген. Имя – Азим. Из Афганистана.

Кассир қыз: (мырс етіп күліп) Міне, билетіңіз.

Әзім: (билетті алып) Рахмет!

3. Каспий теңізі. Жолаушылар кемесі жүзіп келеді. Бағыты – Ақтау қаласы. Кеме жолаушылары әртүрлі ұлт өкілдері. Қазақ, әзірбайжан, орыс, дағыстандар... Бизнесмендер, криминалды топ та, қарапайым халық та бар. Кейбірі карта ойнап, кейбірі газет, кітап парақтап отыр. Ресторанда музыка ойнайды. Қыз-жігіттер алаңсыз биге кіріскен. Әзім палубаға оаңшаланып көтеріледі. Терең ой құшағында. Бір-бірін желкелеп жатқан толқынға көз тігеді. Бір шағала шүйіліп келіп топшысына дейін суға кіріп кетті. Іле кері шықты. Аузында тістеген шабағы бар. Олжалы. Оны көрген үш-төрт шағала қызғанып, қиқуласып қуады. Әзім үнсіз жымиып, бас шайқады. Сосын қалтасынан алтын монетаны алды. Алтын монетаның бетіндегі Ресей императорының суреті күнге шағылысып жарқ ете қалды. Император суреті сәлден соң атасы Аллабергенге айналып сала берді. (Шегініс)

4. Ауғанстан. Тау етегіндегі кишлак. Шатыры жоқ қарапайым жер үй. Тәрде төсекте Аллаберген жатыр. Ауру, әл үстінде. Сақалы өңірін жапқан ақсары, шырайлы қария. Келіні бас жағына аяқпен сусын әкеліп қояды. Қария салалы саусақтарын созып немересін шақырады. Әзім 12-13 жас шамасында.

Аллаберген: Әзім, келші.

Әзім: (жанына келіп) Иә, ата...

Аллаберген: (көпшіктен басын көтеріп) Жақын отыр. (жан-жағына қарағыштап) Әкең қайда?

Девушка-кассирша(невольню рассмеявшись):
– Вот ваш билет.

Азим (получив билет): – Спасибо!

3. Каспийское море. Двигается пассажирский теплоход. Направляется в сторону Актау. Пассажиры - представители различных национальностей. Казахи, азербайджанцы, русские, дагестанцы... На борту судна различные сообщества: бизнесмены, криминальные группировки, простые люди. Кто-то читает газеты и книги, кто-то играет в карты. Слышна ресторанный музыка. Молодые девушки и парни танцуют без огляду. Азим взбирается на палубу и уединённо останавливается. Стоит в глубокой задумчивости. Уставился взглядом на волны, подталкивающие и сменяющие друг друга. Одна из чаек стремительно вонзается в воду по самую щиколотку. И тут же вылетает. В клюве её трепещет рыба. Удача. Завидев жертву в клюве, три-четыре чайки бросаются на удачливую охотницу, пытаюсь отобрать её корм. Азим молча улыбается и покачивает головой. Потом вынимает из кармана золотую монету. С блеском, отражая солнце, появляется портрет императора России. Этот портрет в глазах Азима меняется, принимая облик его деда Аллабергена.

(Отступление)

4. Афганистан. Кишлак у подножья гор. Обыкновенная землянка без водозащитной крыши. На постели лежит Аллаберген. Тяжелобольной. Светлолицый старец, половина лица которого покрыто густой бородой. Его невестка ставит у изголовья лежащего сосуд с напитком. Азиму 12-13 лет

Аллаберген: Азим, подойди.

Азим (приблизившись к нему): – Да, слушаю вас, дедушка...

Аллаберген (приподняв голову с подушки): – Сядь ближе. (Оглядываясь по сторонам) - Где твой отец?

Әзім: Совет әскерімен атысып жатыр. (Алыстан оқ даусы естіледі. Терезе сылдыр қағады)

Аллаберген: (бас изеп) Ым-м.

Әзім: Ішінде қазақтар да бар дейд.

Аллаберген: (терең күрсініп)

- Солай де... (көпшігінің астына қолын сұғады. Алтын монетаны алып шығады) Бай ауылы едік. Маңғыстауды жайладық. Конпеске келді. Жалаңдап қызыл әскер жетті.

Ауғанстанға қаштық. Жігіт кезім. Әкем бір сандық алтынды жасырайық деді. Жұмбақтаудағы (Аллабергеннің қолындағы алтын монета жарқ ете қалғанда бетінде өткен ғасыр оқиғасы көрініс береді. Аттылы, түйелі көш. Суыт жүріп келіп Жұмбақтауға тоқтауды. Үш-төрт жігіт шөгіп жатқан түйе үстінен сандықты көтеріп алады. Тау айналып кетеді. Үңгір қазып жасырады. Кері жолға шығады. Бұл таң атып келе жатқан кез) Күн көтеріле соңымыздан қуғыншылар жетті. Қызыл әскер. Сусын берші. (Әзім атасының бас жағында тұрған аяқты алып ұсынады. Атасы бірер мәрте жұтады).

Атыс басталды. Командирі – Айталы. Бала күннен бірге өстік. Оң бетінде қара меңі бар. Жас күнінен қызылшыл еді... (терең күрсінеді) Қырғын күн батқанша ұласты... (демігіп) Арғы жағын біліп қайтесің. (Алтын монетаны Әзімнің алақанына салып)

Татар дәмім таусыла келді. Саған аманат. Тап осындай бір сандық алтын Жұмбақтауда жатыр. Ата-баба байлығы. Ендігі иесі – сен. (Аяқ жағында жатқан етігінің оң сыңарын алады. Табанын қақыратып сөгеді. Одан карта шығады. Теріге сызылған). Мынау – картасы. (қолымен нұқып) Қазына міне, мына жерде. Картаға сақ бол. Тығып ұста! (сырттан атыс естіледі. Біреулер үй тұсынан қашып өтеді).

Азим: Воюет с советскими солдатами. (Издали слышена перестрелка. Дрожат стёкла окон)

Аллаберген (кивнув головой): - Ым-м.

Азим: Говорят, что среди них есть и казахи.

Аллаберген (глубоко вздохнув):

- Так, значит... (просовывает руку под подушку. Вынимает оттуда золотую монету). Были мы когда-то богатыми. Жили в Мангыстау. Наступила конфискация. В наши края алчно нахлынули «красные».

Бежали в Афганистан. Был я тогда молод. Отец мой сказал, чтобы мы зарыли сундук с золотом. В Жумбактау... (Когда в руках Аллабергена блеснула золотая монета, на лице его отразились воспоминания событий давно минувших дней. Кочевье, всадники на конях, навьюченные верблюды. Спешно двигаясь, добрались до Жумбактау, т.е. «Загадочных Гор». Три-четыре джигита, сняв с верблюда сундук, несут его в сторону горы. Огибают её. Вскопав яму, зарывают сундук. Выходят снова на дорогу. Время наступления утра). Как только появилось солнце, настигли нас гончие Красной Армии. Подай-ка напиток, Азим. (Азим подносит к его устам посуду с напитком. Дед его делает небольшой глоток).

Началась перестрелка. Командир их – Айталы. С детства росли вместе. На правой щеке его огромное родимое пятно. С молодости тянулся к красным... (глубоко вздыхает). - Бой длился до сумерек... (набрав новые силы) – Остальное тебе знать не нужно. (Вложив в ладонь Азима золотую монету)

Я уже отжил своё. Надежда теперь на тебя. Целый сундук точно таких же золотых монет зарыт в Жумбактау. Богатство наших предков. Теперь его хозяин – ты. (Взял в руки правый сапог, что валялся у ног. Разрезал подошву. Оттуда вытащил карту. Нарисованную на лоскутке кожи). – Вот эта карта (тыча в неё пальцем). - Казна вот здесь. Будь осторожен с картой. Спрячь и храни! (Снаружи слышена перестрелка. Кто-то пробежал мимо их дома).

Советтің сойқаны... (жаратпай) Аманат саған!
(көпшікке жата кетеді) Аманат!..

5. Кеме гудок беріп, дауыс шығарады. Ой қуалап кеткен Әзім селк ете түседі. Алдан Ақтау көрінеді. Теңізге иек сүйеп тұрған сүйкімді қала. Жолаушылар жиналып, көңілді қозғалысқа енеді. Палубаға кердең басып кеме капитаны көтеріледі. Маңғаз, айналасына менсінбей көз тігеді. Кішкентай қыз бала Әзімнің жанына келеді.

Қыз: Ақтауға келдік. (Әзім мейірленіп бас изейді). Папам күтіп алады.

Әзім: Сағындың ба?

Қыз: Иә. Қатты. Сені папаң күтіп ала ма? (Әзім бас шайқайды).

Шешесі: (әдемі жас келіншек) Айжамал, кел, кел жаныма. (қыз шешесіне жүгіре жөнеледі).

6. Ақтау. Шеткі көше. Көп қабатты үйдегі пәтер. Пәтер иесі 40-45 жастағы келіншек. Тегі – кавказдық. Үйдің бір бөлмесінде 5-6 нашақор отыр. Біреуі аузынан сілекейі ағып қалғып кеткен. Екіншісі сықылық атып күледі. Үшіншісі тамырына укол егіп жатыр. Төртіншісі жерде домалайды. Пәтер иесі күбірлеп ақша санайды. Ақ ұнтақтарды бөледі. Сырттан есік қағылады. Нашақорлар үрейлі. Пәтер иесі селк ете түседі. Қол телефонын көтереді. Күлімдеп қоя береді. Есік ашады. Жас жігіт ішке енеді. Екеуі сүйіседі. Келген жігіт нашақорларға адам екен деп қарамайды. Келіншекті мықынынан қытықтайды.

Советские псы... (недовольно). - Береги и сохрани! (Упав на подушку) - Сохрани!

5. Раздаётся резкий гудок теплохода. Азим, ушедший в свои думы, от неожиданности вздрагивает. Впереди показался Актау. Красивый город у побережья моря. Пассажиры высыпали на палубу, слышны возбуждённые и радостные голоса. На палубу, важно ступая, вышел и капитан судна. Напыщенно и пренебрежительно оглядывается по сторонам. К Азиму подходит маленькая девочка.

Девочка: Прибыли в Актау. (Азим утвердительно кивает головой) – Меня встречает папа.

Азим: Соскучилась по нему?

Девочка: Да. Сильно соскучилась. А тебя твой папа встретит? (Азим качает головой отрицательно).

Мать девочки (молодая красивая женщина): – Айжамал, иди, иди ко мне. (Девочка подбегает к матери).

6. Актау. Самая крайняя улица. Квартира в многоэтажном доме. Хозяйка квартиры женщина 40-45 лет. Кавказка. В одной из комнат сидят 5-6 наркоманов. Один из них спит, роняя слюны изо рта. Второй безумно хохочет. Третий вкачивает укол в вену. Четвёртый кувыркается по полу. Хозяйка квартиры считает деньги и что-то бурчит. Расфасовывает белый порошок в отдельные пакетики. Снаружи раздаётся стук в дверь. Наркоманы вскакивают от страха. Хозяйка квартиры вздрагивает. Зазвонил её мобильный телефон. Увидев отмеченный номер, она заулыбалась. Открывает дверь. Входит молодой парень. Они целуются. Вошедший даже не смотрит в сторону наркоманов, не считая их за людей. Щекочет ягодицы женщины.

Жігіт: Қашан ойнап-күлеміз?

Келіншек: (назданып) Сосын...

Жігіт: Оңаша аунап-қунаймыз ба?

Келіншек: (нашақорларды иегімен нұсқап) Сосын...

Жігіт: Сенің асау тақымыңды сағындым. (қойнынан ораулы зат шығарып ұсынады) Мә! Шеф берді. Бағасы бұрынғыша. Тездетіп тарат. (есікке беттеп) Хош. Хабарлас. (келіншек сиқырлана күліп қол бұлғайды. Бір нашақор сықылық атып күледі).

Есік қағылады. Ұсқыны қашқан бір әйел кіреді. Қалтырып-дірілдеп тұр).

- Бір доза. Құтқар...

Нашақор: (есіріп билеп) Давай бір доза! Сосын саламыз сайранды!

7. Қазақстанның Ішкі істер министрлігі. Министр мәжіліс өткізуде. Облыстық УВД басшылары, нашақорлыққа қарсы күрес департаменті қызметкерлері бас қосқан.

Министр: (ашулы) Отырыңыздар. Бүгін Президенттен сөгіс естіп шықтым. Республика көлемінде наркотиктің каналын жаба алмай қалдық. Бірін әшкерелесең екеуі өсіп шығады. (орнынан тұрып ілулі карта жанына келеді) Міне, қараңыздар. (таяқшаны қолына алып көрсетеді) Ауғанстан – Түркіменстан – Ақтау – Астрахан – Одесса одан Европаға өтетін канал. Екіншісі Ауғанстан – Тәжікстан – Қырғызтан – Алматы – Ресей қалаларына тартылған бағыт. Үшіншісі Шу алқабы. Одан да тарам-тарам жол шығады. (орнына келіп отырады). Білем, қылмыс әлемінің тұтқалары көп. Ашылатын есіктер де аз емес. Осыншама күшпен біз неге дәрменсізбіз?! Міне, мәселе қайда?

Парень: Когда займёмся любовью?

Женщина (зардев): - Потом...

Парень: Эх, покувыркаться бы интимно...

Женщина (указывая на наркоманов подбородком): – По-том...

Парень: Соскучился по твоим норовистым бёдрам. (Вытаскивает из-за пазухи свёрток чего-то и подаёт ей) – На. Шеф передал. Цена прежняя. Распространи быстро (направляясь к двери) – Пока. Свяжись со мной. (Женщина зычно хохочет и машет рукой на прощание. Один из наркоманов присоединяется к этому смеху своим безумным хохотом).

Снова стук в дверь. Входит женщина. На вид похожа на истасканную потаскуху. Дрожит всем телом.

- Одну дозу. Спаси...

Наркоман (очумело пляшет): – Давай дозу! Потом покажем кузькину мать!

7. Министерство внутренних дел Казахстана. Министр проводит совещание. На нём присутствуют руководство УВД областей, работники антинаркологического департамента.

Министр (сердито): – Садитесь. Сегодня получил взбучку от Президента. Мы не смогли перекрыть каналы наркотрафика в Казахстан. Рубишь одну голову, на её месте вырастают две. Вот, смотрите. (Берёт в руку указку и направляется к висящей карте) – Афганистан – Туркмения – Актау – Астрахань – Одесса. Канал далее тянется в Европу. Второй канал: Афганистан – Таджикистан – Кыргызстан – Алматы – российские города. Третье направление - Чуйская долина. От неё разветвляется целая сеть направлений. (Садится на своё место). - Знаю, у преступного мира много отмычек для замков. Немало и открытых дверей. Почему мы беспомощны, имея столько сил?! Вот где собака зарыта!

Полковник: Әйелдер құрсағына байлап, еркектер пакетикпен жұтып асқазанында алып өтеді. Шекарадан. Бәріне бірдей тосқауыл қою қиын.

Министр: (ашулы) Пакетик?! Тонналап кетіп жатыр, тонналап! Түсінесіз бе?

Генерал: Арамызда солармен сыбайласып жүргендер де аз емес. Ел-жұрт әлсін-әлсін дабыл қағып жатыр.

Министр: Алды сотталды. (бір папканы лақтырып) Қалғандарының тізімі мынада жатыр. Тексереміз. Айталиев тұрыңыз. Баяндаңыз.

Айталиев: Бұрын наркотик Түркіменстан арқылы бізге өтетін. Қара жолмен. Енді Ақтау портты қалаға айналды. Теңізбен қарым-қатынас орнықты. Сондықтан әрбір жолаушы, жүк кемелеріне, терминалдарға қатаң бақылау орнаттық. Нәтиже бар.

Генерал: Наркотиктің түр-түрі цыгандардың, кавказдықтардың, жергілікті мафияның қолында жүр. Сол ма, нәтиже?

Министр: (Айталиевке қарап) Бұған не айтасыз?

Айталиев: Осы іске тікелей жауапты орынбасарымды өзге адаммен алмастырайық дедім. Көнбедіңіздер. (Министр генералға сұраулы көзбен қабақ шыта қарайды)

Генерал: (қатқыл) Қорабаев өте білікті маман. Орнынан алып тастайтындай кінәсі жоқ. Қарауындағылармен тіл табыса білу керек, жолдас Айталиев!

Министр: (қабағын шытып) Келесі мәселе...

Полковник: Женщины прячут в интимных местах тела, а мужчины глотают пакетики и провозят их в желудках, минуя все пограничные кордоны. Всех подряд крышкой не накроешь.

Министр (возмущённо): – Какие пакетики?! Перевозят тоннами, тон-на-ми! Понимаете?

Генерал: корумпированных работников немало и среди нас. Народ возмущается и шумит.

Министр: Кое-кто уже осужден. (Берет в руки папку и кидает её на стол) – Список остальных здесь. Проверим. Айталиев встаньте. Дайте отчёт.

Айталиев: Раньше наркотики шли к нам через Туркмению. По степным дорогам. А теперь Актау превратился в портовый город. Связь наладилась и по морю. Поэтому мы установили строгий контроль за грузовыми и пассажирскими суднами, терминалами. Уже есть результаты.

Генерал: Все виды наркотиков прибрали к рукам цыгане, кавказцы, местная мафия. И это вы называете результатом?!

Министр (Глядя на Айталиева): - Что вы на это ответите?

Айталиев: Я предлагал заменить моего непосредственного по этим делам заместителя. Вы не согласились. (Министр буравит взглядом генерала).

Генерал (сухо и жестко): – Корабаев знающий своё дело работник. Нет у него вины, чтобы снять с работы. Надо уметь находить общий язык с подчинёнными, товарищ Айталиев.

Министр (нахмутив брови): – Следующий вопрос...

8. Түркіменстан. Шағын қала. Жүргіншілер. Оңаша шайханада наркотикпен айналысатын ірі мафия мүшелері бас қосады. Басшысы – Ата. Жасы 40-45-тер шамасында. Алып денелі. Мойнында алтын шынжыры, қос қолының ортан терегінде екі үлкен перстень. Маңғаз, тақабар бітім. Жанында бес-алты қосшысы.

Ата: (көк шәй ішіп) Бұрынғы канал жабылады. Өтпейді. Шекарада сатылмайтын бір қазақ пайда болды.

Қосшылары: Есебін табайық.

-Көзін жояйық.

-Рұқсат етіңіз.

Ата: (қабақ түйіп) Жоқ. Онымен проблема шешілмейді. Басқа әрекетке көшеміз.

Қосшылары: - Біз әзірміз. Айтыңыз.

Ата: Ақтаулықтар, Астрахань, Одесса асықтырып жатыр. (ойланып) Бір шал бар. Сосын қазақ жігіті. Есек, түйелер әзір. Бекташтан 100 шақырым жерден, елсізбен өткізу керек. Жұмбақтауға.

Қосшылары: Құп!

-Табылған ақыл.

-(Атаға қарап) Ауғандықтар күтіп жатыр?

Ата: (кейсті ашып көрсетеді. Доллар лық толған) Мә. Жеткіз. (кейсті ысырады) Сапасына сақ болсын!

9. Елсіз дала. Алыстан қара қарға ұшып бара жатады. Сауысқан шықылықтайды. Түркімен шал, қазақ жігіті үш-төрт түйе мен екі есектің жанында тұр. Жолсызбен екі «Ланд Крузер» машинасы келеді. Сегіз жігіт түседі.

8. Туркмения. Небольшой городок. Пешеходы. В уединённой чайхане проходит сходка крупных мафиозников-наркодельцов. Руководит всеми – Ата. Ему где-то 40-45 лет. Атлетического телосложения. На шее висит массивная золотая цепь, на средних пальцах обеих рук красуются огромные перстни. Важен, высокомерен. Рядом с ним пять-шесть его соратников.

Ата (Отпивая зелёный чай): – Прежний канал закрыт. Непроходим. На границе появился какой-то неподкупный казах.

Соратники: - Найдём ему цену.

-Уничтожим.

-Только дайте команду.

Ата (нахмурившись): – Нет. Этим проблему не разрешить. Поищем другие способы.

Соратники: - Мы готовы.

-Приказывайте

Ата: Актауцы, астраханцы, одесситы торопят нас. (Задумавшись)

- Есть один старик. Потом ещё один казахский джигит. Верблюды и ослы готовы. Проведут караван на 100 километров от Бекташа по безлюдным степным дорогам. До Жумбактау.

Соратники: - Отлично!

-Здорово придумано.

-(Глядя на Ату): – Афганцы уже ждут?

Ата (открыв кейс, показывает его содержимое. Он набит долларами):

- На. Доставь. (Пододвигает кейс) – Пусть будет осторожным при проверке качества товара!

9. Безлюдная степь. Издали пролетает ворона. Строчит голос сороки. Старик-турмен и казахский джигит стоят у каравана из трёх-четырёх верблюдов и двух осликов. По бездорожью подъезжают две автомашины марки «Ланд Крузер». Из них выходят восемь джигитов.

Біреуі – Ата. Ата үнсіз нұсқау беріп тұрады. Шал мен жігіт түйелерді шөгереді. Атаның қосшылары машинадағы жүкті түйелерге жүктейді. Түйелерді тұрғызады. Шал мен жігіт есегіне мінеді.

Ата: Түсіндіңдер ме? Қайтала.

Шал: Сырт көз үшін түйе қайырып келе жатырмыз.

Жігіт: Менттер ұстаймын десе, түйе біздікі емес. Қыдырып барамыз.

Ата: Қайда кездесеміз?

Шал: Жұмбақтаудың маңында.

Ата: Жол болсын. (автоматын көрсетеді) Мынаны ұмытпаңдар. Бір ауыз артық сөз – бастарың ұшады.

Жігіт: Түсіндік.
Шал мен жігіт түйелерді алдарына салып айдай жөнеледі.

10. Облыстық УВД бастығы Айталиевтың кабинеті. Тәрде - өзі.

Айталиев: (хатшысына) Қорабаевты шақыр. Ішке подполковник Қорабаев кіреді.

Қорабаев: Тыңдап тұрмын.

Айталиев: Отырыңыз. Кеше Баку арқылы кемемен бір қазақ жігіті келіп түсіпті. Есіттіңіз бе?

Қорабаев: (жайбарақат) Жоқ. Жолаушы көп. Қайсыбірін санап жүреміз.

Айталиев: (қатаң) Жәй жолаушы емес. Ауғанстаннан.

Қорабаев: (көзі бақырайып) - Ауғанстаннан?

Айталиев: Иә. Кім? Қандай мақсатпен келген? Анықтау керек.

Один из них – Ата. Он командует безмолвно. Старик и джигит укладывают верблюдов. Соратники Аты нагружают на них увесистые тюки. Поднимают верблюдов. Старик и джигит садятся на осликов.

Ата: Вы меня поняли? Повторите.

Старик: Для посторонних мы – погонщики своих верблюдов, которых искали и нашли.

Джигит: Если менты попытаются накрыть нас, то верблюды не наши. Едем в гости.

Ата: Где встречаемся?

Старик: У подножья Жумбактау.

Ата: Удачного пути. (угрожающе берёт в руки автомат) – Про это не забудьте. Одно лишнее слово – и тут же слетят ваши головушки с плеч.

Джигит: Поняли.
Старик и джигит погнали верблюдов впереди себя, сидя на своих осликах.

10. Кабинет начальника областного УВД Айталиева. Восседает на кресле он сам.

Айталиев (помощнику): – Вызови Корабаева. Входит подполковник Корабаев.

Корабаев: Слушаю вас.

Айталиев: Садитесь. Вчера на теплоходе из Баку прибыл какой-то казахский джигит. Знаете про это?

Корабаев (небрежно): – Нет. Пассажиров много. За всеми не уследишь.

Айталиев (строго): – Он не простой пассажир. Из Афганистана.

Корабаев (выпучив глаза): - Из Афганистана?

Айталиев: Да. Кто это? С какой целью прибыл? Надо выяснить.

Қорабаев: (кетуге қамданып) Құп. Рұқсат етіңіз.

Айталиев: Шошытып алмаңыз. Барыңыз.

Айталиев басын уыстап ойланып қалады.

11. Өзім теңіз жағалауында жәй басып келе жатыр. Ойлы. Жанында Алик. Жаңадан танысқан. Криминалға бейім, жолы болмай жүрген жігіт.

Өзім: (тоқтап, аққуларға қарап) Атым Алик дедің бе?

Алик: Қанша рет сұрайсың?

Өзім: Кешір. Құлаққа тосын.

Алик: Сонда Маңғыстауда туысқандарың жоқ па?

Өзім: Бұрын болған. Қазір жоқ.

Алик: Не іздеп келдің?

Өзім: Сағынып. Ата-бабам өскен жер.

Алик: Ауғанстанға мені алып кетесің бе?

Өзім: (күліп) Біз оралман боп келе алмай жүрсек.

Алик: Қалыңдығың бар ма?

Өзім: Бар.

Алик: Қазақ па?

Өзім: (бас шайқап) Пуштун қызы. Көрші тұрамыз.

Алик: (қуанып) Кешке достарымды шақырам. Таныстырам. Тойлаймыз.

Теңіз жағалап иір мойын аққулар жүзіп жүр. Ірілі-ұсақты кемелер өтіп барады. Қала тұрғындары суға шомылуда. Балалар доп ойнайды.

Корабаев (намереваясь покинуть кабинет): – Есть. Разрешите?

Айталиев: Не вспугните его. Идите.

Айталиев в задумчивости обхватил голову руками.

11. Азим медленно бредёт по берегу моря. Задумчив. Рядом с ним Алик. Только что познакомились. Юноша склонный к криминалу и живущий на случайные заработки.

Азим (остановившись и глядя на лебедей): – Сказал, что зовут тебя Алик?

Алик: Сколько раз можно переспрашивать?

Азим: Извини. Пусть ухо привыкнет.

Алик: Значит, у тебя родственников в Мангыстау нет?

Азим: Раньше жили. Сейчас нет.

Алик: А что ты здесь ищешь?

Азим: Тоскую по родине своих предков.

Алик: Заберешь меня с собой в Афганистан?

Азим (улыбаясь): – Когда мы сами не можем стать возвращенцами.

Алик: Невеста у тебя есть?

Азим: Есть.

Алик: Казашка?

Азим (отрицательно качая головой): – Пуштунка. Соседи наши.

Алик: (весело) – Вечером приглашу друзей. Познакомлю. Отметим.

Теңіз жағалап иір мойын аққулар жүзіп жүр. Ірілі-ұсақты кемелер өтіп барады. Қала тұрғындары суға шомылуда. Балалар доп ойнайды.

12. Одесса. Наркобаронның оңаша коттеджі. Аса әсем де бай тұрмыс көрініс береді. өзі креслода. Елегізулі. Қоңырау даусы естіледі.

Наркобарон: (түймені басып) Жіберіңдер. (өзі үшінші қабаттың биігінен екі кейс көтерген екі шетелдіктің жоғары көтерілгенін қарап тұрады. Орнына жайғасады. Екі аяғын журнальный столикке асып қойған.

Шетелдіктер келеді. Сағатына қарап, жымияды). Дәл уақытында, мырзалар. Жайғасыңыздар.

Шетелдік: Уәде. (көзін сығырайтып) Біз уәдемен және уақытпен жүреміз.- Келіссөзге әзірміз.

Наркобарон: (виски құйып қонақтарына ұсынады) Біз де.

Шетелдік: Тағы да бір тонна. Бағасы бұрынғы келісіммен.- (иегімен екі кейсті нұсқап) Дайын тұр. Тексеруіңізге болады.

Наркобарон: (күліп кейске үңіледі. Шетелдіктің бірі кейстің қақпағын ашады. Іші толы доллар. Сырт еткізіп кері жабады). Келістік, мырзалар. Товар Ауғанстаннан сәтті өтіп Түркіменстан арқылы Қазақстан территориясына келіп кірді. Біздің міндетіміз Астрахань арқылы Одессаға жеткізіп беру. Осымен аяқталады.

Шетелдік: (зымиянданып) Жыланды көріп қалған адам басынан ұстамайды. Білесіз. Құйрығынан ұстайды.

Наркобарон: Білем. Құйрығы кесіледі. Басы аман қалады. (үшеуі де күліп жібереді. Виски ішеді. Шетелдіктер машинаға отырады. Наркобарон орнына келеді. Көмекшісі пайда болады. Бір кейсті иегімен нұсқап). Өне. Ал. Сақ бол. Астраханда күт. Жеткізіп берсін. Уақыт он бес күн. Қазақтарға айт. Тездетсін.

12. Одесса. Уединённый коттедж наркобарона. Богатый и красивый интерьер. Сам он в кресле. Охвачен тревогой. Раздаётся звонок.

Наркобарон (нажав на кнопку): – Пропустите. (Сам же, стоя на третьем этаже, наблюдает сверху как по лестнице поднимаются двое иностранцев, несущих в руках кейсы. Садится на место. Вытянув ноги, положил их на журнальный столик.

Входят иностранцы. Смотрят на часы, улыбаясь) – Точно во время, господа. Располагайтесь.

Иностранец: Договор (прищурившись) – Мы всегда сверяемся по часам и по договору. Готовы выслушать условия.

Наркобарон (наливает виски и угощает гостей): – Мы тоже.

Иностранец: Ещё одна тонна. Цена по прежним договорам. (Указывая подбородком на два кейса) – Всё в порядке. Можете проверить.

Наркобарон (улыбаясь, устался на кейсы. Один из иностранцев открывает крышки кейсов. Они набиты долларами. Щелкая замками, снова закрывает): - Договорились, господа. Товар, успешно пройдя через Афганистан и Туркмению, благополучно проник на территорию Казахстана. Наша задача теперь доставить его через Астрахань в Одессу. На этом всё и завершится.

Иностранец (хитровато): – Человек, который ловит змею, не хватает её за голову. Знаете же. Вцепляется в хвост.

Наркобарон: Знаю. Хвост уже отрублен. Голова осталась цела. (Все трое дружно засмеялись. Выпивают виски. Иностранцы садятся в машину. Наркобарон занимает своё место. Появляется его помощник. Указуя на один из кейсов подбородком). - Вот. Возьми. Будь осторожен. Дождись в Астрахани. Пусть доставят. Время на всё – пятнадцать дней. Сообщи казахам. Пусть убыстрят доставку.

Көмекшісі: Айтқан бұйрығыңыз орындалады.
Наркобарон: Бар.

13. Айталиевтің кабинеті. Жалғыз. Ішке өзіне сенімді бір офицер кіреді. Полковник көңілденіп, күлімдеп қоя береді.

Айталиев: Не жаңалық?

Офицер: Екі күн бойы теңіз жағалап жүр. Бүгін қасына Алик деген пайда болды. Мәліметін таптырып алдым. Сүйкімсіз адам. Ұрлық үшін үш жылға отырған. Қазір бос. Екеуін не байланыстырады? Білмеймін.

Айталиев: (ойланып) Зерттей түс. Әйтеуір тегін жүріс емес. Қорабаев ше?

Офицер: Ол да объектіні бақылауда ұстауда.

Айталиев: Білдіртпе. Оңаша қимылда. Әлсін-әлсін хабарлап отыр.

Офицер: Түсінікті. Рұқсат етіңіз.

Айталиев: (бас изейді) Жақсы. (өзі картаның жанына келеді)

14. Түйе айдаған шал мен жігіт елсіз даламен келе жатыр. Үстінде жүк артылған, бұйдасы жоқ бос түйелер шалып оттап күйіс қайырады. Шал мен жігіт есек үстінде күнсіп келе жатыр.

15. Ата бастаған мафия мүшесі Бекташтағы шегараға екі джиппен келіп тоқтайды. Кеденшілермен сәлемдеседі. Түркімен жағына көп кідірмейді. Мафия мүшелері мен кеденшілер өзара құпия ымдасады да, өте кетеді. Ал, қазақ жағы өздерін де, машиналарын да жан-жақты тексереді. Кеден иті тіміскілеп ештеңе таппайды. Бұлар кеденнен өткен соң бұрылып жолсызға түседі.

Помощник: Приказ будет исполнен.

Наркобарон: Свободен.

13. Кабинет Айталиева. Один. Входит один из преданных ему офицеров. Полковник, обрадовавшись, заулыбался.

Айталиев: Какие новости?

Офицер: Уже два дня бродит по берегу моря. Сегодня рядом с ним появился какой-то Алик. Нашёл его данные. Сомнительный тип. Сидел три года за воровство. В данное время нигде не работает. Что из связывает? Не пойму.

Айталиев (задумчиво): –Выясни. Понятно, что всё это не просто. А Корабаев?

Офицер: Он тоже держит объект под наблюдением.

Айталиев: Действуй незаметно. Самостоятельно. Докладывай время от времени.

Офицер: Понял. Разрешите идти?

Айталиев (утвердительно кивает головой): – Хорошо. (Сам же подходит к карте.

14. Погонщики верблюдов, старик и джигит, едут по безлюдной степи. Навьюченные грузом верблюды, освобождённые от привязей, едят на ходу траву и жуют её безостановочно. Старик и джигит, обжигаясь на солнце, плетутся на своих осликах.

15. Мафиозная группировка, возглавляемая Атой. Подъезжают к границе возле Бекташа на двух джипах. Останавливаются. Приветствуют пограничников. На туркменской стороне долго не задерживаются. Члены мафии, подав пограничникам тайные знаки, проезжают без досмотра. А вот казахская сторона стала тщательно досматривать и их самих, и их машины. Пограничная собака, вынюхав всё, ничего не обнаруживает. Как только они проехали пост, так тут же сворачивают в безлюдную степь.

Шаң көтеріп жүреді. Ата көзіне бинокль салады. Алыстан бұлдырап түйелер, есекті шал мен жігіт көрінеді. Ата көңілденіп сала береді.

16. Оңаша пәтер. Музыка төгіліп тұр. Пәтерде оншақты қыз-жігіт. Өзімнен өзгесі шала мас. Құтырынып билеп жүр. Өзімді бәрі қолқалап ортаға алып шығады. Бір әдемі қыз мойнына асылады. Алик рюмкамен арақ әкеледі. Әдемі қыз қиылып ернінен сүйеді. Ақыры Өзімге арақты ішкізеді. Өзім көңілденеді... Ретін тауып Өзім Аликті кухняға алып шығады. Сырын ақтарады.

Өзім: Алик, саған сеніп сыр айтайын.

Алик: Дайынмын.

Өзім: Сен маған Жұмбақтауды көрсетесің бе?

Алик: (ойланып) Жұмбақтау? Естуім бар. Алыста шығар.

Өзім: Білмеймін.

Осы кезде Өзімге қырындап жүрген әдемі қыз келеді. Қолында арақ, рюмка бар. Өзімге, сосын Аликке арақ ішкізеді.

Қыз: Жүріңдер, билейміз. Қонақ?..

Алик: Қоя тұр, Әсем, сен Жұмбақтауды білесің бе?

Қыз: Жұмбақтау? Білем, әрине. Бекет Атаның жолында. Әдемі тау.

Алик: Рас па?

Өзім: Иә. Атам солай деген.

Алик: Бізді соған алып барасың ба?

Қыз: Апарам. Ақысы?

Өзім: Ақысы? Әрине.

Алик: Онда ертең жүреміз.

Едут, поднимая пыль до небес. Ата смотрит в бинокль. Увидел издали смутные силуэты верблюдов и старика с джигитом на осликах. Ата едет уже с приподнятым настроением.

16. Отдельная квартира. Льётся музыка. Тусуется десяток парней и девушек. Все, кроме Азима, хмельные. Танцуют, словно на шабаше ведьм. Все пытаются втащить Азима в середину круга. Красивая девушка вешается ему на шею. Алик подносит рюмку с водкой. Красивая девушка настойчиво целует Азима в губы. Всё же заставляют его выпить. Азим развеселился... Подбрав удобный случай, он вызывает Алика на кухню. Начинает делиться своими тайнами.

Азим: Алик, веря тебе, хочу открыть тайну.

Алик: Я готов.

Азим: Ты мне покажешь Жумбактау?

Алик (задумавшись): Жумбактау? Слышал. Наверное, далеко.

Азим: Не знаю.

В это время подходит девушка, равнодушная к Азиму. В руках водка, рюмки. Заставляет Азима и Алика выпить.

Девушка: Идёмте, потанцуем. Гость?..

Алик: Подожди, Асем ты знаешь, где находится Жумбактау?

Девушка: Жумбактау? Знаю, конечно. По дороге к мавзолею Бекет Ата. Красивая гора.

Алик: Правда?

Азим: Да. Дед мне так говорил.

Алик: Ты отвезёшь нас туда?

Девушка: Отвезу. Вознаграждение?

Азим: Вознаграждение? Разумеется.

Алик: Тогда выезжаем завтра.

Үшеуі топқа қосылады. Жалаңаш қыздардың биі басталады. Жарық өшіп-жанып тұр. Музыка күшейе түскен.

17. Одессалық наркобаронның көмекшісі. Машинада келе жатып телефон шалады.

Көмекші: Алло, бұл – мен. Екі күнде жетем. Дәрі қолымда.

Ата: Екі күнде? Келістік. Біз әзірміз. (Ата сол жерде Ақтаулық делдалға қоңырау шалады). Жасик, бұл – мен.

Жасик: (телефон көтеріп) Білемін. Дәрі қолыма тисін. Кездесеміз.

Ата: Қалғанына мен жауап бермеймін.

Жасик: Уайымдама.

Ата: Орны – бұрынғы тау.

Жасик: Түсінікті.

Ата көзіне қайтадан бинокль апарды. Түйелер, есек мінген шал мен жігіт бұлдырап көрінеді. Олар Жұмбақтауға қарай кетіп барады.

18. Айталиевтің кабинеті. Полковник пен Қорабаев тұр.

Қорабаев: Жолдас полковник, ауғанстандық қонақ бүгін таңертең Жұмбақтауға бет алды. Үш адам. Ата бастаған топ екі джиппен олар да сол бағытта жылжып келеді. Демек, ауғанстандық қонақ бұл каналды ұйымдастырушы. Белгілі болды.

Айталиев: Сіз солай ойлайсыз ба?

Қорабаев: (өрікпіп) Дәл солай. Бәрінің ұйытқысы Әзім. Қазір Әзім мен Атаның тобын тұтқындауға рұқсат етіңіз. Сосын мойындатамыз.

Айталиев: Бақылай түсу керек. әлі піскен жоқ. Шікі. Шыдаңыз.

Все трое присоединяются к толпе. Начинается танец обнажённых девушек. Свет в комнате мелькает, то угасая, то загораясь. Музыка усиливается.

17. Помощник одесского наркобарона. Едет на машине, звонит по телефону.

Помощник: Алло, это - я. Буду через два дня. Лекарство со мной.

Ата: Через два дня? Договорились. Мы готовы. (Ата тут же звонит актаускому посреднику): - Жасик, это – я.

Жасик (беря трубку): – Знаю. Пусть лекарство попадёт ко мне в руки. Встретимся.

Ата: За всё остальное отвечаю я.

Жасик: Не переживай.

Ата: Место встречи – та же гора.

Жасик: Понял.

Ата снова смотрит в бинокль. Увидел те же смутные силуэты верблюдов, старика и джигита. Они направляются в сторону Жумбактау.

18. Кабинет Айталиева. В нём сам полковник и Корабаев.

Корабаев: Товарищ полковник, афганский гость направился сегодня утром в сторону Жумбактау. Трое их. Группировка во главе с Атой тоже направляется туда на двух джипах. То есть афганский гость - организатор этого канала. Стало понятно.

Айталиев: Вы так думаете?

Корабаев (возбуждённо): – Так точно. Все нити тянутся к Азиму. Дайте приказ о задержании Азима и группировки Аты. Потом заставим признаться.

Айталиев: Надо понаблюдать, дело ещё не созрело. Потерпите

Қорабаев: (дауласып) Не шыдайтыны бар. Әйтпесе айырылып қаламыз.

Айталиев: (сабырлы) Айырылмаймыз. Тек көз жазбаңыздар.

Қорабаев: (ызалы) Айтпады деменіз...

Ол шығып кетісімен кабинетке Айталиевтың сенімді офицері кіреді.

Айталиев: Баяндаңыз.

Офицер: Менің ойымша Әзім басқа мақсатпен келіп жүр. Әзірге құпия. Ал, Ата ақтаулықтармен жүздесуі керек. Ақтаулықтар болса Ресей асырмақ. Одессадан шетелге. Сондықтан жолаушы кемесіне, барлық кеденге қатаң бақылау орнаттық. Үнемі байланыста болады.

Айталиев: (ойланып) Дұрыс. Қолға куәмен, заттай айғақпен түссін.

19. Қорабаев кабинетіне келіп МВД-ға телефон шалып отыр.

Қорабаев: Алло, генерал мырза, бұл мен.

Генерал: Ә, Қорабаев амансың ба?

Қорабаев: Аман. Сізге айттым ғой, түркімен мафиясы мен ауғанстандық наркобаронның бірлескен қылмысының ізіне түстім деп. Дер кезінде ұстайын десем, Айталиев рұқсат бермейді. Көз алдымызда кетіп барады. Не істесем? Ақылшым Сіз.

Генерал: (ойланып) Дәлелің мықты ма?

Қорабаев: Тапжылтпаймын.

Генерал: Айталиев министрге арқа сүйеп құтырып бітті. Тұра тұрсын!

Қорабаев: Сөйтіңізші.

Корабаев (споря): – Сколько можно терпеть. Иначе упустим.

Айталиев (сдержанно): – Не упустим. Только не теряйте из виду.

Корабаев (сердито): – Потом не говорите, что не предупреждал...

Как только он вышел, в кабинете появляется преданный полковнику офицер.

Айталиев: Докладывайте.

Офицер: По-моему, Азим прибыл с другой целью. Пока это тайна. А, вот Ата должен встретиться с актауцами. А актауцы должны переправить в Россию. А из Одессы – в дальнее зарубежье. Поэтому на всех пассажирских судах, блок-постах установили жёсткий контроль. Все будут на постоянной линии связи.

Айталиев (призадумавшись): – Правильно. Пусть попадутся в руки с товаром и при свидетелях.

19. Корабаев, прибыв в свой кабинет, звонит в МВД.

Корабаев: Алло, господин генерал, это я.

Генерал: А, Корабаев, жив, здоров?

Корабаев: Здоров. Я же вам говорил, - напал на след объединённой мафии туркмен и афганских наркобаронов. Хотел тут же задержать их, да Айталиев не даёт разрешения. Потеряем их на глазах. Что мне делать? Вы мой единственный советник.

Генерал (пауза задумчивости): – Доказательная база основательна?

Корабаев: Не беспокойтесь.

Генерал: Айталиев, опираясь на министра, совсем обнаглел. Пусть пока посидит на своём месте!

Корабаев: Правильно говорите.

Генерал: Осы жолы оңбай бір сүрінер. Мафиядан гөрі соның өзін бақ.

Қорабаев: (көңілденіп) Сеніміңізге рахмет! Түсіндім, генерал мырза.

20. Ақтау – Жаңа өзен жолы. Иномарка асығыс келеді. Рульде - Әсем. Жанында - Әзім. Алик артқы орындықта. Соңында бір машина еруде. Бұл полиция қызметкерлері. Жаңа Өзеннен өтіп Бекет атаның жолына түседі де Әзімдер мінген машина тоқтайды.

Әсем: (керіліп) Ұзақ жол.

Әзім: Жұмбақтау осы маңда ма?

Әсем: Алдымызда.

Алик: Қазір келеміз.

Әсем: (Әзімге еркелеп) Жұмбақтауды көру үшін ғана барасың ба?

Алик: Шыныңды айтшы?

Әзім: (ойланып) Міне, (қалтасынан алтын монетаны шығарады. Ол күнге шағылысып жарқ еткенде бетінде ескі дәуір көрінісі шығады. Сандық толы алтын тауға жасырылып көміліп жатыр) – Мұның ендігі иесі мен. Мұны көріп Алик шексіз қуанышқа бөлінеді. Ал, Әсем болса, жымыып езу тартады.

Алик: (абдырап) Қалай табамыз, қалай?

Әсем: Қиын.

Әзім: Табамыз. Міне картасы. (картада тау көрінісі, т.б. белгілер сызылған). Осымен. Осы кезде арттағы еріп келе жатқан машина бұларды басып озады.

Әзім: (елеңдеп) Кімдер?

Алик: (қолын сілтеп) Жәй жүргіншілер.

Генерал: На этот раз он серьезно споткнется. Следи за ним пуце, чем за мафией.

Корабаев (повеселев): – Спасибо за доверие! Понял Вас, господин генерал.

20. Трасса Ақтау – Новый Узень. Мчится иномарка. За рулём – Асем. Сбоку – Азим. Алик сидит на заднем сиденье. За ними движется ещё одна машина. Это – сотрудники полиции. Проехав Новый Узень и повернув на дорогу, ведущую к мавзолею Бекет Ата, машина Азима и его спутников останавливается.

Асем (потягиваясь): – Долгая дорога..

Азим: Жумабактау недалеко отсюда?

Асем: Впереди.

Алик: Скоро доедем.

Асем (прильнув к Азиму): – Ты едешь, чтобы только посмотреть на Жумбактау?

Алик: Скажи правду.

Азим (после раздумья): – Вот, (вынимает из кармана золотую монету. Когда он блеснула на солнце, на ней появляются эпизоды давно минувших дней. Сундук, наполненный золотыми монетами, зарывается тайно в землю). - Теперь я – хозяин всего этого. Увидев это, Алик не может скрыть свою радость. А Асем хитровато улыбается.

Алик (растерянно): – Как теперь найдём?

Асем: Трудно будет.

Азим: Найдём. Вот карта. (На карте рисунок горы, отмечены и другие знаки). - По ней.

В это время машина, следовавшая за ними, совершает обгон.

Азим (озираясь по сторонам): – Кто такие?

Алик (махнув рукой): – Да, просто путники.

Әсем: Бекет атаға тәу етушілер.

Алик: Берші, картаны көрейін. (қолына алады)
Да, ақылды шалдар. Тапсақ қанша проценті біздікі?

Әзім: Екеуіңе елу-елуден жүз монета берем.

Алик: (ойланып): - Келістік. (алақан соғысады).

Әсем: (әзілдеп) Маған қажеті жоқ. Әзім, мен өзіңді алам. Сонда бәрі менікі болады.

Үшеуі мез боп күліседі.

21. Айталиев машинаға мінгелі жатады. Сенімді офицері асығыс жетеді.

Айталиев: Жай ма?

Офицер: (сыбырлай сөйлеп): - Жай емес, жолдас полковник, Қорабаев асығыс Жұмбақтауға аттанып кетті. Қарулы.

Айталиев: (кіжініп) Бәрін бүлдірмесе нетті.

Офицер: Қандай тәртіп бересіз?

